Ендеше, XIX-XX ғасырлар шегінде лирикалық цикл деп жалпы өмірге деген көзқарасты білдіретін («ішкі жан дүние поэмасы», «поэтикалық идеология», «роман» немесе өлең түріндегі «трактат»), автордың көркем дүниесінің еркіндігін көрсететін өзара тығыз байланысқан өлеңдер жиынтығын түсіне бастайды.

XX ғасырдың екінші жартысындағы зерттеушілер (В.А. Сапогов, И.В. Фоменко, М.Н. Дарвин, С.Д. Абишева) [2, 3, 4, 5] лирикалық циклды тақырыбы жағынан топтасқан өлеңдер мен поэма арасындағы жаңа жанр, авторлық контекст ретінде қарастырады. Бұлардағы өлеңдер бірлігі автордың ойы арқылы анықталады, ал жеке өлең мен циклдың ара қатынасын элемент пен жүйе арасындағы байланыс ретінде қарастыруға болады. Циклдың міндетті белгілерінің бірі ретінде автордың циклға берген атауын және бірнеше басылымдағы мәтіннің тұрақтылығын атауға болады. Әдебиеттанудағы күрделі мәселе – көркем циклдың тұтастығы жайындағы мәселе. Циклды ішкі мазмұны жағынан тұтас болып табылатын дербес көркем шығармаға ұқсайтын дүние ретінде қарастыруға бола ма деген сұраққа біржақты жауап беру мүмкін емес. Себебі цикл дегеніміз түрлі сападағы көп қырлы құбылыс. Олардың біреулері тұтас шығарма түрінде көрінсе, екіншілері – еркін топтасқан дүниелер. Автордың мақсатына байланысты болып келеді.

Көркем циклдық форма мен жеке әдеби шығарманың тұтастығы бірдей емес. Циклдағы жеке шығарма әдеби шығарманың бөлімдерімен тепе-тең деуге болмайды. Әдеби шығарманың бөлігі үзінді немесе фрагмент түрінде ғана шығармадан тыс өмір сүре алады. Ал цикл құрамындағы жеке шығармалар өз дербестігін, көркемдік статусын циклдан тыс жағдайда да сақтай береді. Сондықтан циклдық форманың тұтастығы оның құрамындағы көркем шығармалардың тұтастығына негізделеді. Циклдық форманың тұтастығы оны құрайтын элементтердің тұтастығын сақтай отырып жасалады. Бұдан циклдың бөліктерінің (жеке өлеңдердің) және жалпының (жалпы циклдың) тепе-теңдігін байқауға болады. Циклдың тұтастығы оны құрайтын элементтердің құрылымдық дербестігі деңгейіне тікелей тәуелді. Сондықтан контекстегі әр өлеңнің дербестік тұтастық сияқты маңызды белгі болып саналады.

Циклдың тұрақты, қалыпты, бізге «белгілі» жанрларының, белгілерінің жоқтығы циклдық форманың табиғатын анықтауда қиындық туғызатын жағдай. Циклдық форма көркем шығармалардың жиынтығы болғандықтан, ірі жанрлық формаларға жатады. Сондықтан ол түрлі жанр, мәселен, поэма, роман элементтерінің пайда болуына жол береді. Бұл соңында аталған жанрлардың таза бір түрінде жазуға болмайтынын көрсетеді. Кейбір зерттеушілер көркем циклды жанр емес, құрамындағы элементтері түрлі көркем әсер беретін көркем жүйе деп санайды. Осыған байланысты зерттеуші А.В.Михайлов Гетенің «Батыс-шығыс диваны» («Западно-восточный диван») туралы былай жазады: «Шығарманы құрайтын мәтіндер арасындағы ішкі байланыстың түрлерін толық анықтау мүмкін емес, себебі ол байланыстар әрбір оқу актісі сайын жаңадан көрініп отыруы қажет. Гете шығарманың жалпы идеясын көрсетуді де назардан тыс қалдырмаған» [6, 172].

Сонымен, циклдық форма дегеніміз жеке шығармалар шегінде пайда болатын, жалпы идеямен байланысты, көркем тұтастықтың динамикалық бейнесін жасайтын форма.

Циклдар авторлық және авторлық емес деп бөлінеді. Авторлық (алғашқы) деп жеке шығармалар мен жалпы цикл авторларының бір адам болуын айтамыз. Авторлық емес (екінші) циклда жеке шығармалар авторы мен барлық циклдық құрылым авторы бір адам болмауы мүмкін. Әдебиет тарихында авторлық емес циклдар оқырмандардың қатысуымен (жазушылар, әдеби сыншылар) жасалған кездері де бар.

Авторлық емес циклдардың тағы бір тобын «жинақталмаған» деп аталған циклдар құрайды. Олар кейбір ақындар шығармашылығында биографиясына байланысты топтасқан дүние түрінде көрінеді.

Циклдың аталған түрлерінің әрқайсысының жасалу принциптері мен мүмкіндіктері бар. Авторлық циклдар тұтас болып келеді. Кейде олардың құрамындағы шығармалар арасындағы байланыс оларды ірі лирикалық формадағы шығармаға, ірі поэтикалық жанрларға жақындата түседі.

Цикл құрамындағы жеке шығармалар байланысы мен олардың байланысу реті, тәртібі шешуші рөл атқарады. Циклдық форманың ішкі құрылымы монтаждық құрылымға жақын. Монтажды эффектінің мағынасын С.Эйзенштейннің формуласы түсіндіреді: 1+1>2. Көркем циклдың мәні бір шығарманың екінші шығармамен байланысу шегінде туындайды.

Циклданудың түрлі құбылыстары халық ауыз әдебиетінде кең тараған. Көптеген фольклорлық шығармалар циклдық құрылымды болып келеді. Мысалы, әдеп-ғұрып поэзиясы табиғи құбылыстардың ритмін көрсететін цикл. Көркем циклданудың түрлі құбылыстары өнер дамуының алғашқы сатыларында пайда болады. Уақытты архаикалық сезіну антикалық әдебиетте, орта ғасыр және Өрлеу дәуір әдебиетінде көрініс тапқан.

Еуропа әдебиетіндегі лирикалық циклдар Рим элегиктерінің Катулл, Проперций, Тибулл, Овидий шығармашылығынан көрінеді.

Өрлеу дәуірінде – Петрарканың шығармашылығында («Канцоньере кітабы»), В. Шекспирдің сонеттер циклы. Жаңа дәуір поэзиясында поэтикалық циклдарды Гете, Новалис, Шамиссо, Ленау, Гейне, Блейк, Гюго, Бодлер, Верлен шығармашылығында кездестіруге болады, ал ХХ ғасыр поэзиясы үшін циклдану шығармашылық нормасы болып табылады.

Алдымен өлеңдер жанрлық принцип бойынша жинаққа кіреді. Бундай жинақты лирикалық циклдың жанрлық формасына қарай жасалған алғашқы қадам деп санауға болады. Кейін циклданудың жаңа хронологиялық принципі пайда болады. Өлеңдерді лирикалық цикл құрамына енгізе отырып, суретші лирикалық кейіпкердің ішкі дүниесінің динамикасын көрсете алады. Осылайша «күнделік» сипатындағы циклдар пайда болады. Махаббат лирикасы циклға күнделік түрінде кіреді. Оларда өлеңдердің жазылған күні мен айы көрсетіледі. Өлеңдер лирикалық кейіпкердің ішкі сезімдерін көрсететін қысқа түрде келеді. Хронологиялық принцип цикл құрудағы бір ғана принцип емес. ХХ ғасырдың басынан циклдауға бұл принцип қосымша принцип ретінде қолданыла бастайды.

ХХ ғасырдың басындағы орыс ақыны А. Белый цикл құрамындағы өлеңдерді хронологиялық тәртіппен түзу циклдың жанрлық табиғатын анықтай алмайды деп санайды. А.Блоктың лирикалық цикл құрудағы хронология мәселесін қарастыру барысында қазақстандық зерттеуші А.Э.Зелинский хронологиялық тәртіпті бұзуды «ахрондық» деп атайды. Оның айтуынша, ахрондық – кездейсоқ құбылыс емес, ол цикл құрудағы өзін көрсеткен принцип [7].

Сонымен, ХХ ғасырдың басындағы әлем поэзиясында бұрыннан келе жатқан хронологиялық принциппен қатар ахрондық («минус-принцип») принцип те қолданыла бастайды. Кейбір ақындар өз өлеңдерін мүлдем даталамаған. ЛЦ құру барысында хронологияға деген нигилистік көзқарас болған.

Негізінде хронологиялық принцип жатқан құрылымдардың түрлі принциптері ЛЦ жанрлық формасының түрлі жолдармен жасалғандығын көрсетеді. ЛЦ құрамында әр өлеңнің өз орны болады, оның орны жазылған уақытына қатысты емес. Бірақ ЛЦ құрамындағы өлеңдер лирикалық сюжеттің негізін құрайтын ішкі хронологияға бағынады.

Лирикалық шығармаға қатысты айтылатын «сюжет» түсінігі туралы да бірізді пікір жоқ. Зертеушілер лирикалық шығармалардың сюжеті болмайды деген пікірді ұстанады. Бірақ қазіргі кезде зерттеушілер лирикадағы сюжетті мойындап, «лирикалық сюжет» деген түсінікті қолданып жүр. Лирикалық сюжеттегі оқиға – сезім, оның дамуы.

ХХ ғасырдың басындағы поэзия дәурінің көрінісі әр түрлі. XIX ғасырдан бастап поэзия тіліне прозаизмдердің кіру үдерісі байқалады. Поэзия стилінің прозаға айналуы, зерттеушілердің көрсетуінше, өлең жанрының романдануына әкеліп соқты. Д.М. Магомедова [8] ХХ ғасырдың басында лирикалық өлеңдер сыртқы жанрлық, стильдік түрден лирикалық жанрдың ішкі терең түріне ауысқанын айтады. Бұл процестің негізгі белгісі – прозаикалық сюжеттің лирикалық фрагментке айналуы. Бұндай фрагментте эпостың родтық ерекшіліктері сақталады. ЛЦ дегеніміз эпикалық родтың кейбір белгілері мен лирика жанрының қосылуы. Ендеше, лирикалық цикл аралық жанрға жатады. Лирика үшін оқиға мен лириканың ара-қатынасы тән.

В.А. Сапогов [2] ЛЦ сюжеттің берілу механизмі туралы жазады. ЛЦ тұтастығы өлеңдерді лирикалық сюжеті арқылы топтастыру нәтижесінде жүзеге асады.

Сонымен, ЛЦ сюжет жасау жағынан күрделілігімен сипатталады. Циклдың сюжеті бірнеше деңгейлі болады:

1. Көркем циклдың хронологиясы мен датасының қызметі маңызды болып келеді. Олар шығарманың жазылу уақытын білдіріп қоймайды, құрылымына да әсер етеді. Сондықтан хронология – лирикалық циклдың сюжет

жасау компоненттерінің маңызды бөлігі болып табылады.

2. Циклдағы келесі, негізі, сюжет жасайтын компонент – жеке өлеңдердің сюжеттерінің бірігуі. ЛЦ ситуациялар мен оқиғалардың байланысу механизмінің күрделілігі деңгей ішіндегі сюжеттің құрылымдық көпқұрамдылығын анықтайды. Құрамына лирикалық сюжет пен оқиғалық сюжеттер араласып кіре алады.

3. ЛЦ сюжетін жасаудағы үшінші деңгей – семантикалық деңгей циклдың тілдік ерекшіліктерінен көрінеді[9].

Демек, циклдың сюжеті эпикалық реттілікке бағына отырып, лирика шекарасынан шықпайды.

Көркем уақыт пен кеңестік лирикалық цикл құрудағы маңызды компоненттер болып табылады. Көркем уақыт пен кеңістік циклдың басқа компоненттерінің нақтылана түсуіне орай қызметін арттыра түседі. Ақын шығармашылығындағы историзм цикл жасау үрдісін күшейте түседі. ЛЦ нақты уақыт пен кеңістік бұл жанрлық форманың аяқталғанын көрсетеді, себебі цикл лирик ақынның эпикалық формаларды іздестіруін білдіреді.

ЛЦ ұқсайтын жанрлық форма – кітап. Өлеңдер кітабы жеке жанр ретінде ғалымдар арасында бірден «танылған» жоқ. Бұған М.Н. Дарвиннің еңбектері дәлел бола алады. Ол кітап («кітапша») туралы былай жазады: «Циклдар ақындардың өз шығармашылығын өлеңдер кітабы немесе поэтикалық жинақ ретінде көрсетуінің нәтижесінде пайда болады. Бұндай циклдар құрамындағы өлеңдердің өзара байланысы тығыз болмағанымен, оларды цикл қатарына жатқызуға негіз бар» [4, 72]. 1995 жылғы «Лирикадағы цикл құру» атты докторлық диссертациясында ғалым бұл түсініктерді бір-бірінен ажыратып, оларды жеке-жеке қарастырады. Дегенмен, кітап циклдық құрылымдардың құрамындағы «буын» түрінде көрінеді. Бұндай көзқарас цикл мен кітаптың арасындағы генетикалық байланысынан туады. Екі жанрдың екеуі де бір ғана құбылыстың әдеби, эстетеикалық мазмұны бар циклдың түрлері болып табылады.

Цикл мен кітаптың ұқсастығы – белгілі бір контекстің, түрлі жанрлық шығармалардың негізіндегі жаңа жанрлық бірліктің жасалуында. Цикл мен өлеңдер кітабының осы ерекшелігі олардың синоним ретінде қолданылуына итермелейді. Олардың ара-жігін ашу үшін, ең алдымен, «цикл» сөзінің қолданылу мағынасын айқындап алу қажет. Бұл түсініктің тар мағынасы – жанрдың атауы ретінде, немесе кең мағынадағы жалпы циклдық форманың атауы ретіндегі қолданысын ажырата білуіміз қажет.

Біріншіден, ЛЦ мен өлеңдер кітабының арасындағы айырмашылық автор идеясының берілу жолдарында. Цикл, өлендер кітабымен салыстырғанда, екі түрлі жолмен құрылады: 1. циклдың алдын-ала бір тақырыпқа негізделуі (М.Н. Дарвиннің анықтауынша, «алғашқы цикл»); 2. циклдың әр уақытта жазылған өлеңдерден құрылуы («екінші цикл»). Ал өлеңдер кітабы екінші жолмен ғана құрылады. Ақын өлеңдер кітабы жазбайды, құрастырады. Бірақ бұл қарапайым редакторлық құрастыру емес, өлеңдерді көркем кітапқа жанақтау процесі, шығармашылық процесс. Кітап құрастыру идеясы белгілі бір тұтас эстетикалық концепцияға ұласатын ойлардың, идеялардың көбейген кезінде туындайды. Осы жерден оның циклдан екінші, яғни мерзімі, шығармашылықтың қорытындысы жағанан айырмашылығы пайда болады. Өлеңдер кітабы мәні жағынан ақынның әдеби өміріндегі шығармашылығының белгілі уақыт ішіндегі нәтижесі (рухани және заттанған) болып табылады. Бұны кітаптың баспа дүние ретінде дүниеге келуі дәлелдей түседі. Бұл тұрғыдан алғанда цикл өлеңдер кітабының тұтас концепциясын құрайтын буын ретінде қарастыруға келмейді.

Үшінші екеркішілігі –циклдың/кітаптың құрамы мен құрылымы. ЛЦ құрамына өлеңдер кіреді. Кітаптың құрамына өлеңдер ғана емес, циклдар, бөлімдер, тараулар кіруі мүмкін. Демек, цикл өлендер кітабының бір бөлігі ретінде қарастырылады. Ендеше, бұл екі түсінік өзара жалпы және бөлшек түрінде болда алады. Кітаптың композициялық құрылымы циклға қарағанда күрделі болып келеді. Ол тематикалық контраст немесе тематикалық ұқсастығы бойынша құрылады (цикл үшін де, кітап үшін де өлеңдердің өзара байланысы – ассоциялық принцип тән). Циклдық формалардың айырмашылығын көрсететін төртінші белгі – баяндау предметі. Цикл әлімнің бір жағын немесе сезімдік толқуларды суреттесе, кітап болмыстың түрлі құбылыстарын толық көрсетеді. Кітаптың идеялық-тақырыптық мазмұнының ауқымы кең, себебі циклға моноидеялық, монотематикалық тән. Егер циклды белгілер құрылымы түрінде қарастырсақ, ол әлемнің бір бөлігінің орнына жүреді. Ал кітап жалпы әлемнің орнын баса алады.

Қазіргі әдебиеттану ғылымында кітаптың жанрлық табиғаты күмән тудырмайды. Бірақ өлеңдер кітабының жанр түріндегі терминдік аталуы тұрақсыз.

И.В. Фоменко [5] өлеңдер кітабын жанр деп атағанымен, өзара байланыстағы жеке өлеңдердің бірлігі ретінде түсінеді. Қазіргі кезде өлеңдер кітабына қатысты жанр деген түсінік бекімеген. Кітапты «метажанр» деп атайды.

Өлеңдер кітабы – лирикадағы метаструктуралық жанрлық құрылым. Кітаптың жанрлық белгілері оның авторлық құрамы мен құрылымы. Өлеңдер кітабын жанр ретінде тану үшін көркем тұтастық критерийі негізгі рөл атқарады. Басқа жанрлар сияқты, кітап та автор түсінігіндегі әлемнің көркем бейнесін (моделін) көрсетеді.

Өлеңдер кітабы жинақтан автордың әлемдік көркем концепциясының эстетикалық жағынан жүзеге асуы арқылы айрықшаланады. Өлеңдер кітабы жеке жанр ретінде ғалымдар арасында бірден танылған жоқ.

Сонымен, көркем сананы күрделлендіру XX ғасырдың басында күрделі формаларға негізделеді, солардың бірі – лирикалық цикл. Цикл мәселесінің пайда болғанына аз уақыт өтсе де, циклтанудың көптеген салалары терең әрі негізді зерттелген Циклтанушылар лирикалық циклдың теориясын да, тарихын да қарастырып жүр.

Әдебиеттер

1 Брюсов В. Собрание сочинений в 7 томах. – М.: Художественная литература, 1973-1975. – Т. 1. – С. 604-605.

2 Сапогов В.А. Сюжет в лирическом цикле // Сюжетосложение в русской литературе. – Даугавпилс, 1980. – С. 90-97.

3 Фоменко И.В. Лирический цикл: становление жанра, поэтика. – Тверь: ТТУ, 1992. – 124 с.

4 Дарвин М.Н. Проблема цикла в изучении лирики. – Кемерово, 1983. – 105 с.

5 Абишева С.Д. Поэтическая система «мир природы»: структура и смеантика. – Алматы: АГУ им. Абая, 2002. – 268 с.

6 Михайлов А.В. Языки культуры: Риторика и история искусств. – М.: Языки культуры, 1997. – 315 с.

7 Зелинский А.Э. Лирические циклы и проблема циклизации творчестве В. Брюсова. – Изд-во Дальневосточного университета, 1991. – 118 с.

8 Магамедова Д.М. Анненский и Ахматова (к проблеме романизации лирики) // Царственное слово: Ахматовские чтения. – Вып. 1. – М.: Наследие, 1992. – С. 135-140.

9 Ляпина Л.Е. Текст и художественный мир произведения (к проблеме литературной циклизации) // Литературный текст: Проблемы и методика исследования. – Тверь, 1994. – С. 135-144.

References

1 Bryusov V. Sobranie sochinenij v 7 tomah. – M.: Hudozhestvennaya literatura, 1973-1975. – T. 1. – S. 604-605.

2 Sapogov V.A. Syuzhet v liricheskom cikle // Syuzhetoslozhenie v russkoj literature. – Daugavpils, 1980. – S. 90-97.

3 Fomenko I.V. Liricheskij cikl: stanovlenie zhanra, poehtika. – Tver’: TTU, 1992. – 124 s.

4 Darvin M.N. Problema cikla v izuchenii liriki. – Kemerovo, 1983. – 105 s.

5 Abisheva S.D. Poehticheskaya sistema «mir prirody»: struktura i smeantika. – Almaty: AGU im. Abaya, 2002. – 268 s.

6 Mihajlov A.V. YAzyki kul’tury: Ritorika i istoriya iskusstv. – M.: YAzyki kul’tury, 1997. – 315 s.

7 Zelinskij A.EH. Liricheskie cikly i problema ciklizacii tvorchestve V. Bryusova. – Izd-vo Dal’nevostochnogo universiteta, 1991. – 118 s.

8 Magamedova D.M. Annenskij i Ahmatova (k probleme romanizacii liriki) // Carstvennoe slovo: Ahmatovskie chteniya. – Vyp. 1. – M.: Nasledie, 1992. – S. 135-140.

9 Lyapina L.E. Tekst i hudozhestvennyj mir proizvedeniya (k probleme literaturnoj ciklizacii) // Literaturnyj tekst: Problemy i metodika issledovaniya. – Tver’, 1994. – S. 135-144.

Базылова Б.К.

Художественная концепция истории в романе-дилогии

В статье рассматривается художественная концепция истории в романе-дилогии М. Магауина «Вешние снега» и «Смутное время». Автор, опираясь на документальные материалы, представляет читателю весь ход исторических противоречий, в основе которых лежат конфликты времени и среды. Писатель ознакомился с большим количеством специальной литературы по истории Смуты, документы в художественном произведении использовал творчески.

Близость писателя к историческому факту условна, даже в тех случаях, когда на первый взгляд автор тщательно следует за историческими данными. Общий ход исторических событий и его частные проявления приобретают в романе действенное звучание. Историк или летописец лишь констатирует события далекого времени, М. Магауин же стремится художественно воссоздать их, добиваясь непременного условия исторического жанра – слияния как бы в одной точке искусства и науки, освоенного писателем с позиций современности.

Ключевые слова: исторический роман, концепция истории, исторический документ, типизация.

Bazylova B.K.

Artistic concept of history in dilogy-novel

The article discusses artistic concept of history in the dilogy novel of M. Magauin: «Spring Snow» and «The Time of Troubles.» Basing on documentary materials the author introduces the reader to the whole course of historical contradictions, which are based on conflicts of time and environment. The writer has reviewed a lot of special literature on the history of the Time of Troubles; the documents in the artistic work are used creatively.

Writer's closeness to historical fact is conditional, even in cases where at first glance the author carefully follows the historical data. The general course of historical events and its particular manifestations provide a unique spin on the novel. The historian or chronicler merely states the incidents of the long-ago, от the contrary, M. Magauin aspires to recreate them artistically, achieving the precondition of historical genre: the fusion of art and science, which the writer has acquired from a present-day perspective, at one point.

Key words: historical novel, concept of history, historical document, typification.

Базылова Б.Қ.

Дилогия-романдағы тарихтың көркемдік тұжырымдамасы

Мақалада Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран» роман-дилогиясындағы тарихтың көркем тұжырымдамасы қарастырылады. Автор деректі материалдарға сүйеніп, оқырмандарға заман мен орта арасындағы тартыс негіз болған тарихи қайшылықтардың барысын ұсынады. Жазушы аласапыран заман тарихы бойынша көптеген арнайы еңбектермен танысып, көркем шығармада құжаттарды шығармашылық тұрғыдан қолданады.

Жазушының тарихи дерекке жақындығы шартты, тіпті автордың тарихи деректен алшақ кетпеген жағдайда да. Тарихи оқиғалар мен олардың жеке көріністерінің жалпы тізбегі романда тартымды берілген. Тарихшы немесе шежірешілер өткен заманның оқиғаларын тек айқындап берсе, Мұхтар Мағауин оларды шығармашылық тұрғыдан өңдеуге тырысады, сөйтіп жазушының бүгінгі күн тұрғысынан меңгерген тарихи жанрдың міндетті шарты – өнер мен ғылымның бір нүктеде тоғысуына қол жеткізеді.

Түйін сөздер: тарихи роман, тарих концепциясы, тарихи құжат, түрлеу.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

УДК 82:801.6;82-1/-9

Базылова Б.К.,

к. ф. н. доцент Казахского государственного женского педагогического университета, г. Алматы, Казахстан,
e-mail: baglan_5_3@mail.ru

ХУДОЖЕСТВЕННАЯ КОНЦЕПЦИЯ ИСТОРИИ В РОМАНЕ-ДИЛОГИИ

Общественное сознание в разные периоды вырабатывает свою концепцию исторических событий. Основная проблема исторического знания – это проблема отражения и исторической интерпретации. XX век богат радикальными сменами исторических концепций: революции, войны, сталинский тоталитаризм, хрущевская «оттепель», перестройка, построение рыночного общества. Все эти изменения порождали новые взгляды на прошлое. В новом прочтении нуждались многие исторические события и целые эпохи.

М. Магауин в романе-дилогии «Вешние снега» и «Смутное время» представляет читателю весь ход исторических коллизии, в основе которых лежат конфликты времени и среды. Писатель ознакомился с большим количеством специальной литературы по истории Смуты, что требовало от него огромных усилий [1]. По каждому историческому персонажу, судя по собранному материалу, можно было написать по роману. Здесь также изображены и другие события: усиление крепостного гнета, разорительная Ливонская война и повсеместный голод, вызванный неурожаями 1601-1603 годов, сильно обострившие классовые противоречия в России. В то время, когда государство переживало тяжелый кризис, за польским рубежом появился человек, который, выдавая себя за московского царевича, сына Ивана IV, заявил притязания на царскую власть. Это был Дмитрий Самозванец. Появление его предвещало Москве новые бедствия. Королевское правительство Польши, поддержанное частью польской знати и шляхты, задумало использовать Самозванца в качестве удобного орудия для захвата некоторых русских областей. Исторические источники свидетельствуют, что это был человек молодой, лет двадцати пяти, среднего роста, широкоплечий, плотного телосложения, с густыми черными волосами на голове, без бороды; на его широком смуглом лице выделялся большой рот и толстый нос, с заметной бородавкой возле правого глаза. М. Магауин с психологической глубиной воспроизводит реалистический портрет Лжедмитрия: *«Этот круглолицый русоволосый парень лет двадцати, коренастый, с непомерно длинными, как-то несуразно болтающимися едва не у самых колен руками, с большим широким носом на квадратном лице, сплющенным на пе-*

реносице, с красной бородавкой под ноздрями, весьма невзрачного вида...» [2, 251].

«Приезд Самозванца был устроен с большой помпезностью. Двигаясь вслед за царем и его свитой, шествие завершали нестройные, пестрые толпы казаков. На пути Лжедмитрия со всех сторон громко раздавались радостные восклицания и приветствия. Когда он приблизился к Москве-реке, переехал через «живой» плавучий мост и вступил на площадь, внезапно поднялся страшный вихрь. Пыль взвилась столбом и слепила глаза. Суеверные люди, видя в этом дурную примету, осеняли себя в испуге крестом и шепотом говорили друг другу:

– Быть беде и несчастью! Спаси нас, господи!» [3, 186]. В романе же знамение проявляется в виде грома: *« Среди зимы в том году гремел гром. А на небе, объяв своим пламенем чуть не половину его свода, родилась хвостатая звезда. Люди на земле, и православные христиане, и правоверные мусульмане, с ужасом взирая на это хвостатое чудо, денно и нощно молились богу. Светопреставление на пороге! Но даже накануне судного дня потомки Адама-отца не в состоянии, оказывается, прекратить свои распри»* [2, 259].

М. Магауин изучил труды многих историков, исследовавших причины крестьянского восстания и жизнь И. Болотникова [4]. Его биография давно стала предметом пристального внимания. Но в ней до сих пор остается много пробелов и спорных моментов. Не вполне ясным является вопрос о происхождении Болотникова. В романе мы видим, что Ораз-Мухамед со своим войском присоединяется к восставшим именно в Калуге. Но спустя некоторое время он покидает стан повстанцев, чтобы защитить свой народ в Хан-Кермене, беззащитных детей, стариков и женщин.

Сухую и бесцветную передачу историка писатель превращает в одну из самых живописных, красочных сцен в романе. С большим вниманием и интересом изучает Магауин исторические источники по эпохе Смуты, искал и находил в них богатый фактический материал. И одновременно, как чуждо было романисту в его работе слепое фетишизирование документов. Далек был он в своем использовании и в их творческой обработке от излишней сухой академичности. В главе «Табор в Тушино» подробно описан быт повстанцев, их нравственные устои: *«И диким казался этот муравейник изнутри: наспех отстроенные, налезающие друг на друга деревянные срубы; землянки, конюшни из камыша. Между строениями ни единого просвета – разноцветные обтрепанные шатры, постеленные прямо под открытым небом замусоленные кошмы, подстилки из прутьев и соломы, кучи хлама, служащие то ли подушками, то ли одеялами. И все это было жильем человека...»* [2, 313]. В Тушино собралось множество польских и русских дворян, пользовавшихся милостями первого самозванца. Все они откровенно презирали царька как явного мошенника, но не могли обойтись без него. Творя насилия и грабежи, наемное «рыцарство» повсюду трубило, что его единственная цель восстановление на троне законного государя, свергнутого московскими боярами. В романе много и других интересных деталей, основанных на глубоком проникновении автора в жизнь восставших. Вторая часть романа-дилогии дает определенное представление о причинах зарождения смуты, о целях повстанцев, об их руководителе. Ораз-Мухамед также прибывает в Тушино, о его тушинской поездке мы узнаем из писем самого касимовского хана к Яну Сапеге, воеводе Лжедмитрия II. Хан, следуя к царю из Суздаля, куда он прибыл 14 декабря 1608 года, просил Сапегу, стоявшего тогда под Троице-Сергиевой Лаврой, прислать ему конвой [5, 143].

Роман верно отражает политическую обстановку смутного периода, военное положение страны, когда шла кровавая борьба между интервентами и дворянами за правление Россией. Беззащитный народ попадает в эту передрягу, когда сильные мира сего поставили на карту все – и честь, и жизнь тысячи людей. Магауин считает, что одной из основных предпосылок, способствующих возникновению Смуты начала XVII века, стало ухудшение положения народа. Солидарен с ним и крупный русский мыслитель И.А. Ильин, позже подтвердивший то, что эта «Смута разразилась в сравнительно первобытной России, расшатанной и оскудевшей после террора Иоанна Грозного» конвой [6, 216].

Но современная историческая наука рассматривает эпоху Смуты данного периода не только как закономерное следствие тяжелейшего положения народа: «... Смута означает утерю народом, обществом, государством согласного понимания высшего смысла своего существования...» [7, 4]. Это в некоторой степени перекликается с оценками самих свидетелей «смуты». Так, русский историк и мыслитель XVII века И. Тимофеев, анализируя причины поразившей Россию в начале XVII века и едва не погубив-

шей ее Смуты, одной из основных называет бесславное молчание народа: промолчав перед Борисом породили Гришку Расстригу. Произведение М. Магауина не претендует на такую глубину анализа причин, породивших смуту.

Роман-дилогия «Вешние снега» и «Смутное время» не принадлежит к числу тех исторических произведений, которые пишутся их авторами на основе только чтения источников, знакомства с теми или иными научными монографиями. В исторический роман входил какой-то неомертвевший жизненный материал, непосредственное ощущение старины казахского и русского народов, которое поддерживалось в писателе знанием народного быта, духа. Отрывки, взятые из романа и документов, сочинений историков, дали нам возможность проследить, как в свете идей писателя и его художественного замысла совершалось превращение исторических документов в историческую прозу. Близость писателя к историческому факту условна, даже в тех случаях, когда на первый взгляд автор скрупулезно следует за историческими данными. Общий ход исторических событий и его частные проявления приобретают под пером художника новое, действенное звучание. Историк или летописец лишь констатирует события далекого времени, М. Магауин же стремится художественно воссоздать их, добиваясь непременного условия исторического жанра – слияния как бы в одной точке искусства и науки, освоенного писателем с позиций современности.

В повествовании находят отражение письма Ораз-Мухамеда Яну-Петру Сапеге. В романе всего пять писем, которые мы сравнили с источниками и сделали следующий вывод: в основе писатель опирался на исторические источники, но послания касимовского хана воеводе в романе составлены по принципу монтажа с некоторым авторским вымыслом. Здесь изменены имена. Так, в источнике (письмо от 13 февраля 1609 года) Ораз-Мухамед пишет: *«... Да пожаловать, братецъ, государь царь и великій князь Дмитрей Ивановичь, всея Русіи, сестру мою Бахты царевну Сеиткулову дочь Шепелева станнымъ ее поместейцам, въ Ерославскомъ уезде, селцомъ Ивановскимъ Глебова съ деревнями, да въ Ростовскомъ уезде селцомъ Деляевымъ съ деревнями жъ, и нынеча, братецъ пришла грамотка ко мне отъ сестры, что присланъ въ поместейца изъ Ерославля панъ Иванъ Незабытовской, пана Петра да Яна, праветъ на ее крестьянишкахъ даныя и сошныя денги и кормъ, мяса говяжья и бараны, и гуси, и яица, и муку рженую и пшеничную, и крупы, и горохъ, и солодъ, и пресной медъ, денгоми по два рубли, и конской кормъ, сена и овес, и рыбу, и соль всякія кормы, и загонные ратныя люди въ ее поместишка пріезждаютъ и абиду чинять великую, домишка крестьянскіе разоряютъ и живаты ихъ емлютъ грабежамъ, а просетъ от тобя, братецъ, пожаловати, описати въ Ерославль пану Незабытовскому и пожаловати бы тобе послати бережелнаю грамоту за своею жъ печатью, приказнымъ людемъ, кто въ Ростове приказныя люди отъ тобя, на селцо Деляева съ деревнями, штобъ сестры моей поместейца берегали вместа съ приказными людми, съ племянникомъ моимъ съ Козякъ мурзою Сеитъ-Могметовымъ сына Юсуповымъ, штобъ ани берегли за одинъ то поместейца, и данныхъ и вытныхъ денегъ и всякаго корму править не велел, и на емь(ямъ)мщика и въ губуцеловалниковъ не давать, и подмоги на нихъ не имать, и загоннымъ людемъ шарповникамъ въ въезждять и ратнымъ людемъ паномъ и казакомъ, стрелцомъ, которыя пойдутъ на государеву службу, ставитися у крестьянишкахъ и обиды крестьянишкамъ чинити не велите жъ»* [8, 67].

Сравним же теперь с текстом письма в романе: *«Наихрабрейшему гетману, братцу моему, пану Яну Петру Павловичю Сапеге, коштеляновичю Киевскому, старосте Усвятцкому и Кирепецкому, хан Ураз-Магмет Касимовский челом бьет.*

Буди, братец, здрав на многие лета на Государеве Царьской службе, штоб мне здравье твое слышечи радоватися, аже даст Бог в радости очи твои видети; а про меня, братец, пожалуеш спросиш, и я Божиею милостию здоров февраля по 13 число а впереди Бог.

Да пожаловал меня, братец, покойный Государь Царь и Великий князь Федор Иванович всеа Русии станным поместейцем в Ерославском уезде селцом Ивановским Глебова с деревнями, да в Ростовском уезде селцом Деляевым с деревнями ж; и ныне, братец, пришла грамотка ко мне от людишек моих, что прислан в поместейца из Ерославля пан Ян Незабытовский, и правет на моих крестьянишках данные и сошные денги и корм, мяса говяжья, и бораны, и гуси, и муку ржаную и пшеничную, и рыбу, и соль, пресной мед, и конский корм, сена и овес и всякие кормы; и загонныя ратныя люди в мое поместишка приезждают и абиду чинят великую, домишка крестьянския разоряют и живаты их емлют грабежам. А яз прошу тебя, братец, пожаловати, отписати в Ерославль

пану Незабытовскому бережелнаю грамоту за своею печатью, а в Растов бережелна грамоту, за своею печатью приказным людем, кто в Растове приказныя люди от тобя, на селцо Деляева с деревнями, штоб ани берегли то поместейца, и данных и вытных денег и всякого корму править не велел и загонным людем, шарповникам не въезждать и ратным людем, паном и казаком, стрельцом, которыя пойдут на Государеву службу ставитися, у крестьянишек и абиды крестьянишкам чинить не велите ж.

По се места, ты, братец, пожаловал меня, берег, а нынеча б тобе, братец, такоже пожаловати, любви своей и добродетели не убавити, а прибавити.

А впредь, братец, вижу в радости очи твои. А яз тобе челом бью» [2, 333].

Писатель приводит в тексте романа подлинный документ, «вмонтировав» его в художественную ткань произведения. Магауин сознательно делает замену имени сестры Бахты образом главного героя, так как это соответствовало бы авторской концепции. Мы знаем, что такого персонажа – сестры Ораз-Мухамеда – в романе нет и, упомянув ее имя, художнику пришлось бы ввести в действие этот образ. Для автора жизнь и деятельность казахского султана, его позиция имеют первостепенное значение. Романист далек от слепого следования документальным материалам. Их использование у писателя представляют творческий процесс. Какой бы исторический факт ни заимствовал М. Магауин для сюжета романа, он умеет оживить его и наполнить глубоким идейным смыслом. Сравнивая тексты первоисточника и романа, можно заметить единство в толковании писателем и автором письма причины, которые побудили Ораз-Мухамеда обратиться к воеводе Яну Сапеге. Автор романа при использовании документального материала отбирал самое существенное и важное. Пересматривая письма касимовского хана, мы видим, что писатель в романе руководствуется принципами реалистического письма и в общем характере передачи колорита далекой эпохи, и в осторожном отборе архаической лексики. Здесь писатель исторический материал не дает в сыром, необработанном виде, а позволяет себе в отношении их компоновку, художественную ретушь. В главе «Игры» есть такой эпизод, когда Петр Урусов в очередной раз испытывая Лжедмитрия II, предлагает ему сразиться как прежде с медведем. Это действительно факт, что Самозванец «ездилъ с паномъ Воеводою на охоту. В числе разных зверей, выпустили медведя. Когда никто из панов не отважился вступить с ним в бой, вышел сам царь, и одним ударом рогатины убив медведя, отсек ему голову» [9, 28]. В романе писатель значительно раздвигает рамки этого короткого сообщения, приводимого современниками Дмитрия Самозванца, вводит выразительную портретную и психологическую характеристику царя, насыщает эпизод подлинным драматизмом.

Из романа мы узнаем, что Ораз-Мухамед встречается с королем Сигизмундом и заключает договор с Жолкевским. Документов, свидетельствующих о сущности этих встреч, не сохранилось. Ярко воспроизведенная на страницах романа обстановка этих переговоров говорит об авторском вымысле в передаче психологии персонажей. Как видим, автор использует некоторые элементы творческого домысла в биографиях известных исторических лиц. Писатель делал это, разумеется, не беспорядочно, не произвольно, а руководствуясь целями определенной художественной выразительности; он достигал таким путем большей широты и сгущенности своей исторической типизации.

Сухие исторические факты, преобразованные и дополненные художественным вымыслом и домыслом романиста, создают образность изображения тех или иных сторон исторической действительности, их внутренний смысл, важнейшие черты характера персонажей, побудительные причины их деяний, важные детали быта.

Использование документов характеризуется как один из принципов типизации в историческом романе и в то же время как проявление мастерства писателя. Магауин документ «растворяет» в художественной ткани произведения. Авторский субъективизм в творческом воспроизведении исторических событий и воссоздании общественной среды эпохи в романе не противоречит жизненной логике.

Литература

1 Костомаров Н. Исторические монографии и исследования Н. Костомарова. – СПб., 1898. – Т. 4. Смутное время московского государства в начале XVII столетия (1604-1613). – 397 с.
2 Магауин М. Аласапыран: Роман / пер. с каз. – Алматы: Жалын, 1989. – Кн.2.: Смутное время. – 448 с.
3 Скрынников Р.Г. Россия в начале XVII века. Смута. – М.: Мысль, 1988. – 283 с.
4 Смирнов И.И. Краткий очерк истории восстания Болотникова. – М.: Госполитиздат, 1953. – 125 с.
5 Акты исторические, собранные и изданные археографической комиссией (1598-1613). – СПб., 1841. – Т. 2. – 178 с.
6 Ильин И.А. О сопротивлении злу силою // Новый мир. – 1991. – № 10. – С. 45-49.
7 Наш современник. – 1994. – №9. – С. 34-37.
8 Сборник князя Хилкова. Сборник документальных материалов по истории России 1493-1743 гг. – СПб., 1879.
9 Сказания современников о Дмитрии Самозванце. – СПб., 1834. – Часть IV. Дневник Марины Мнишек и Послов Польских.

References

1 Kostomarov N. Istoricheskie monografii i issledovaniya N. Kostomarova. – SPb., 1898. – T. 4. Smutnoe vremya moskovskogo gosudarstva v nachale XVII stoletiya (1604-1613). – 397 s.
2 Magauin M. Alasapyran: Roman / per. s kaz. – Almaty: ZHalyn, 1989. – Kn.2.: Smutnoe vremya. – 448 s.
3 Skrynnikov R.G. Rossiya v nachale XVII veka. Smuta. – M.: Mysl', 1988. – 283 s.
4 Smirnov I.I. Kratkij ocherk istorii vosstaniya Bolotnikova. – M.: Gospolitizdat, 1953. – 125 s.
5 Akty istoricheskie, sobrannye i izdannye arheograficheskoj komissiej (1598-1613). – SPb., 1841. – T. 2. – 178 s.
6 Il'in I.A. O soprotivlenii zlu siloyu // Novyj mir. – 1991. – № 10. – S. 45-49.
7 Nash sovremennik. – 1994. – №9. – S. 34-37.
8 Sbornik knyazya Hilkova. Sbornik dokumental'nyh materialov po istorii Rossii 1493-1743 gg. – SPb., 1879.
9 Skazaniya sovremennikov o Dmitrii Samozvance. – SPb., 1834. – CHast' IV. Dnevnik Mariny Mnishek i Poslov Pol'skih.

Бисенбаев П., Сағындықов Н.

Түркілік сарын сыры

Жалпы, «Қорқыт ата» кітабының танымал кейіпкерлері қатарынан табылатын Төбегөз бен Бисат әрекеттерін еске салатын көне мотивтер әлем әдебиетінде жиі ұшырасады. Мақала авторы гректің ежелгі аңыздарындағы Полифем оқиғасының мән-маңызын тарата отырып, мифологиялық сарынның әрідегі тарихына, шығу төркініне назар аударады. «Мың бір түннен» бастау алатын күллі түркі жұртына мәлім шығыстық сюжеттерден, «Шахнама», «Оғызнама», «Көрұғлы» сияқты эпикалық туындылардан, қазақ фольклорындағы аңыздың проза үлгілерінен Төбегөз әңгімесіне ұқсас көріністер табады. Ізденуші Шығыс пен Батысқа ортақ мотивтерді өзара салыстырып қана қоймайды, аңызға арқау болған оқиғаның даму, таралу жолдарын да көрсетіп береді. Және де Геродот, Ш.Уәлиханов, У.Далгат, Х.Коруглы сынды ғалымдардың еңбектерін орнымен пайдаланады. Мақалада көтерілген мәселелер дәстүр жалғастығы мен сабақтастық жайына орайлас келеді.

Түйін сөздер: фольклор, сюжет, мотив, аңыз, жанр, нұсқа, дәстүр, эпос, дастан, проза.

Bissenbayev P., Sagyndikov N.

Mystery of Turkish motives

In general, in the world literature, very often there are such well-known characters of the «Book of my grandfather Korkut» as tepegoz and Bisat and motifs associated with them. Thus, the author of the article examining the importance of story value associated with Polyphemus from Greek mythology, turns its attention to the nature and history of the spread of this mythological motif. Starting with the «1000 Nights», the famous Turkic people stories from epics such as «Shahnameh», «Oguzname», «Koroglu», Kazakh folklore and mythological prose samples are ubiquitous motifs similar to the story of tepegoz. The researcher compares not only the general theme of the East and the West, but by the analysis of this plot shows the character of its development and dissemination. Also used valuable materials scientists such as Herodotus, Ch Valikhanov, Dolgat W., H. Koroglu. Raised in an article addressed to the problem of cultural continuity and development of artistic traditions.

Key words: folklore, story, motive, legend, genre, pattern, tradition, epic, epos, prose.

Бисенбаев П., Сагиндиков Н.

Тайна тюркских мотивов

В целом в мировой литературе, очень часто встречаются такие известные персонажи «Книги о моем деде Коркуте», как Тепегез и Бисат, и мотивы, связанные с ними. Так, автор статьи, исследуя важность значения сюжета, связанного с Полифемом из древнегреческих мифов, обращает свое особое внимание на характер распространения и историю развития этого мифологического мотива. Начиная с «1000 и одной ночи», известных тюркскому народу сюжетов, с эпических произведений, таких как «Шахнаме», «Огузнаме», «Короглы», образцов казахского фольклора и мифологической прозы, повсеместно встречаются мотивы, сходные с рассказом о Тепегезе. Исследователь не только сравнивает общие мотивы Востока и Запада, но посредством анализа этого сюжета показывает характер его развития и распространения. Также используются ценные материалы таких ученых, как Геродот, Ч. Валиханов, У. Долгат, Х. Короглы. Поднятые в статье проблемы обращены к культурной преемственности и развитию художественных традиций.

Ключевые слова: фольклор, сюжет, мотив, легенда, жанр, образец, традиция, эпос, дастан, проза.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 398:801.6

Бисенбаев П.[1], Сағындықов Н.[2],

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
[1]аға оқытушысы, [2]доцент, ф. ғ. к., Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: fazyl_bisenbaev@mail.ru; sagyndyknb@

ТҮРКІЛІК САРЫН СЫРЫ

Шығыстық сюжеттерге негізделген қисса-дастандарда «Қорқыт ата кітабындағы» Төбегөзге қатысты сарынды еске салатын оқиғалар жиі көрініс табады. Мәселен «Сейфүлмәлікте» басты кейіпкердің досы Сағадат тау аралап жүріп, құлаған құдықтай көзі үңірейген, жалғыз өзі қой бағып жүрген бір пәлеге кездеседі. Ол қолға түскен адамына бір ыдыспен сүт беріп, соқыр қылады екен де, үңгірге қамап, семіртіп жейді екен. Сағадат сүтті ішпей шұқырға құя береді де, дәу бір мес шарап ішіп, қорылдап ұйқыға кеткенде жанып тұрған оттан екі шаланы алып барып, қорқаудың көзіне баса қояды. Сол жерде құбыжық адамның көзі ағып түсе қалады. «Мың бір түннен» енген басқа сюжетте адам жегіш мақұлық семіздеу кеме капитанын көтеріп әкеліп тасқа алып ұрады. Жарылған қарбыздай басының мылжа-мылжасы шығады. Істікті кеңірдегінен сұғып, құйрығынан бір-ақ шығарады. Қақтап жейді. Күніне бір адамнан жеп тауысып бара жатқан соң шығарма кейіпкері отқа қызған темір істікті көзіне апарып бойлата сұғып жібереді. Бұл мотивтің еуропалық ғалымдар айтқандай Гомердің «Одиссеясынан» емес, түркі жұртының көне аңыздарынан алынғаны анық.

Геродот өзінің «Тарих» кітабында былай деп жазады: «Сонымен, агриппейлерге дейінгі ел бізге белгілі, олардан жоғары тұрған халықтар жөнінде ешкім де анық ешнәрсе айта алмайды, өйткені олар адам аяғы баспас биік таулармен бөлініп жатыр. Сол агриппейлердің айтуынша, тауларда ешкі тұяқты адамдар тұратын көрінеді, ал олардың ар жағында алты ай бойы ұйқыға кететін ел тұрады екен. Мен бұған мүлде сенбеймін. Керісінше, шығыстан агриппейлерге дейінгі жерге исседондар қоныстанғаны анық, ал солтүстікке қарайғы жер туралы ештеңе белгісіз болып тұрғанда, олар бірдеңе дей қоюы мүмкін бе... Осылайша, бұл халықтың бар екені анық, ал олардың жоғарғы жағында, исседондардың айтуы бойынша, жалғыз көзді адамдар мен алтын күзететін грифондар тұрады. Мұны скифтер де мақұлдайды, ал скифтерден біз аримаспылар деп скифше неге атағанын біліп алдық: «арима» деген сөз скифтерше – біреу дегенді, ал «спу» – көз дегенді білдіреді екен». [1, 308]

Геродот агриппейлердің көршісі деп анықтаған исседондарды орыс ғалымдары Исети өзенін жайлаған тайпалардан шықты дейді. Тарихшылар Геродот сөзінде шындықтың бір

ұшқыны жатқанын жасырмайды. Олардың бірі аримаспылардың өмір сүрген мекені Солтүстік Қазақстан десе, аримаспыларды Алтаймен байланыстыратын да тарихшылар бар. Геродоттың пікірінше, Полифем туралы көне грек аңызын жалғыз көзді аримаспылар жайлы мифпен қызықты етіп байланыстыруды б.з.д. VIII-VII ғасырларда Алдыңғы Азияға шапқыншылық жасаған скифтер әкелген болуы мүмкін.

Жалғыз көзді дәу жайлы сюжет Кавказды мекендеген тау халықтарының эпикалық мұраларында жиі кездеседі. Мысалы, У. Далгат көрсеткен нұсқада Урызмаг аңға шыққанда тау етегінен бір отар қой бағып жүрген алып денелі жалғыз көзді адамды көреді. Сосын ол осы алыптың тұтқынына түседі. Алып ұйықтаған кезде, Урызмаг оның жалғыз көзін күйдіріп, сүйікті серкесін сойып алып, терісін жамылады да, отар қойды айдап әкетіп, шаруаларға бөліп береді. Дегенмен бұл нұсқаның қазақ ішіндегі жалғыз көзді алып туралы ертегімен жақын байланысы бар екенін анық. Жалғыз көзді дәу туралы әдебиетші қауымға мәлім нұсқаларды тау халықтарындағы сюжетпен, екінші жағынан, оғыздардың «Қорқыт ата» эпосындағы аңызбен байланысына назар аударған жөн. Алғашқы ертегіні белгілі ғалым Ш. Уәлиханов жазып алған.

«...Қойлыбай қатерлі сапарға аттанады. Бірақ Қойлыбайдың қасында Надыр – Шолақ жоқ еді. Надыр – Шолақ «Қойлыбай тілімді алмады» деп өкпелеп, бармай қалған-ды. Қойлыбай қатын толғатқан үйге жақындағанда ұрандап, жындарын шақырып айқайлап, қылышын оңды-солды сермеп, бар қаһарын төге, ат-патымен үйге кіріп кетіп, шаңыраққа тесіле қарайды да, қылышын сермеп қалады. Қылыш шақыр-шұқыр етіп барып Қойлыбай да атынан ұшып түседі, бақсының аузы мен құлағынан қарақошқыл қан шапшиды. Толғатып жатқан қатын да есінен танып құлайды. Қойлыбай есін жиып, шаңыраққа қарағанда албастылардың қара сауыт құрсанып, қара атқа мінген патшасын көреді. Албастылар патшасының үлкен маңдайындағы тостағандай жалғыз көзі жымыңдап: «Біз сені сыйлап, көп еркінсітіп жібердік, ең болмаса бір рет бізге ерік бер!» дейді. Албастылардың патшасының қолында жеңістің тұғырындай үлкен қызыл ту желбірейді. Шаңыраққа қарай Қойлыбай қылышын сілтегенде, шақыр-шұқыр еткен албастылар патшасының мұздай құрсанған сауыттары еді. Сөйтіп, албастылар патшасы Қойлыбайды жеңіп, бір сәт масайрайды...

Аңыз Надыр-Шолақтың жалғыз көзді алып албастыны жеңуімен аяқталады [2, 118-119] .

Бұл Қойлыбай бақсы туралы аңыздағы албастының бейнесі ғана Полифемді еске түсіреді, ал оқиға желісі шамандық наным-сенімдермен байланысып жатқандықтан, мүлдем басқа сипатқа ие. Дегенмен жалғыз көзді дәудің мұнда албастылардың патшасы ретінде суреттелетінін айта кету керек, бұл мифологиялық кейіпкер түркітілдес халықтардың аңыздарында «алмасты» деген атаумен кездеседі. Оғыз ұрпақтарында бұл жын жаңа туған сәбилерді ұрлап, қанын соратын әйел бейнесінде көрініс тапқан.

Көріп отырғанымыздай, оғыздардағы жалғыз көзді дәу туралы аңыз эпикалық дәстүр шеңберінде қалыптасқан: албастының туу жағдайы, оның өсуі, оғыздармен күресі. Шығарма кейіпкердің дүниеге келуі мен балалық шағы туралы аңыздаулардан басталады, есейе келе ол кейіпкер барлық батырлық эпостардағыдай жалғыз көзді дәумен алысады. Бұл сюжеттің негізін оғыздар Орталық Азиядан әкелді десе де болады, бұған жалғыз көзді дәу туралы оғыз аңыздарының көне үлгілері дәлел болмақ. «Улухан-ата битигчи» кітабындағы Төбегөз туралы сюжеттің «Қорқыт ата» кітабындағы аңызбен байланысы айдан анық: Төбегөз туралы екі аңызда да бір ғана кейіпкер – Аруздың ұлы Басат жеңіске жетеді. «Улухан-ата битигчи» кітабындағы пері, Төбегөздің анасы, «Ұлы теңізде» өмір сүрген. «Қорқыт ата кітабында» Төбегөздің әкесі «ұзын бұлақтың» басында отырған періні кездестіреді. Төбегөздің әкесінің он үш қой терісінен тігілсе де, басын жабуға жетпейтін бас киімінің сипатталуы екі ескерткіште де ұшырасады. Басатты Төбегөзбен ұрысқа шақыру үшін оятатын жауынгер қызға келсек, «Қорқыт ата» кітабында ол алтыншы аңыздағы Селджан-хатун бейнесінде көрініс береді. «Улухан-ата битигчи» кітабында кейін «Қорқыт ата кітабына» енгізілген басқа да көптеген детальдардың болғаны анық.

Төбегөз туралы сюжеттің барлық нұсқалардағы детальдары оның оғыз жұртынан шыққанын дәлелдей түседі. «Қорқыт ата кітабындағы» Төбегөз туралы әңгіменің басында Аруз қожа деп аталатын оғыз бектерінің бірі көшіп жүргенде емшектегі баласын жоғалтып алады, оны кейін ұрғашы арыстан тауып алып, емізеді. Бұл эпизод түркілердің алғашқы бабасы Ашинаны қасқырлардың өсіргені туралы генеалогиялық мифке жақындайды [3, 22]. Төбегөзбен сөйлесіп тұрған Басат былай деп айтады: «Әкем атын сұрасаң – берік (кәрі) ағаш. Анамның атын сұрасаң – арыстан-патша». Бұл оғыздардың түркі генеалогиялық мифінде орныққан тотемдік ағаш туралы аңызын еске түсіреді.

Төбегөз туралы аңызды оғыз эпикалық дәстүрімен ондағы кейіпкерлердің есімдері де байланыстырады. Шығармада көптеген оғыз батырлары таныстырылады, соның ішінде, оғыз эпикалық жырының басты кейіпкері Салор Қазан да бар. Әрине, бұл аңызда оның тұлғалық бітімі айтарлықтай көрінбейді, басқа да оғыздармен бірге ол Төбегөзден қорлық көреді. Басты кейіпкер ретінде мұнда Қиян-Селжүктің ағасы Басат екі рет көзге түседі. Қиянның аты «Қорқыт ата кітабында» жиі ұшырасады, ол Селжүктер әулетінің негізін қалаушы атақты Селжүк бейнесінде көрініс береді. Басқа да танымал оғыз бектерінен аңызда Алып Рүстем, Бюкдез Эмен, ал ең бастысы, оғыздардың ханы Байындырдың есімдері ұшырасады.

Аңыздағы Төбегөздің дүниеге келуі туралы сарынның маңызы ерекше. Оның әкесі – қарапайым қарт бақташы, анасы – пері қызы. Пері қызының бейнесі оғыз ұрпақтарының халық әдебиетінде жиі ұшырасады, ол фантастикалық сюжеті бар барлық дастандар мен ертегілерде зұлымдық бейнесіндегі әйелді елестетеді. Атақты «Көрұғлы» жырының кейіпкері перілер елінен әйел әкеледі; Қазақтың «Сефүлмәлік» дастанында да осы жайт қайталанады. «Оғыз қаған періні көріп, ғашық болады, онымен махаббат қызығына бөленеді». «Қорқыт ата» кітабында бақташының пері қызымен кездесуі де осы мағыналас.

Сонымен, Төбегөз туралы сюжет оғыздардың көне ескерткіштерімен тығыз байланысты және ол сарын оғыздар Орта Азияда тұрған кезде туған. Бұл аңыз – тарихи оқиғалары мен ертегілік-миф-тік элементтері қатар жүретін жалғыз эпикалық шығарма. Басаттың жер бетін құбыжықтардан тазартуға бағышталған әрекет-амалдары суреттелетін көріністер осы сюжеттің өте ертеде пайда болғанына дәлел деп есептейміз.

Түркі халықтарындағы жалғыз көзді дәудің образы қоғамдық құрылыстың даму барысына қарай әртүрлі өзгерістерге түсті. Адамжегіш құбыжық жайындағы аңыз алғашқы қауымдық құрылыста да, яғни түркі халықтарының аңшылық кезеңнен мал шаруашылығына көшкен кезіндеақ тууы мүмкін еді. Бұған мына дерек дәлел бола алады: қазақ нұсқасындағы бас кейіпкер – аңшы; ол өзінің жауы, жалғыз көзді бақташы дәуді жеңгенімен, оның малына қызықпайды. Төбегөз бейнесі оғыздар мал шаруашылығына әбден көшкен кезде түпкілікті орнықты. Оғыздардың жаңа отанындағы тарихи жағдайлар, көршілерімен араласуы көптеген көне элементтерді ығыстыра отырып, Төбегөзге жаңа сипат дарытты, ол енді ересен күшке ие бітім сүйгіш бақташы-дәу емес, бүкіл оғыз еліне қауіп төндіруші қарақшы.

Сөйтіп, оғыздардың жалғыз көзді дәуі Төбегөзді, олардың Византиямен VII-VIII ғасырларда тығыз қарым-қатынаста болғанына қарамастан, «Одиссейдегі» Полифемнің ықпалымен пайда болды деу шындыққа жанаспайды. Біз бұл жерде әртүрлі халықтардағы эпос дамуының типологиялық ұқсастықтары жайлы сөз етіп отырмыз. Дегенмен де Геродоттың жалғыз көзді дәудің бейнесі көне Грекияға Шығыстан келді деген пікірін де ескермеске болмайды. Әрине, бұл болжам ғана. Түпкілікті шешім айтуға мәліметтер жеткіліксіз болып отыр.

Әдебиеттер

1 Геродот. История. – Т. 1. – Москва, 1985. – 235 с.
2 Валиханов Ч.Ч. Сочинения. – Т. 1. – Алма-Ата, 1961. – 472 с.
3 Гумилев Л.Н. Древние тюрки. – Москва, 1967. – 324 с.

References

1 Gerodot. Istoriya. – T. 1. – Moskva, 1985. – 235 s.
Қазақтың шешендік сөздерінің баяндау және бейнелеу жүйесінде мол орын алатын диалогтық құрылымдарды сол көне суырып салма дәстүрдегі тілдесулердің эволюциясы ретінде тануға болады. Солардың бір тобы сұрақ-жауапқа құрылған шешендік сөздер. Әдетте, сұрақ-жауап қарама-қарсы құбылыс болғанмен, бірін-бірі ұштап, тірілтіп, жандандырып отырады. Оның бұл сипаты шешендік сөздердің көркемдік жүйесінде ерекше айқын көрінеді. Сұрақ-жауап құрылымынан шешендік сөздің идеясы, шешеннің рухани дүниетанымдық қасиеттері арқылы адам өмірінің сыр-сипаты ашылып, моральдық-этикалық тұжырымдар жасалып, қоғам, дүние, жаратылыс жайының сырлары танылады. Ашық сөздің сұрақ-жауап формасында сұрақ қарапайым тыңдаушы атынан да, есімі көпке белгілі би-шешен атынан да берілуі мүмкін. Алдыңғының сұрақ берудегі мақсаты танымдық қана болса, кейінгісі шешендік сын, түптеп келгенде сөз сайысына шақыру екенін аңғаруға болады. Мысалы, атақты Сырым батырдың Үргеніш шешенімен айтысы сондай сұрақ-жауап құрылымында беріледі. «Үргеніш шешені: – Сөз анасы не? – Су анасы не? – Жол анасы не? – деп сұрайды. Сырым батыр: – Сөз анасы – құлақ, – Су анасы – бұлақ, – Жол анасы – тұяқ! – деп жауап береді. Үргеніш

шешені: – Дау мұраты не? – Сауда мұраты не? – Қыз мұраты не? – Жол мұраты не? – дейді. Сырым батыр: – Дау мұраты – біту, Сауда мұраты – ұту, Қыз мұраты – кету, Жол мұраты – жету, – дейді. Үргеніш шешені: Намазда жан-жағыңызға қарай береді екенсіз, мұныңыз не? – деп сұрайды. -Жан-жағыңызға сіз қарамасаңыз, менің қарағанымды қалай көрдіңіз? – дейді. Сырым батыр: – Сырымның айтқанын тыңдамай, өз сөзін соға берген адам Сырымды күнде жеңеді, – дейді [2, 57]. Көріп отырғанымыздай, бұл диалогтың құрылымынан екі түрлі сипат танылады. Сөздің бір бөлігі халықтық жұмбақ өлең сипатында болса, екіншісі ауызекі сөйлеу синтаксисі үлгісінде беріледі. Дегенмен, халықтық жұмбақтың табиғатына тән «жекеден тұтастың, тұтастан жекенің сипатын білдіру» тәсілі жұмбақталған нәрсенің болмысын орағыта ашып, аңғарту шешендік сауалға да тән. Дегенмен, ол сипаттар шешендік сөйлесулерде қысқа да ықшам келеді. Әдетте, халықтық жұмбақтарда, жұмбақ өлең, айтыстарда бір құбылыстың немесе өзара ұқсас құбылыстардың сын-сипаты жұмбақталса, шешендік сұрақ-жауап формасында шешендік өнердің дүниетанушылық-интеллектуальдық қызмет аясының кеңдігіне сай бір емес, бірнеше, әртектес деректі-дерексіз құбылыстар да жұмбақталады. Мәселен, шешеннің «сөз анасы», «су анасы», «жол анасы» деген сөздері меңзеуметонимиялық алмастыру. Өйткені, ана сөзі тура мағынасында тек адамға ғана қаратылып айтылады. Сол сияқты «мұрады» сөзінің де стилистикалық фрейм ретінде алынып, өзге сөздермен тіркес құруы меңзеу-болжал сипатындағы экспрессивті мағына береді. Ал, қара сөз үлгісіндегі сұрақ-жауап тапқыр ой жүйесіне құрылған. Сырым Үргеніш шешенінің сұрағына риторикалық сұрақпен жауап қайыруы арқылы оны бір сүріндіреді. Бұл Сырымның әрі байқағыштығы, әрі тапқырлығы. Сырым қарсыласының сұрағына өзінің жауабын орайластыра айтуы арқылы сөзіне жаңылтпаштық сипат дарытқаны «жан-жағыңызға қарай береді екенсіз», «жан-жағыңа қарамасаңыз, менің қарағанымды» деген тіркестердегі қайталаулардан, ішкі ырғақтардың сақталуынан көрінеді. Үргеніш шешені де «екі аяқты, бір адам» деп Сырымды сөзден жаңылдырмақ болады. Алайда, Сырым «өз сөзін соға берген адам» деп келемеж етуімен қарсыласын сан соқтырады. Бұл құрылымда драмалық сипат та жоқ емес.

Шынында сұрақ-жауап құрылымынан халықтық жұмбақ, жаңылтпаштардың образдылық сипаты аңғарылады. Ғұлама М. Әуезовтің пікіріне сүйенсек жұмбақты сөз образының кілті есебінде тануға болады [3, 127].

Сұрақ-жауап құрылымы сөз майталмандары көкейіндегі дүние-өмір құбылыстары жайлы көп сауалды алып шығып, оған халық алдында табан астында жауап айтқызуымен құнды. Демек, диалог арқылы рухани қуат жарылыстары жүзеге асады [4, 7].

Осы тақылеттес шешендік диалог құрылымы «Жерден ауыр не?» дейтін шешендік сөзде де кездеседі. «Балаби қартайған шағында халқын жиып: «Жерден ауыр не? Судан терең не? Оттан ыстық не? Көктен биік не?» – деп төрт сұрақ берген екен. Ешкім шеше алмапты. Сонда Балаби өзі айтқан сұрақтарын өзі былай деп шешкен екен: – Жерден ауыр дегенім – ақыл, білім, Судан терең дегенім – оқу, ғылым. Оттан ыстық дегенім – фани жалған, адамның өмірі, Көктен биік дегенім – тәкәббардың көңілі» [2, 70]. Бұл диалог құрылымының алдыңғы сұрақ-жауаптан өзгешелігі – шешеннің өз сауалына өзі жауап беруі- диалогтың монологпен жымдасуында немесе монодиалог болуында. Шешен өзін-өзі сынайды, ашық толғанады. Балаби сөзінің жұмбақтық сипаты «дегенім» сөзін қайталауынан көрінеді. Сөзде жұмбақталып отырған құбылыс «жердің», «көктің», «оттың» өзімен емес олардың сын-сипат белгілерімен салыстырылады. Шешеннің оқу-білім мен ғылым, ілім т.б. сияқты өзара мәндес жекелеген құбылыстардың әрқайсысын басқа бір тұтас құбылыстың сапа белгісімен салыстыруы- концептуальды талдау жемісі.

Сондай-ақ, «Асусыз тауға кез болдым» дейтін шешендік сөзде Байдалы шешен: «Асусыз тауға кез болдым, өткелсіз суға кез болдым, жоқты жаяу қарай беретін болдым, аяусыз жаудың қолына кез болдым», – деп жұмбақтап астарлы сөйлейді. Оның бұл сөзінің астарын елге билік айтып жүрген Мерке деген бір адам: «Мұның үшеуі асусыз тауға кез болғаны – тізесі сарыбуын болып, аяғы жүруге келмейді екен, өткелсіз суға кез болғаны- көзі жасаурап аттам жерді көре алмағаны, жоқты жаяу қарай беретін болдым дегені – тәрбиелеп қасында отырған бәйбішесі жоқ, шақшасын қалбалақтап көп іздеп, зорға тауып алып отырады екен. Аяусыз жаудың қолына кез болдым дегені – келін-баланың қолында отыр екен» [2, 43] – деп шешіпті. Расында Мерке мен Байдалы бетпе-бет тілдесіп тұрған жоқ. Байдалы Меркеге сәлем айтады. Мерке көпшілікке Байдалы сөзінің астарын түсіндіреді.

Бұндай структуралық айқын ерекшеліктері жоқ диалогтар қарасөз ішінде беріледі. Сондықтан Байдалы шешен сөзінің Мерке сөзі ішінде төл сөз ретінде айтылуына мән берер болсақ, әлқисса (сказовость) сипаты танылады. Ең бастысы диалог-жұмбақ пен оның шешімі, диалогтық құрылымының шарттылығы. Шынында, шешендік астарлы сөздің көркемдік қуаты ерекше. Байдалы шешеннің сөзі – тұтастай табу. Болымсыз мағына беретін – сыз жұрнақты зат есімдердің зат есімдермен «асусыз тау», «өткелсіз су», «аяусыз жау» түрінде тіркестер құруы, сондай-ақ «жаяу» мен «аяу» сөзінің үндестігі ашық сөзге ырғақ бітіреді. Сөздегі «кез болдым», «қарай беретін болдым» дейтін қайталаулар да жұмбақталған құбылыстың мәнін үстей түседі, оны концепт арқылы меңзейді. Расында бұл тектес шешендік сөз үлгілеріндегі сұрақ-жауап құрылымының уақыт пен кеңістік ыңғайындағы шарттылығын ескеруіміз қажет.

«Қасқакөл дауы» дейтін шешендік сөздің баяндау жүйесінен де өзіндік ерекшеліктерін тануға болады. Төле би, Әйтеке би, Орманбет би үшеуі Қасқакөл деген көлге таласып, даулы болады. Төле Орманбетке: « – Ай, Орманбет! Мен әлі тірімін өлгем жоқ, бұдан бұрын неше сәлем айтсам да келген жоқсың, ер кетер, жер жетер. Ешкімге опа қылмас дүние боқ! Ей, Орманбет, сен бізден кіші боласың барып қайттық, сен ілгері барасың, біз енді көп жүрмеспіз, көмілерміз, сен жас едің көңілдегіңді аларсың! – дейді. Әйтеке де Төленің сөзін қостап: « – Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін, батыр болсаң дұшпанға найзаң тисін. Бай болып пайдаң тимесе, батыр болып найзаң тимесе жұрттан алабөтен үйің күйсін деген, бізге кейінгілер осыны айтама деп ойлаймын, – дейді. Сонда Орманбет: «Екі би, айтқан сөзің жарасады, еншіге әркімдер-ақ таласады, бұл Қасқакөл Орта жүздің көлі еді, айтқандарың қиянатқа жанасады. Қанағатсыз билерді қабан деген, қамшылатқан жүйрікті шабан деген, біреудің ақысына зорлық қылса, ақыретте мұндай істер жаман деген, – дейді. – Ей, Орманбет, сіз бізге Қасқакөлді беріңіз, Қасқакөл рас сізге жақын. «Бардан пайда, жоқтан залал» деген, не берсе қайырын тілеп көріңіз. «Үш жүздің ортасында Қасқакөл бар, әр жерде су ішетін басқа көл бар, үш бөліп енші қылып алысайық, жер жетер, көңіліңді ұстама тар» – дейді Төле [2, 111-112]. Үшеуі олай сөйлесіп, былай сөйлесіп келісе алмайды. Дау бітпей Орманбет еліне қайтады. Кейіннен анасының ақылына тоқтап, Қасқакөлді қарттарға бөліп береді. Бұл – шешен-билердің талас-тартысына құрылған полилогтық сценаның көрінісі. Ал талас-тартыстың екіжақтық сипатына қарасақ, диалогтық құрылым танылады. Негізгі сөз тартысы Орманбет пен Төле арасында. Одағай, қаратпа сөздер «ер кетер, жер жетер» деген мәтел мен «Ешкімге опа қылмас боқ дүние!» деген поэтикалық инверсия, сондай-ақ, «көп жүрмеспіз, көмілерміз, сен көңілдегіңді аларсың!» деген жолдардағы дауыссыз «к» дыбысының аллитерациясы Төле сөзінің экспрессивті-эмоциялық қуатын арттырып, драмалық ширығысты күшейте түседі. Төленің кезекті репликасында қаратпа сөз, бұйрық райлы етістік өтініш мағынасында қолданылады. Осы реплика ішінде монолог құрылымы тырнақшаға алынған. Монологтың «Қасқакөл бар», «басқа көл бар», «ұстама тар» деген ішкі ырғақ-ұйқасқа құрылуы, «бардан пайда, жоқтан залал» деген мақалдағы тілдік бірліктер – «бар» мен «жоқтың» қарама-қайшылық мәні де сөзге драматизм дарытады . Әрине, Орманбет би сөзінің өзіндік құрылымы ерекше. Бұл сөйлеу құрылымының бірінші сөйлемінде қарсылықты шылау жасырын тұр. Сондай-ақ, екінші сөйлем мақал-мәтел түрінде айтылады. Шешеннің тауып айтқан мақалында «қабан деген», «шабан деген» деп келетін ұйқастан өзге «қанағатсыз би», «қамшылатқан жүйрік» деген тіркестердегі сөзге ырғақ беруші -қа буынының үндестігі де айырықша. Жалпы, «Қасқакөл дауы» – шешендік жекпе-жектің кемел көрінісі. Мұхтар Әуезов өз драматургиясында осындай шешендік сөздерді «орасан шешендік сапаларын мінез, дүниетаным сипаттарын даралап ашуға қас шеберлікпен пайдаланады» [5, 261].

Негізінен, «Қасқакөл дауы» сөзінің баяндау жүйесіне полилог, моно-диалогтық құрылымдар тән. Алайда, оны айтпасақ та, баяндау жүйесі драмалық диалогқа құрылған деуге болады.

Жалпы, шешендік диалог шешендік сөздердің баяндау және бейнелеу жүйесінде мол орын алатын іргелі құрылым болып табылады. Шешендік диалог халықтық жұмбақ, жаңылтпаш өлең, табу, мақал-мәтел құрылымына тән сипаттарды да иеленеді. Шешендік диалог құрылымын полилог, монодиалог, драмалық диалог түрлеріне ажыратуға болады. Сондай-ақ, шешендік диалогтың құрылымы теңеу, метафоралық салыстыру, меңзеу, риторикалық сұрақ, инверсия, ішкі ұйқас пен ырғақ, аяққы қайталау, буын үндестігі секілді көркемдік айшықтарға бай екенін пайымдауға болады.

Әдебиеттер

1 Литература Востока в средние века. Часть 2 // Сост. Конрад Н.И. и др. – М, 1970. – 554 с.
2 Шешендік сөздер // Құраст. Адамбаев Б. – Алматы, 1990. – 166 б.
3 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
4 Жармұқамедов М. Айтыстың даму жолдары. – Алматы, 1976. – 162 б.
5 Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1996. – 336 б.

References

1 Literature of the East in the middle ages. Part 2 // Comp. Conrad N. And. etc. – M., 1970. – 554 S.
2 Oratory words // Comp. B. Adambayev. – Almaty, 1990. – 166 p.
3 Auezov M.. The history of literature. – Almaty: Ana tili, 1991. – 240 p.
4 Zharmukamedov M. The development of aitys. – Almaty, 1976. – 162 p.
5 Maytanov B. Kazakh novel and a psychological analysis. Proc. allowance. – Almaty: Sanat, 1996. – 336 p.

Abdrakhmanova Zh.

Rational behind appropriate and inappropriate deviation from the idiom phrase norms

Any language is an artificial construction that constantly develops incorporating the changing realities. At the same time, languages accumulate pearls of wisdom in the form of idioms, which tend to stand throughout the ages and seem to be less flexible for changes in contrast to other word expressions. However, nowadays the globalizing world affects languages greatly universalizing them through trendy expressions, on the one hand, while the expanding journalism and scope of mass media resources establish a huge room for creativity when people attempt to modernize or reformulate some idiomatic phrases. The number of those people who try to match global ideas into the form of locally shaped idioms is growing; however, not all idiom-updaters are capable to make new versions attractive as they could «fall» into a rhythm, rhyme with purpose to enrich a particular stylistic coloring. In this regard, the article focuses on abnormalities, which may challenge the rationality and beauty of idiomatic phrases. Usage of 'appropriate' and 'inappropriate' deviations correspond to the terms of 'relevant' and 'irrelevant' ones, respectively, as well as to 'justified' and 'unjustified' deviations. The processes of globalization and localization are conceptualized in the term of 'process of occassionalization'.

Key words: stable expression, adaptation, norm, suitable, globalization, localization, occasionalism.

Абдрахманова Ж.

Тұрақты тіркестердің нормадан мақсатты және мақсатсыз ауытқу себептері

Әрбір тіл үнемі дамып, әрдайым өзгеріп отыратын болмысты бойына сіңіретін жасанды конструкция болып табылады. Тілімізде ғасырлар бойы әбден қалыптасқан, өзгерістулерге көне қоймайтын халық даналығының айнасы болған тұрақты тіркестер бар. Алайда, қазіргі жаһандану дәуірінде виртуалды кеңістікте журналистиканың дамуы да шығармашылыққа үлкен жол ашып, адамдар тұрақты тіркестерді жаңғырту мақсатында тілдегі кейбір фразеологизмдерді өзгертсе, кейбірін жаңатруға мүмкіндік алып, олардың құрамын қысқартып, арасына басқа сөз енгізіп, ұйқас, ырғақ, дыбыс үндестігін бейімдеу арқылытілге зор ықпал жасап отыр. Қалыпты нормадағы тіркестерді өзгерту арқылы ғаламдық жаңалық жасағысы келетін «жаңғыртушалыр» саны да күннен-күнге артып келеді. Бірақ, өзгерістерге деген бақылу төмендеп, олардың баламалы тұжырымдары әрдайым көздеген мақстына жете бермейді. Осыған байланысты, мақалада фразеологиялық тіркестердің мағыналық салмағын және көркемдігінің артуын қажет ететін нормадан ауытқушылық қарастырылады. «Орынды» және «орынсыз» ауытқулар мен «мақсатты» және «мақсатсыз» ауытқулар өзара қатынаста болады.

Түйін сөздер: тұрақты тіркестер, бейімдеу, норма, мақсатты, жаһандану, оқшаулау, окказионализм.

Абдрахманова Ж.

Причины целесообразного и нецелесообразного отклонения от нормы устойчивых сочетаний

Каждый язык является искусственным конструктом, который неустанно развивается, впитывая в себя меняющиеся реалии. В то же время, языки вмещают в себя жемчужины мудрости в форме устойчивых фразеологических выражений, способных сохранять свою изначальность на протяжении веков, будучи менее гибкими для изменений в сравнении с другими словосочетаниями. Однако, в наши дни глобализирующийся мир оказывает значительное воздействие на языки через заимствование наиболее распространенных выражений из мировых языков, адаптирование одних выражений в существующие в языке фразы, в то время как расширяющееся пространство журналистики в виртуальном пространстве предоставляет большие возможности для творчества и люди непременно используют его для модернизации устойчивых выражений. Количество таких «модернизаторов», пытающихся представить глобальные идеи в форме измененных локальных норм, неуклонно растет, но при этом контроль за изменениями снижается, а их альтернативные формулировки не всегда попадают в ритм и рифм с целью. В этой связи, в статье изучены отклонения от нормы, которые могут умалять красоту и смысловую нагрузку фразеологических сочетаний.

Ключевые слова: устойчивые выражения, адаптирование, норма, целесообразный, глобализация, локализация, окказионализм.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

UDC 81:001.12/.18

Abdrakhmanova Zh.,

Candidate of philology science, docent
of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: zhaz_abd@mail.ru

RATIONAL BEHIND APPROPRIATE AND INAPPROPRIATE DEVIATION FROM THE IDIOM PHRASE NORMS

Recently, in the language, in particular, if we consider the functionality of the Kazakh language, there is a trend for appropriate and inappropriate application of idioms so firmly entrenched in the language that their semantics, as in a mirror, reflect the popular wisdom permeating the Millennium. This trend in the use of idioms mainly occurs in the press and in the speech of TV and radio journalists. However, in some cases, unjustified usage of the language idioms not only leads to a distortion of their meaning, but also to a violation of the norms of the language.

Masters of fiction literature when using idioms deliberately shortenthem and cut some words out introducing other ones «to fall» into a rhythm, rhyme with purpose to enrichtheir works with a particular stylistic coloring.

Literary language is always subject to the rules of artistic expression typical to the language of a particular nation. Meanwhile, the norms of the national language have their origins from the folk verbal creativity where artistic language is characterized by a wealth of imagery and synonymous series.

Many of the stylistic tools used in the literary language were borrowed from the spoken language created by the people themselves. However, the national heritage is not preserved in its original form, not remaining stationary, but being in the process of continuous development and subject to various changes. Today, in great abundancethe literary language started enjoying the introduction of words, phrases, phrasal fusions and stylistic tools corresponding to the new concepts emerged in recent years. In some cases, firmly established idioms in the language can be used through transformations in line with pursued certain goals[1, 123].

As a general rule, in order to interest and amuse his reader, the author aims to make maximum use of the richest means of the literary language. In many cases, the author modifiesidiom forms in accordance with the objectives and circumstances of communication focusing on the personality of his reader as the author searches constantly for the ways to affect his target audience. However, such attempts often fail and the reader loses his interest in further reading of the text. Therefore, paying attention to the composition of phraseology in some texts, you may find that the idioms operate with obsolete outdated words

with obscure and confusing meaning from the perspective of the modern reader as well as the ones gone in a passive fund of the language and slang words and borrowings from other languages. Of course, idioms subject to such transformations may violate the language norms; however, the view that all deviations are doomed to failure seems to us wrong. Thus, the idioms turned into a template can be polished in a verbal workshop by an author finding «a new life» with capacity to influence the reader through new expressive facets. As a result of the issues, scholars tend to have different views regarding the deviation from the language norms.

For example, M.Balakaev and M.Sergaliev classify abnormalities as follows: «In the creative experience of the founders of the literary language there are two kinds of deviations from the norm:

1. Relevant, suitable deviation;
2. Inappropriate, irrational deviation.

Appropriate, suitable deviation is the use of the literary norm for specific purposes and the changes in anidiom as a whole occur due to presence of bright colors in its stylistic semantics. The deliberate and unjustified violation of literary norms as well as hasty and disorderedapplication without any motivation should be assumed as inappropriate, unreasonable deviation. Such attempts for word distortions must be constantly corrected» [2, 24]. Meanwhile, a prominent linguist R. Syzdykova in her monograph «Language Norm and its Establishment» subdivides deviations from the literary norms into motivated and unmotivated ones and reveals 6main reasons for unmotivated deviations: 1) pursuing stylistic or other purposes, the use of dialect, colloquial words equivalent to the ones in the literary language caused due to the absence ofstandardized and non-standardized units; 2) without any need creation of new synthetic forms for words and phrases,which semantically are not entirely successful; 3) desire to use «hackneyed» combinations, turned into clichés; 4) the use of words without knowing their meaning, especially older and infrequent words; 5) obsessive use of Arabic and Persian words and morphological elementsnot obeying the rules of literary language and outdated in terms of speech practice; 6) replacement of components of idioms fixed in the language during a long period of time as well as rearrangement of words in proverbs and sayings with purpose not to specify stylistics or comply with the task of poetry verse size, but just in normal narrative texts [3, 14].

N. Ualiev considering the issue, has divideddeviations from idiomatic norms into appropriate and inappropriate ones [4, 128].

Based on the abovementioned views of scientists, we have compiled a scheme in which the process of phraseology occasionalization is reflected as a result of appropriate and inappropriate deviations from the norms of idiomatic forms.



Picture 1 – Process of idiom occasionalization

In our view, appropriate idiomatic forms of deviation from the norm are caused due to certain stylistic and aesthetic goals of the author to adequately impact on the listener. Meanwhile inappropriate deviation from the norm is the result of excessive enthusiasm to create artificial and absurd combinationsand proposals. For example: *Watching the eclipse of the sun and moon, I mentally imagine when all that is good and unhappiness could happen on the earth* (newspaper «Turkestan» fromJanuary 26, 2007)[1]. In this example, occasional phraseological form *shan beru (lit.:* barely able to catch, i.e. to glimpse, barely able to be seen) was created by the author through analogy with a similar meaning for the idiom *kylan beru* that according to the Kazakh language dictionary can be explained as follows: « just to be seen; dawn»; «to flicker, to show out (concerning dark subjects)» [5, 372]. Such deviations should be considered appropriate, ones justified from the norm.

Let's consider the following example: *Ruslan and Rustem laughed, as if mocking himself as an* ***eyesore****, they appeared to come from the family of so-called «sabbathers» about which newspapers and magazines wrote with great disapproval* (republican newspaper «ZhasAlash» from January 30, 2008). The new application of «*kozge tusken suyeldey»* came from its analogy idiom ***«****kozge* ***s****uyel boldy», «kozge bitken suyeldei» (lit.:* became a callus in front, an eyesore) should be classified as inappropriate, unjustified deviation from standards.

Despite the fact that the language of the press reflected the culture of the literary language, the various deviations from the norms of idiomatic

[1] ***Note:*** All the examples of excerpts of works are translated from Russian into the Kazakh language

forms of the literary language are most often found in the media sources.

If we analyze the features of media language, especially language of the press, it is clear that it is grounded information function to transmit socially-significant information. Journalistic style, unlike other functional language styles is peculiar for the intended purpose in exercising public functions and has a number of peculiar language features in this regard. A particular important role is played by the press in transmission of information in a simple precise language, in its turn, describing the facts with colorful and vivid way, i.e. playing all the shades of the words as the language of the media can only project to communicate through the public consciousness. Therefore, we believe it is rational to use logically sound as well as generated in the imagery system of the Kazakh language, holistic idiomatic forms. However, unmotivated transformation of the whole structure of combinations and their use in an invariant form, often reducing them in contrast to the language norms, has a negative impact on the stylistic, expressive and emotional functions of the language and connotative meaning of language units.

In the language of modern journalism there are different types of word formation distinguished, among which the most frequent one is compression of idiomatic forms structurally in order to change their values or create occasionalism for copyright use. It should be noted that not all of the «metamorphosis» of words are successful and meet the stylistic purposes. For example: *What can I say, he was clean and pure jigit, good-natured and open to all (lit.:* when he opens his mouth, the larynx is visible)(magazine «Zhuldyz», 2007).

The nature of our Kazakh ancestors, whose endless thoughts were as pure as the blue sky, the heart was open and free as the vast steppes, is very similar to these angels. The internal manifestation is kindness that comes from the heart and shining light (lit.: when he opens his mouth, the larynx is visible.), while external one is generosity, willingness to share all that he has (Қазақ әдебиеті – «Kazakh Literature», February 5, 2007). In the presented examples the phraseological expression «*auzynashsakomkeeyikөrinedi*» (*lit .:when he opens his mouth, the larynx is visible*) is very similar in sound to the combination of «*kөmekeyibylkildeptұrady» (lit.: is constantly bubbling throat*) that is to say about gluttonous, insatiable man, while on good-natured and honest people we used to say «*auzynashsazhyregikөrinedi» (lit.*: *when he opens his mouth, the heart can be seen*). All these examples show unjustified deviation from the norm of phraseological combinations.

A number of errors in the use of phraseological combinations are associated with changes in forms of words composingidioms. For example, substituting the combination «*sirkemsukөtermeitұr*» (*lit.:everything annoys me*) on the opposite in meaning «*sirkesisukөteredi*» (on the contrary, *it does not irritate, adequately perceived what is happening*), as well as replacement of «*bet bақtyrmaydy*» (*lit.: did not yield to persuasion, to speak with*) to «*bet bақtyrady*» (on the contrary, *it served persuasion, listening*), as well as «*қoyauzynanshөpalmaydy*» (*a harmless man who would not hurt a fly*, *lit.*: *a person who would not dare to take grass out of sheep's mouth*) to «*қoy auzynan shөpaladi*» (on the contrary, *the person capable of villainy*) are not acceptable [2, 96].

We consider it legitimate to focus on the kinds of appropriate and inappropriate deviations from the language rules in the process of occasionalization, i.e. the author's word creation. The master of artistic wording converts idioms for a specific purpose – instead of the expected standardthere is unexpected compatibility of word units. As part of some phraseological expressionsthere are harsh words found, which the author seeks to convey in a more neutral, and sometimes, courteous manner. For example, based on anidiom (lit**.:***strikingwith knife on the litter*), which means «getting angry for what he did,» the author by replacing the words creates another combination – *тезегін пышақтады*where the word*shit*is replaced by *litter*, which sounds now not so rude unlike itstraditionalcounterpart*боғын пышақтады*. In our opinion, this neoplasm should be considered as unjustified and unfortunate, as the expression and the imagery in the semantics of thephrasal combination dominates over the occasional one (being more expressive).Описывая героя, автор сам себе противоречит, так как трудолюбивый и целеустремленный человек не может быть плохим, при этом автор понимает, что произошел некий диссонанс в описании героя, но это явилось следствием увлеченности созвучием слов.

In addition, in the language there are plenty of other unsuccessful combinations formed on the basis of the consonance of words. For example, the combination of *өтірікті судай сықпырту/ сапыру* (lit.: *to whip lies like water*), which means «*shameless lie*» transformed into an occasional phrase *өтірікті судай араластыру* (***lit.:****to stir lies like water*) enjoying a similar meaning. Or, on the contrary, D.Doszhanov says: In my first novel

«Zaual» I described the aul activist as a negative character who was not afraid of difficulties and was not looking for an easy way, stood against the people and offended the weak ... (newspaper «Қазақ әдебиеті» – «Kazakh Literature», from June 16, 2007). Describing the character, the author contradicts himself as a hard-working and determined person cannot be bad and the author understands that there was a dissonance in the description of the hero caused by keenness over consonance of words.

Such variations are not a rare phenomenon as they are often found in the usage of the authors, who pay a great care and caution to the choice of language means. Thus, such shortcomingsshould be eliminated and prevented in author education.

The recent trend of unjustified and inappropriate processing of the modern literary Kazakh language is the result ofintroduction of jargons, borrowings, colloquial words and dialects, i.e. language means widely used among the people. These linguistic resources cannot replenish the vocabulary of the literary language.

Unjustified deviation from the norm of phraseological forms during the process of occasionalizationcontradicts to the literary and linguistic norms. Firstly, the updated words in idiomatic forms, their reproduction and inappropriate applications lead to irrational deviations from the norm; secondly, some poets and writers not knowing the full value of obsolete and infrequent words, use them in inappropriate contexts; thirdly, the authors replace one part of speech with another, which causes various deviations from the language norm as well.

Summarizing all the abovenoted, we have identified the main causes of inappropriate, unjustified deviations with regards to idiomatic forms during occasionalization:

1) The failures associated with the introduction of the idiomatic phrase combinations of obsolete words, jargon, colloquial words typical to the spoken language, dialect words, infrequent words of uncertain meaning;

2) Unsuccessful combinations formed with the purpose of updating and modernizing some of phraseology are mainly feasible to native speakers;

3) Inappropriate, irrelevant deviations arise from sound and stylistic correspondences as well as for diversification, i.e. matching the size of the verse – rhyme and rhythm.

Thus, phraseological combinations – a collection of figurative words having potential impact on mass audiences – are used to transmit the author's thoughts in an expressive form. Meanwhile, not all deviations from the language norm regarding idiomatic forms are unsuccessful; on the other hand, abnormalities associated with the communication goals have a huge impact on the reader. In this regard, there isa view of N.Ualieva, according to which «Deviations motivated by a definite purpose are called pragmatic deviations. Different types of deviation from the norm due to pragmatic goals are just starting to get revealed in linguistics. The most common ones are deviations due to pragmatic objectives, among which there are: 1) deviations from the linguistic norm; 2) deviations from the text rules; 3) deviations from the logical rules; 4) deviations from the ontological norm; 5) deviation from the ethological norm» [6, 118].

Meanwhile, the well-known scholar-linguist R.Syzdykova writes: «In general, linguistic norms, especially in writing, are not a «canned»phenomenon unable to go through modifications. Over time, the language standards pass through changes, as well as the language itself in its whole diversity, but such changes are not dramatic, since all standards are not «uprooted» as only some fragments transform, while such « metamorphoses» are not immediate and unexpected, but prolonged occurring over time» [3, 14].

According to M.Balakaev «Most of the stylistic devices that exist in the standard language are taken from the colloquial language and speech originated from people serving as a source for modifications. However, the national heritage does not remain in its original form, but is in the process of continuous movement and development. In recent years, in great abundance the literary language started accumulating numerous words, phrases, idiomatic merging phrases, stylistic tools corresponding to relevant new concepts and realities taking place nowadays. In some cases, you can use idiomatic combinations firmly established in the language changing their meanings in accordance with the pursued purpose» [1, 123].

Appropriate, justified deviation from the idiomatic forms of the language standards has a positive impact on the expansion of the stylistic features of the literary language. The ability to use phraseological combinations in speechisa sort of tool to identify the depth and breadth ofthe language and culture knowledge. Those who know the language of their people can express their thoughts in a precise, laconically and attractive way through consciousapplication of rich resources of the language playing with multifaceted features of the engaged words. [2, 95].

Thus, appropriate (justified) and inappropriate (unjustified) deviations from the norms of idiomatic combinations appear in the language as a result of transformation in the meaning of words in order to grant them special stylistic colorful shades and consonance. The newly formed phraseological combinations deriving from appropriate deviations contribute to the enrichment of the language and idiomatic fund. Such combinations may «settle» and form in the language lexical samples for new phraseological options, while inappropriate deviations cannot perform their functions at the normative levels and, therefore,are not retained in the language and gradually fall into disuse.

References

1 Balakaev M. Kazakh literary language and its norms. – Almaty Gylym, 1984. – 183 p.
2 Balakaev M., M. Sergaliev Culture of the Kazakh language. – Almaty: Ziyat Press, 2006. – 140 p.
3 Syzdykova R. language norms and its formation (codification). – Astana: Elorda 2001. – 230 p.
4 Ualiuly N. phraseology and language norm. – Almaty: National office of the publishing house, 1998. – 128 p.
5 Kenesbayev I. Phraseological Dictionary of the Kazakh language. – Almaty Gylym, 1977. – 712 p.
6 Ualiuly N. Theoretical foundations of Kazakh culture words. Diss. Dr. filol.n. Almaty, 2007. – 336 p.

.

Айдарбек Қ.Ж., Сүйеркүл Б.М.

Когнитивтік терминтаным концепциясындағы дискурс мәселелері

Бұл мақалада когнитивтік терминтанымның негізгі зерттеу нысаны мәселелері қарастырылып, терминологиялық бірліктердің дискурсивтік табиғаты талданады. Когнитивтік терминтанымның нысаны күрделі, кешенді когнитивтік-коммуникативтік құбылыс болуы тиіс екені және ол когнитивтік үдерістерді коммуникация барысында және оның таңбаның семантикалық даму нәтижелерінің тіркелуімен байланыста қарастырылуы қажеттілігі анықталады. Нәтижесінде, мынадай қорытынды жасалады; бұл тұста мынадай жайттар ескерілуі тиіс: біріншіден, терминжасам үдерісі кәсіби қызметпен тығыз байланысты, мамандардың әлеуметтік-мәдени қарым-қатынастарымен байланысты семиотикалық үдеріс болып табылады, екіншіден, тілдік тұлғаны қалыптастыруға бағытталған үдеріс, үшіншіден, тілдік таңбалардың дамуымен тығыз байланысты құбылыс т.б. Сонымен, терминжасамды коммуникативтік үдерістердің басқа да қызмет түрлерімен қатынасқа түсетінін және оларды когнитивтік үдерістермен тығыз байланыста қарастыру керек.

Түйін сөздер: дискурс, когнитивтік-коммуникативтік құбылыс, терминжасам үдерісі, когнитивтік терминтаным.

Aydarbek K.Zh., Suyerkul B.M.

Issues of discourse in the concept of cognitive terminology

The article deals with the main object of study of cognitive terminology, analyzed discursive basis of terminological units. It is argued that the main object of cognitive terminology should be difficult, complex cognitive and communicative phenomenon, and at the same time cognitive data communications processes necessary to examine closely with the light of the semantic development of characters. The study made the following conclusions: the study of these phenomena must be strictly taken into account, firstly, the fact that the term educational process is the semiotic process closely interrelated with the professional activities and socio-cultural relations between professionals, and secondly, it is a process focused on the formation of a language personality, thirdly, it is a phenomenon associated with the development of linguistic signs. Thus, the term educational processes should be seen in the interdependence of communicative and cognitive processes.

Key words: discourse, cognitive and communicative phenomenon, the term learning process, cognitive terminology.

Айдарбек К.Ж., Суйеркул Б.М.

Проблемы дискурса в концепции когнитивного терминоведения

В статье рассматриваются вопросы, касающиеся основного объекта изучения когнитивного терминоведения, аналируется дискурсивная основа терминологических единиц. Утверждается, что основным объектом когнитивного терминоведения должно быть сложное, комплексное когнитивно-коммуникативное явление, и вместе с тем данные когнитивные процессы коммуникации необходимо исследовать в тесной взаимосвязи с учетом результатов семантического развития знаков. В результате исследования сделаны следующие выводы: при изучении данных явлений необходимо строго учитывать, во-первых, то что, терминообразовательный процесс – это семиотический процесс тесно взаимосвязанный с профессиональной деятельностью и социально-культурными взаимоотношениями между специалистами, во-вторых, это процесс ориентированный на формирование языковой личности, в-третьих, это явление, связанное с развитием языковых знаков. Таким образом, терминообразовательные процессы должны рассматриваться во взаимообусловленности коммуникативных и когнитивных процессов.

Ключевые слова: дискурс, когнитивно-коммуникативное явление, терминообразовательный процесс, когнитивное терминоведение.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 81’373; 001.4

Айдарбек Қ.Ж. [1], Сүйерқұл Б.М. [2],

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
[1]ф. ғ. д., доценті, [2]ф. ғ. д., доценті, Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: aidarkar_10@mail.ru, akbotakoz@mail.ru

КОГНИТИВТІК ТЕРМИНТАНЫМ КОНЦЕПЦИЯСЫНДАҒЫ ДИСКУРС МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазіргі таңда когнитивтік терминтанымның негізгі міндеті тілдің кез келген таңбасына тән, оның ішінде терминге де қатысты коммуникативтік үдерістердің когнитивтік тетіктері мен семантикалық даму заңдылықтарын зерттеу болып табылады. Жалпы әлемдік терминтаным тарихында оның басты зерттеу нысаны ретінде термин саналатыны белгілі. Алайда терминтаным саласының қалыптасқалы бері термин анықтамасының үнемі өзгеріске ұшырауы, нәтижесінде зерттеу нысанының кеңейе түсуінің тұрақты үрдісі байқалады. Өйткені, бір қырынан қарағанда термин тілдің бастапқы таңбасы, яғни алғашқы аталым нәтижесі, сонымен бірге термин табиғи таңбаға қатысты қайта кодталған таңба, екіншілік сипатты білдіреді. Бұл ретте тағы бір айта кететін жайт, термин екінші аталымның екінші тілдік таңбасы да болып табылады (мұндай жағдайда термин семантикалық деривация нәтижесінде пайда болады).

Сонымен бірге термин мәтін туындысы да бола алады (бұл ретте де термин екінші аталым нәтижесі, себебі алғашқы аталым ретінде мәтіннің өзі көрініс береді, яғни термин синтаксистік деривация, дефинициялық сөзжасам нәтижесі). Терминжасам үдерістерінің осылайша түсінілуіне терминтанымның даму қисыны, терминді зерттеудің әдістер эволюциясы негіз болады. Терминтанымның тіл білімінің бір саласы ретінде қалыптасуының бастапқы кезеңінде, оның негізгі зерттеу нысаны арнаулы немесе тарсалалық сөздіктерде тіркелген термин сөздер кеңінен қарастырылып, ал терминшілердің басты мақсаты салалық терминологияларды реттеу мен стандарттаудың жаңа әдістері мен тәсілдерін іздестіру болып табылатын.

Терминтанымның функционалдық бағытта даму кезеңінде термин ерекше қызмет атқаратын сөз ретінде зерттеліп, басты зерттеу нысаны түрлі түсіндірме сөздіктерде «термин» немесе «арнаулы мағына» шартты белгілерімен берілетін көпмағыналы сөздің бір мағынасы болды. Осыған орай зерттеушілер семантикалық деривация құбылысын енгізді, сондай-ақ ең бір өнімді әрі кең зерттеу тәсілі ретінде лексикалық бірліктердің жаңа мағыналарының пайда болу үдерістерін қарастыруға мүмкіндік туғызатын диахронды әдіс танылды. Терминологияның осы бағытта жүргізілген зерттеулерінде терминологиялық

жүйелердің қалыптасуы кезеңдерінде ең өнімдісі терминжасамның семантикалық тәсілі екендігі анықталды [1;2].

Терминтанымның дамуының келесі кезеңдерінде қазақ терминографиясының ғылыми зерттеу бағыты ретінде қалыптасуына алғышарт болатын терминографияның жүйелік ұғымдарына, яғни метақұрылымына, оның қарастыратын зерттеу нысандарына, жалпы сөздіктің құрылымдық ерекшеліктеріне, қазақ терминографиясының тарихындағы сөдіктерге тоқталып, талдау жасауға ұмтылыс жасалды [3]. Сонымен бірге осы уақыт аралығында ғылыми метатіл құрылымына, терминологиялық бірліктердің түсіндірме және ғылыми салалық сөздіктерде берілу ерекшеліктеріне арналған зерттеулер жүргізілді [4].

Алғаш рет тіл білімінде қазақ терминтанымының лексикалық құрамы, жасалу тәсілдері мен прагматикалық қызметіне зерттеу жүргізген еңбек 2007 жылы С.С.Исақованың авторлығымен жарық көрді. Бұл еңбекте қазақ терминтанымының когнитивтік-коммуникативтік аспектілері, ғаламның тілдік бейнесі мен ғылыми бейнесінің арақатынасы, қазақ тіліндегі терминдердің ақпараттық табиғаты, қазақ тіліндегі терминдердің құрылымдық, жүйелік сипаты, қазақ тіліндегі терминдердің концептуалдық өрісі, когнитивтік парадигмадағы терминологиялық лексиканың көрінісі, «кәсіби тілдік тұлға» терминатымның когнитивтік категориясы, терминологиялық атау берудің уәжділік аспектісі мәселелері қарастырылды [5].

Соңғы кездері термин мәтін, екінші аталым туындысы, синтаксистік деривация нәтижесі ретінде қарастырыла бастады [6]. Яғни мәтіндер зерттеу нысанына айналып, термин мәтін ықшамдалуының нәтижесінде пайда болады және дефиниция атауы болып табылады деген қорытындылар жасалды [7]. Аталған еңбекте: «Дефиниция ғылым тілі үшін маңызды екені анық, онда анықталатын нысан туралы адам білімі көрініс табады. Дефинициянның мағыналық бөлігінің негізінде адамның қоршаған ортаны тану процесі бар. Дефинициянның нысандары ғылым құрамына еніп, ғылыми білім құрылымында ұғым, термин, болжам түрінде қызмет атқарады. Осыған сәйкес дефиниция когнитивтік қызметті де атқарады, ол нысан туралы білімді бекітеді және коммуникативтік қызметі арқылы табиғи тіл терминологиялық бірліктерінің мағынасын анықтап, адамдардың өзара түсінісуіне мүмкіндік жасайды, ал дефинициянның кумулятивтік қызметі белгілі нысанды ұзақ уақыт аралығында зерттеп, оның қолданылуына ғылыми процесс барысында жағдай жасайды», – деп көрсетіледі [7, 8].

Бұл бағыттағы зерттеулер терминнің динамикалық қасиеттерін қарастыруымен ерекшеленеді. Біздің ойымызша терминдерді зерттеудің әдіснамалық эволюциясында айрықша орын алатын зерттеулер қатарына мәтіннің белгілі бір когнитивтік-коммуникативтік жағдайда (белгілі бір комуникативтік жағдаятта) қалыптасу үдерісін қарастыратын еңбектер болуы тиіс. Себебі терминнің семиотикалық сипаты, таңбалық қызметі әлеуметтік субъектілердің практикалық қызметінің бір компоненті ретінде уәжді және мақсатты адам тілдесімінің жүйесінде ғана қарастырылуы қажет. Сондықтан да терминология саласында жүргізілген соңғы зерттеулерде терминжасамның күрделі, екі кезеңнен тұратын үдеріс екендігі дәлелденеді: мәтін жасалуы және мәтіннің ықшамдалу үдерісінің нәтижесінде пайда болатын таңба (термин).

Осымен байланысты терминжасам үдерістерінің семиотикалық аспектіде зерттелуі осы кезге дейін қалыптасқан терминжасамға байланысты ой-пікірлерді толықтырып, оның күрделі екі кезеңнен тұрытндығын анықтайды. Бұған қоса аталған бағыттағы зерттеулер терминжасам үдерісін коммуникативтік жағдаят, адресат факторы, автордың коммуникативтік мақсат-ниеті, нысанды игеріп, танып білу деңгейі, ішкі терминжасам факторлары (бұл әдетте экстралингвистикалық факторлар ретінде қарастырылып келген) тұрғысынан қарастыруға мүмкіндік береді. Яғни терминжасам семиотикалық аспектіде қарастырылғанда, мақсатты динамикалық үдеріс ретінде көрініс беріп, эволюциялық тұрғыдан табиғи таңбаның жаңа, күрделі тілдік таңба – термин жасау мақсатындағы қайта кодталу үдерісі болып табылады.

Лингвистикалық зерттеулерде мұндай кешенді құбылыс ретінде дискурс қарастырылып келеді. Сондықтан да, біздің ойымызша, когнитивтік терминтанымның да негізгі зерттеу нысаны дискурс болуы қажет. Дегенмен дискурс ұғымының күрделілігі мен көпқырлылығы оған қатысты бірнеше түрлі теориялар мен концепциялардың қалыптасуына алып келді. Мәселен, Е.С. Кубрякова, В.З. Демьянков, Ю.Г. Панкрац, Л.Г. Лузина сияқты ғалымдар дискурс ұғымын талдау барысында үш оның методологиялық концепциясын анықтайды: *формалды* (ауызша-ауыз екі формадағы байланысты мәтін, диалог, айтылымдар, жазбаша немесе ауызша сөйлеу туындысы: сөйлеу актілері, сөйлеу эт-

нографиясы және т.б.); *семантикалық* (дискурстың қызметтері, ойлау тәсілдері, сөйлеу қызметі және т.б.); *прагматикалық* (сөйлеу жағдаяты, сөйлеуші мен тыңдаушы, әлеуметтік акт және т.б.) [8]. Алайда, дискурс ұғымының анықтамасы көбіне ғалым Т.А.ван Дейк зерттеулері нәтижесінде қалыптасқаны баршаға мәлім: «Дискурс – әлеуметтік-мәдени әрекеттестіктің маңызды құрамдас бөлігі. Оның басты белгілері – мүдделер, мақсаттар, стильдер» [9, 53].

Сонымен дискурс ұғымы негізінен мынадай параметрлерден тұрады: «сөйлеуші – тыңдаушы», сөйлеудің/мәтіннің табиғи-жағдаяттық сипаты, сөйлеудің/мәтіннің әлеуметтік мәнмәтінге тәуелділігі, айтылымдар мен мағыналардың, іс-әрекеттердің ұйымдастырылу тәртібі, негізгі бірлік – әлеуметтік акт. Әрине, әлеуметтік акт ұғымының маңызы мәтін деңгейінде қарастырылады, өйткені ол мәтіндік қасиет, мәтін тұтастығы ретінде қабылданады. Сол себепті де ғылыми әдебиеттерде мәтін мен дискурс ұғымдарын шатастырып алу жағдайлары байқалады. Сондықатн да бұл екі ұғымның нақты белгілерін ажыратып беру қажет:



Сонымен, когнитивтік лингвистика тұрғысынан дискурс дегеніміз – үдерістік, қызметтік құбылыс. Осы тұрғыдан келгенде, айтылым, дискурс және мәтін ұғымдарының маңыздылығы ерекше. Бұл ретте ғалым Е.С.Кубрякова туынды бірліктерді «когнитивтік-дискурсивтік» құрылымдар деп анықтап, ең алдымен олардың динамикалық позициялар, қалыптасуы мен қызмет ету аспектісін коммуникативтік мәнмәтінде, сондай-ақ менталды лексикада да қарастырылуы қажет деп санайды [10, 429].

Автордың пайымдауынша, тілдің күрделі табиғаты күрделі зерттеулердің дүниеге келуін айқындайды, бұл мәселені әр дәуірде тек біржақты қабылдау мүмкін емес, ол үшін білім мен тәжірибе, пайым мен зерде, жады мен зейін қажет [10, 429]. Дискурс – сөйлеу барысында туындайтын, сөйлеу актісімен (аталым актісімен) тығыз байланысты тілдік құбылыс. Ал бұл актінің орындалуы сөйлеушінің іс-әрекеті болып табылады. Сондықтан да дискурс, бір жағынан, сөйлеуші қызметімен байланысты (тілді қолдануы), екінші жағынан, «оның бүкіл интенцияларымен, білімімен, мақсаттарымен, жеке тәжірибесі мен өзі атқаратын когнитивті-коммуникативтік үдерісті білу деңгейіне» байланысты болады [11, 15].

Кез келген терминжасам үдерісі әрқашанда жеке шығармашылық акті болып, бұл үдерістің орындалуы сөйлеушінің «заттар әлемі» мен «сөздер әлемі» туралы белгілі бір білімі болуын талап етеді. Яғни сөйлеушінің ақиқат болмыс пен тілдің жүйесі туралы білімі болуы қажет. Оның үстіне, сөйлеушінің номинатив адресаты мен терминжасамның орындалатын нақты «сыртқы» жағдайлары туралы да бағыт-бағдары мен ақпараты болуы тиіс. Таңбалану үдерісіне индивидтің әлеуметтік рөлі мен қоғамдағы белсенділігі, оның психика және мінезінің ерекшеліктері де әсер етеді.

Жеке тұлғаның осындай ақпаратты білу, жеке және қоғамдық тәжірибені іске асыру, жылдам ассоциативтік байланыстарды орындау (жүргізу) т.б. қабілеттеріне аталым үдерісінің нәтижесі мен жылдамдылығы тәуелді болады. Терминжасам субъектісінің жеке (индивидуалды) рөлінің маңыздылығын ескере отырып, дегенмен бұл үдерістің қоғамдық сипатын да мойындау қажет. Себебі субъектінің өзі тілдік тұлға ретінде сол тілдік қоғамның мүшесі болып, өзінің аталымдық және коммуникативтік мүмкіндіктерін қоғамдық орта жағдайында және сол қоғамның қажеттіліктеріне орай қызмет атқарады.

Терминжасам үдерісінің қоғамдық маңыздылығы, оған қатысушы сұхбаттасушыларға (сөйлеу коммуникациясының актісіне қатысушыларға) бағытталуымен ғана емес (екінші аталым), сонымен бірге жаңа атау (алғашқы аталым) тілдік ұжыммен немесе белгілі бір тілдік қауымдастықтың бір бөлігімен узуалды қабылдануы қажеттілігімен де айқындалады. Сол себепті аталым үдерісінің барлық кезеңдері де сол ұжымның тіршілік қарекетінің барлық салаларын көрсетуі, оны интерпретациялау формаларын анықтайтын ғаламның тілдік бейнесіне сәйкес келіп, ұлттық психология мен ұлттық мәдениет, этникалық салт-дәстүрлерді (әлеуметтік-тұрмыстық, діни және т.б.) өзіндік ерекшеліктерді айқындауы, белгілеуі қажет.

Аталым субъектісі ақиқат болмысты тілдік таңбалауда, оның тілдік материалдануын жүзеге асыру барысында сол тілге тән жіктемелік-категориалды құрылым нұсқаларды пайдалануы тиіс. Кез келген аталатын нысан, ең алдымен, ақиқат болмыс элементі болып, көптеген қасиеттер мен қатынастардан тұрады. Ал бұл қасиеттер

мен қатынастар жалпы сол ақиқат болмыстың негізінде туындап, мынадай заңдылықтардан тұрады: әлем құрылымын айқындайтын жалпы және жеке заңдар мен қарым-қатынастар, материя дамуы (трансформация) мен оның тіршілік ету формалары, адамның қоршаған ортаға әсер етуіне байланысты материалдық дүние элементтерінің, материя формаларының табиғи қасиеттері. Осыдан мынадай қорытынды шығаруға болады: терминдер де «когнитивтік-дискурсивтік» құрылымдар болып табылады, олай болатын болса, олар да белігі бір коммуникативтік мәнмәтінде қарастырылуы тиіс. Сондықтан да когнитивтік терминтанымның негізгі зерттеу нысаны ретінде дискурс құбылысы, терминнің дискурстық табиғаты болуы қажет.

Әдебиеттер

1 Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі: (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.

2 Күркебайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы, 1998. – 205 б.

Событийный глагольный концепт, репрезентированный глагольными словами с семантикой «получения», «разработки», «образования», «установления», характеризующийся временной протяженностью во времени, на основе пропозиции: *что получено какое / какого качества* моделирует сценарий – «получение продукта определенного качества как результата исследования».

Глаголы четвертой группы участвуют в описании применения полученного результата – *использование, использовать, использоваться; позволять, позволить; применение, применяться, применять, применить, применимый; развитие, развивать, развиваемый, развить.*

Четвертый тип события репрезентирует моделируется на основе пропозиции *где возможно применение / использование чего* и представляет собой «рекомендации по применению научного продукта».

Таким образом, описание научного результата представлено в отчетах НИИ университета системой последовательных четырех типов событий. Основным репрезентантом каждого из них является сценарий, смоделированный на основе глагольных концептов. Семантический объем глагольного концепта определяется содержанием события, репрезентированного пропозициональной структурой сценария. Однако из 4 типов сценариев только третий тип описывает собственно результат исследования, а четвертый содержит рекомендации по применению.

Кроме того, анализ содержания текстов описания результатов исследования показал, что в годовых отчетах по научным проектам зачастую вместо описания результата представлена информация о проделанной работе.

И естественно, вопросы коммерциализации результатов исследования вообще не представлены в структуре текста отчета. Экстраполяция описания результата исследования, как мы уже отмечали, в сферу маркетинговой коммуникации с целью его коммерциализации возможна только через такое его описание, которое помимо научной преференции будет содержать информацию, способную воздействовать на потенциального потребителя данного результата. Всё это и позволило нам поставить вопрос о необходимости стратегических изменений в содержании научного отчета: заложить в дискурс научного отчета сразу две формации стратегических предпочтений: с одной стороны, описание научного результата как продукта концептуализации научного опыта, а с другой, – выстраивание маркетинговых стратегий как инструмента его коммерциализации.

Иными словами, необходимо расширение контекста научного отчета прагматически важной информацией маркетингового содержания, которая должна обеспечить воздействие на потенциального потребителя системой явных и скрытых смыслов, раскрывающих научную и рыночную ценность научного продукта, полученного в результате исследования. Без такого расширения контекста научного дискурса коммерциализация результатов исследований ещё долго будет затруднительной, полностью зависимой от стихии рынка.

Литература

1 Корниенко А.А., Ардашкин И.Б., Чмыхало А.Ю. Философия науки. – Томск: Изд. ТПУ, 2007. – 164 с.

2 Fodor J.A. The modularitu of mind. – Cambridge (Mass.), 1983. – 145 с.

3 Гивон Т. Система обработки визуальной информации как ступень в эволюции человеческого языка // Вестник Московского университета. Сер. 9. Филология. – 2004. № 3. – С. 117-145.

4 Фуко М. Формации стратегий // Археология знания. Пер. с фр./Общ. ред. Бр.Левченко. – К.: ника-Центр, 1996. – 208 с. – (Серия «OPERA APARTA»; Вып. 1). Доступ: http://elena.romek.ru/learning/fuko.htm

5 Бабенко Л.Г.. Концептосфера процессуально-событийного мира: универсальное, общенациональное и индивидуальное концептуальное пространства // Русское слово в мировой культуре. Материалы X Конгресса МАПРЯЛ. Пленарные заседания. Том I. – СПб, 2003. – С. 216-220.

6 Кацнельсон С.Д. Категории языка и мышления: Из научного наследия. – М., 2001. – 864 с.

7 Карасик В.И. Языковые ключи. – М.: Гнозис, 2009. – 406 с.

8 Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика. – М.: АСТ: Восток – Запад, 2007. – 314 с.

References

1 Kornienko A.A., Ardashkin I.B., CHmyhalo A.YU. Filosofiya nauki. – Tomsk: Izd. TPU, 2007. – 164 s.

2 Fodor J.A. The modularitu of mind. – Cambridge (Mass.), 1983. – 145 s.

3 Givon T. Sistema obrabotki vizual'noj informacii kak stupen' v ehvolyucii chelovecheskogo yazyka // Vestnik Moskovskogo universiteta. Ser. 9. Filologiya. – 2004. № 3. – S. 117-145.

4 Fuko M. Formacii strategij // Arheologiya znaniya. Per. s fr./Obshch. red. Br.Levchenko. – K.: Nika-Centr, 1996. – 208 s. – (Seriya «OPERA APARTA»; Vyp. 1). Dostup: http://elena.romek.ru/learning/fuko.htm

5 Babenko L.G.. Konceptosfera processual'no-sobytijnogo mira: universal'noe, obshchenacional'noe i individual'noe konceptual'noe prostranstva // Russkoe slovo v mirovoj kul'ture. Materialy H Kongressa MAPRYAL. Plenarnye zasedaniya. Tom I. – SPb, 2003. – S. 216-220.

6 Kacnel'son S.D. Kategorii yazyka i myshleniya: Iz nauchnogo naslediya. – M., 2001. – 864 s.

7 Karasik V.I. YAzykovye klyuchi. – M.: Gnozis, 2009. – 406 s.

8 Popova Z.D., Sternin I.A. Kognitivnaya lingvistika. – M.: AST: Vostok – Zapad, 2007. – 314 s.

Ерназарова З.Ш.

Етістіктің шақ категориясы: семантика-когнитивтік талдау

Мақалада когнитивті лингвистика теориясының категориялары негізінде қазақ тіліндегі етістіктің шақ категориясының құрылымдық грамматикада қалыптасқан сипаттамасы мен оның сөйлеу үстіндегі қолданысы арасындағы сәйкессіздіктің табиғатын түсіндіру мәселесі қарастырылады. Қазақ тілінде шақтың бірнеше когнитивті модельдері бар. Олардың қалыптасуы этностың мәдени-танымдық тәжірибесіне және тілдің қолданыс үстіндегі қызметіне тәуелді. Сонымен байланысты мақалада грамматикалық категорияның жүйесін категориязациялау, концептуализациялау процестерінің нәтижесі ретінде қарастыру оның семантикасындағы ерекшеліктердің табиғатын дұрыс бағалауға мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: шақ категориясы, когнитивті грамматика, концепт, когнитивті модель, фреймдік семантика,категоризация, концептуализация.

Yernazarova Z.

The category of verb tense:semantic and cognitive analysis

This paper deals with the problem of classification of the grammatical category of verb tense which remains undefined in the practical grammar of the Kazakh language. Several cognitive models of time are identified in the language, defined by the cultural-gnostical experience of the ethnic group and aspects functioning in the speech of the language. It is presumed that the cognitive approach in the framework of the cognitive theory of time and aspect may lead to better understanding of the grammatical meaning and function of the verb tense.

Key words: categorization of verb tenses, cognitive grammar, concept, cognitive model, frame semantics, categorization, conceptualization.

Ерназарова З.Ш.

Категория времени глагола: семантико-когнтивный анализ

В статье рассматривается проблема классификации грамматической категории времени глагола, которое остается неопределенным в практических грамматиках казахского языка. В языке реализуется несколько когнитивных моделей времени, определяемых как культурно-познавательным опытом этноса, как и свойствами самого языка, функционирующего в речи. Делается предположение, что когнитивный подход в рамках когнитивной теории времени и вида сможет лучшему пониманию грамматического значения и функции глагольного времени. В ходе исследования данная проблема рассматривается в зависимости от когнитивных моделей познания человека.

Ключевые слова: категория времени глагола, когнитивная грамматика, концепт, когнитивная модель, фреймовая семантика, категоризация, концептуализация.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 81’13

Ерназарова З.Ш.,

КИМЭП Университетінің профессоры, ф. ғ. д.,
Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: ernazarova07@mail.ru

ЕТІСТІКТІҢ ШАҚ КАТЕГОРИЯСЫ: СЕМАНТИКА-КОГНИТИВТІК ТАЛДАУ

Етістіктің шақ категориясына көптеген зерттеулер арналды. Құрылымдық грамматика шақ категориясының парадигмалық жүйесін анықтады. Функционалды грамматика ағытындағы зерттеулер шақ категориясын темпоральділік функционалды-семантикалық өрісінің ядросы ретінде зерттеп, «уақыт» семантикасының тілдік деңгейлер бірліктерінің өзара байланысы арқылы берілуін талдап шықты [1, 42]. Алайда етістіктің шақ категорияларына берілетін анықтамалар мен сипаттамалар әр уақытта оның коммуникация барысындағы қолданысын толық түсіндіре алмай жатады. Өйткені шақ категориясының коммуникациядағы қызметі үнемі оның тілдік мәнімен сәйкестене бермейді**.**

Темпоралдылық фукционалды-семантикалық өрісін зерттеген А.Жаңабекова қазақ тілі грамматикасының негізін салған А. Байтұрсынов, Қ. Жұбанов, С. Аманжолов, Н. Сауранбаев, Н. Бегалиев еңбектеріне шолу жасай отырып, шақ категориясының жіктелімінде әртүрлі ұстанымдардың – векторлық немесе дейктикалық, аспектілік, модальдік, құрамды, кешенді, аралық ұстанымдардың басшылыққа алынғанын айтады [2, 28-31] . Яғни қазақ ғалымдары етістіктің қолданылуымен көрінетін шақ категориясы уақытты ғана емес, онымен қоса екінші мағына түрлерімен қабаттаса берілетінін байқаған. Етістіктің шақ түрлерінің қолданысындағы мағыналық айырмашылықтарды саралау үшін әртүрлі аспектілер тұрғысынан бағалаған. Алайда қазіргі лингвистиканың даму деңгейінен аталған жіктелімдердің негізінде сөйлеуші адам, оның танымында болып жатқан когнитивті процестер жатқанын анықтауға болады. Мысалы, бір сөйлеу жағдаятында орын алуы мүмкін мына сөйлесім түрлерін алып қаралық. 1. – Сен кітапханда болдың ба? Кеше барғанмын. 2. – Кім келді? – Апам ғой келген. 3. – Кім келді? – Апа, көрші бала келіп тұр?

Бір сөйлеу жағдаятында орын алған әрекеттер тілде әртүрлі шақ түрінде көрініс тапты. Егер оны сөйлеу жағдаятымен байланысты түсіндіретін болсақ, сөйлеп тұрған уақытта аяқталған әрекет жедел өткен шақта көрініс табуы қажет. Бірақ бір жағдайда әртүрлі адамдардың бірдей әрекеті әртүрлі шақ түрлері арқылы беріліп тұр. Неге? деген сұраққа құрылымдық грамматика түсінік бере алмайды. Сонымен байланысты шақ

категориясының қалыптасу механизмін терең зерттеу, пропозиция элементтерінің тілдік бірлік ретінде ұйымдасқанға дейінгі таным процесіндегі өзара байланысу механизмін зерттеу қажеттілігі туындайды. Сондықтан тілдік мән мен оның қолданысынан туындайтын мағына арасындағы сәйкессіздікті когнитивті лингвистиканың қағидалары негізінде зерттеу қайшылықты түсіндірудің жолдарын анықтайды деп ойлаймыз.

Когнитивті лингвистиканың мақсаты тілдік категорияларды таным процесінің нәтижесі – когнитивті модельдің туындысы ретінде қарастыру болып табылады. Әр ғылыми бағыттың ғылыми зерттеу аппараты, ұғым түсініктері болатыны сияқты когнитивті лингвистикада ғылым сала ретінде қалыптаса отырып, өз зерттеу қағидаларын, категориялары мен тірек ұғымдарын анықтады

Когнитивті лингвистиканың қағидалары:

– тілдік формалар арқылы бейнеленетін білім когнитивті модельдер түрінде жинақталған; тілдік категориялар когнитивті модельдердің нәтижесі болып табылады [3, 25; 4, 54]

– адамның әлемді тануы, концептуализациялау, категоризациялау процестері когнитивті модельдер арқылы жүзеге асады;

– Категориалды құрылымдар мен прототиптік модельдер сол ұйымдасқан білімнің тек нәтижесі болып табылады [5, 12]

– әлем туралы білім концептілер түрінде жинақталады, концепт когнитивті модель (құрылым) болып табылады, шынайы өмір туралы ақпарат – пропозиция – әртүрлі модельдерде бейнеленеді. Пропозиция объективті өмірде құбылыстар арасындағы, олардың қасиеттері арасындағы бар байланыстардың адамның тану, ойлау процестерінен өткен бейнесі болып табылады [4, 140] .

Когнитивті бағыт білімнің барлық формасын тілде бейнеленуімен салыстырып отыруды керек етеді. Етістік әлемді танудың нақты бір ситуациясын, кесіндісін бейнелейтін базалық категория ретінде өзіне көңіл аударады. Өйткені етістік сөйлемнің предикаты, ядросы қызметін атқаратындықтан, ол әлем туралы білім түрлерін байланыстырып, имплицитті түрді бірнеше білім құрылымдарын (категорияларды) өз бойына жинақтап тұрады. Әрекетті атайтын етістік оның уақытын, өту сипатын, оның иесін бір өзі – ақ жинақтап жеткізе алады. Сондықтан да етістіктің басқа сөз таптарымен салыстырғанда, грамматикалық категориялары көп болып табылады [6, 50]

Тілдік мәннің когнитивті негізін анықтау, ашу үшін өлшемдер керек. Р. Лэнекер өз зерттеулерінде ментальді кеңістік және когнитивті модельдер ұғымдарын енгізді. Ментальді кеңістік нақты сөйлеу жағдаятында орын алып, адамның тәжірибесі мен білім қорын қамтиды. Ментальді кеңістік өткен, осы, келер уақытпен байланысты ойлау процесін қамтиды. Ментальді кеңістік когнитивті модельдер арқылы құрылымға бөлінеді: бейнелік схемалық (жоғары – төмен, бүтін – бөлшек, негіз – жол – мақсат), пропозициялық құрылымдар (сценарий, скрипт, пропозиция, таксономия), метафоралық, метонимиялық когнитивті құрылымдардан тұрады. Етістік нақты сөйлеу жағдаятымен байланысты қолданылып, ментальді кеңістікті қалыптастырушы негізгі элемент қызметін атқарады. Лингвистикалық зерттеулер тілдің құрылымдық – жүйелік сипатымен байланысты зерттеу нысанын нақты құрылымдық, жүйелік сипатқа ие нақты бір өлшемдер бойынша қарастыруды керек етіп тұрады. Сонда зерттеу нақтылыққа ие болады. Сонымен байланысты болуы керек Р. Лэнекер сөйлеу жағдаятымен байланысты қалыптасатын ментальді кеңістіктің мазмұнын құрылымдарға бөледі. Прототиптік мән құрылым түрлерін анықтайтын мағыналық бөлшек болып табылады. Когнитивті грамматиканы зерттеушілер грамматикалық формалардың тілдік мәнінің көріну жиілігіне қарай прототиптік мәнді анықтап, оны сызба өлшем түрінде көрсету туралы иедяны ұсынды. Когнитивті грамматика мына үш теорияға сүйенуі керек деп есептейді Р. Лэнекер. Жиі қолданылатын тілдік бірліктің мысалы, морфема өзара байланысты бірнеше мағынаға ие. Бұл мағыналар белгілі бір жүйе құрайды. Жүйе прототиптік мағыналар және оның нақты жағдайларда көрінуі, түсіндірілуі болып табылатын түрлерінен құралады. Ч. Филлмор, Р. Лэнекер когнитивті грамматиканың негізгі мақсаты осы мағыналар жүйесін анықтау, жүйенің құрылу, байланысу заңдылықтарын анықтау болу керек деп есептейді [3, 27; 4, 30]. Екіншіден, кез келген тілдік мәнді когнитивті тұрғыдан сипаттауға, түсіндіруге болады. Өйткені тілдік мән когнитивті процестермен (концептуализация және категоризация процестерімен), когнитивті құрылымдармен байланысты. Үшінішіден, тілдік мәнді нақты бір сөйлеу жағдаятының немесе шынайы өмірдің объективті көшірмесі ретінде бағаламау керек. Адам шынайы өмірді әртүрлі модельдеуі мүмкін. Сондықтан өмір кесіндісін тілдік мән арқылы жеткізгенде, адам оған жаңа мағыналар үстейді.

Р.Лэнекердің пікірінше, когнитивті мазмұнды форматтау немесе бейнелі сызбасын сызу алты түрлі өлшемдермен іске асады. Бұл өлшемдерді Р. Лэнекер профиль деп атайды. Когниттвті мазмұннан элементтерді шығару немесе жіктеу үшін өлшем профильдер тілдік мәнмен байланысты анықталады [4, 2,30]. Мысалы, біздің жағдайымызда етістік арқылы берілетін әрекет кеңістік пен уақытта іске асады. Кез келген әрекет кеңістікте және уақытта іске асып, басталатын, аяқталатын, орын алатын, кеңістікте орнын өзгертетін болғандықтан, етістіктің когнитивті мазмұны осы екі категория арқылы ашылады.

Келесі өлшем – нақтылық. Әрекеттің іске асуы не аспауының нақтылануы. Нақтылық әрекет иелерінің қатысуы арқылы анықталады. Әрекеттің іске асуы обьектілердің қатысуымен нақтыланады. Нақтылық сөйлеушінің әрекетті бақылаушы не оны іске асырушы болуына қарай анықталады.

Келесі өлшем – предикацияның іске асуы. Әрекеттің оның иесімен байланысуы. Немесе сөздердің байланысында әрі мағыналық, әрі пропозициялық сәйкестіктің болуы.

Етістік өз лексикалық мағынасымен тұтас бір сөйлеу жағдаятын қамтитын болғандықтан, пропозиция мазмұнын құрылымдарға жіктеу үшін Ч.Филлмордың фреймдік семантика теориясы басшылыққа алынуы керек [3, 23]. Фреймдік семантика сөзбен байланысты адам танымында тәжірибе түрінде қалыптасқан білімді құрылымдарға жіктеудің әдісі ретінде қалыптасты. Концептінің – білім жиынтығының – адам танымында сақталуын әртүрлі сызбалар түрінде формалды көрсетуге болады. Қазіргі уақытта *фреймдік семантика* теориясы тілдің семантикалық аспектісі мен таным, ойлау процесінің когнитивті құрылымдары арасындағы байланысты зерттейтін әдіс болып қалыптасты. Тілдік бірлік мәнінің адамның таным тәжірибесіне тәуелділігін аша отырып, фреймдік семантика теориясы олардың нақты шекарасын бөліп көрсете алмайды. [5, 61]. Алғашқыда фрейм деп типтік ситуацияларымен ассоциацияланатын тілдік бірліктерді атады. Тіл білімінің қазіргі даму деңгейінде фреймге білім жиынтығы, тілдік бірлікпен байланысты ассоциацияланатын білім жиынтығы деген түсініктеме беріледі. Фреймдік зерттеулердің ұғымдық – категориялық аппаратын қарастыратын зерттеу жұмыстары жеткілікті болғандықтан, арнайы тоқталу қажет емес деп есептейміз.

Когнитивті бағыттағы зерттеулерде тілдік мән мен мағынаны ажырату маңызды болып табылады. Бұл екі ұғымның арақатынасы зерттеулерде әртүрлі түсіндіріледі. Мысалы,

Н.Н. Болдырев сөйлесім мағынасы шынайы өмірден алынған ақпаратты танымда категоризациялау негізінде қалыптасады деп есептейді. Категоризация дегеніміз оқиғаны нақты бір тілдік бірліктермен сәйкестендіру, репрезентациялау болып табылады. Тілдік бірліктермен сәйкестендіру барысында біз жалпы концептіні емес, нақы жағдайға байланысты оның көрінісін басқа тілдік бірліктермен байланысында береміз .Тілдік бірліктің сөйлеу үстіндегі қолданысы нақты жағдайға сай келетін концептіні белсендендіреді. Қолданыс үстінде бірнеше таным категориялары өзара байланысқа түседі де, тілдік бірлік арқылы жеткізілетін қалыпты прототиптік каегориялық мән жаңа қызметте көрінеді. Н.Н. Болдырев оны функционалды категоризация деп атайды [7, 164]

Етістіктің шақ категориясын когнитивті тұрғыда зерттеуде сөйлеу жағдаяты ұғымы шешуші орынға ие. Өйткені шақ, қимыл әрекеттің өтуі нақты жағдаятта орын алуына байланысты анықталады. Сөйлеу жағдаяты бір- бірімен байланысты обьектілерден құралады. [2, 15] Сөйлеу жағдаяты пропозициясында екі түрлі негізгі объект бар. Ол сөйлеу жағдаятына қатысушылар және олардың өзара байланысын сипаттайтын предикаттық белгілер. Сөйлесім пропозициясын қалыптастыратын негізгі компонент предикат болып табылады. шынайы өмірдегі субьектілер мен обьектілер сөйлесім мазмұнында қамтылмаса да, предикат олар мәнін анықтап тұрады.

Қазақ тіліндегі етістік шақтарының ішінде мақалада бұрынғы өткен шақ түрі қарастырылады.

Қазақ тілі білімінде шақ категориясын сөйлеу жағдаятымен, оның қатысушыларымен байланысты қарастыру Ы. Мамановтың зерттеулерінде орын алған. «Жедел өктен шақ формасының басқа шақ формаларынан шақты, мезгілді көрсету жағынан еш айырмашылығы жоқ. Бұлардың арасында мағыналық айырмашылық сөйлеушінің не қимыл иесінің өткендегі қимылға қатысын білдіруі.Сондықтан шақ формаларының атаулары шартты түрде қойылған терминдер.

Ғалым жедел өткен шақ пен бұрынғы өткен шақ туралы мынадай тұжырым айтады: «Жедел өткен шақ формасы мен бұрынғы өткен шақ формасының арасында мезгілді білдіру жағынан еш айырма жоқ». Жедел өктен шақ формасы әрекетті тек хабарлауды мақсат етсе, «ал бұ-

рынғы өткен шақ форасын сөйлеуші сөйлеу кезінен бұрын болған істі жай хабарлау түрінде емес, тыңдаушыға сол өткендегі істің, қимылдың болу, болмау нәтижесін түсіндіріп,соған көңіл аудару керек болған жағдайда қолданады» Өткен шақ формалары ауызекі сөйлеу тілінде болсын, баспа тілінде болсын бірінің орнына бірі ерікті түрде қолдана беруге көнбейді,өйткені олар дублет формалар емес. Сонымен қатар олардың шақтық мағынасы бірі бұрын, бірі кейін болған іс -әрекетті, қимылды білдірмейді. Бұрынғы өткен шақ деп аталуы ондағы қимылдың жедел өткен шақ формасы көрсететін қимылдан бұрын болғандығында емес.Бұл шартты түрде берілген грамматикалық термин. Демек, жедел өткен шақ пен бұрынғы өткен шақтың арасындағы айырмашылық мезгілдік мағына білдіруінде емес, олардың әрқайсысына тән семантикасында». [8, 171]

Ғалымның «мағына» сөзін емес, семантика сөзін қолдануында үлкен мән бар. Ол «семантика» деген сөз арқылы шақ түрінің қолданылуын анықтайтын лексикалық мағына не грамматкиалық мағына ғана емес, одан да күрделі құрылымдар бар екенін айтқысы келген шығар.

Фреймдік семнантика теориясына сай етістіктің өткен шақ категориясын когнитивті тұрғыда зерттеу өлшемдерінің сызбасын құрастырдық. Шақ категориясы концепт ретінде когнитивті құрылымнан тұрады.

Фрейм түрлері					
уақыт	қазір аяқталған/аяқталған		бұрын аяқталған		аяқталмаған
кеңістік	сөйлеу жағдаяты орнында		одан тыс		
нақтылық	нақты іске асқан		нақты іске аспаған		
субьектілік	нақты сөйлеу жағдаятында бар қатысушы		бақылаушы		
әрекеттің өту фазасы	қайталамалы		басталуы	аяқталуы	созылуы
сөйлеу мақсаты	хабарлау	нақтылау	болжау	дәлелдеу	баяндау

Ұсынылған сызба бойынша мына сөйлемді талдап көрелік: Конференция кеше болған.

– уақыт : аяқталған;

– кеңістік бойынша : сөйлеу жағдаятынан тыс;

– нақтылық : нақты іске асқан;

– субьектілік : сөйлеуші бақылаушы ретінде қатысқан;

– әрекеттің өту фазасы : аяқталған;

– сөйлеу мақсаты : нақтылау

Қазақ тілінің морфологиялық формалары арқылы берілетін шақ категориясы антропоцентрлік және дейктік сипатқа ие. Басқаша айтқанда, уақыттың сөйлемде морфологиялық формалар арқылы берілуі сөйлеуші мен нақты сөйлеу жағдаятына қарай анықталады. Шақ категориясын жеткізуші формалар сөйлеушінің оқиғаға қатысы барын не жоғын да жеткізе алады. Мысалы, «барғанмын, бардым, барыпты» етістіктеріндегі шақ формалары уақыттың сөйлеу жағдаятымен салыстырғанда алыс / жақындығын емес, сөйлеушінің сөйлемде берілген пропозияцияға қатысын, көзқарасын (қажет, маңызды, маңызды емес), бағасын да жеткізіп тұр. Яғни қазақ тіліндегі шақ категориясының морфологиялық жүйесінің негізінде сөйлеуші адамның когнитивті таным модельдері жатыр.

Кез келген сөйлесім сөйлеу жағдаятында сөйлеу актісі түрінде дүниеге келетіндіктен, оның қалыптасу механизмін когнитивті аспектіде қарастыру сөйлесім семантикасын зерттеудің жаңа мүмкіндіктерін ашады. Етістіктің өткен шақ категориясының түрлері жеке – жеке форма емес, бір шақтық мағынаның варианттылық көрінісі болып табылады.

Қазақ тіл білімінде дамып келе жатқан когнитивті грамматика саласы өз мазмұны мен ауқымын толыққанды қалыптастырып болған жоқ [9]. Ал оның ғылыми – зерттеу ұғымдарының дұрыс қалыптасуы алдағы уақытта сапалы ғылыми зерттеулерді дүниеге келтіреді деп ойлаймыз.

Әдебиеттер

1 Ахметжанова, З. К. Функционально-семантические поля русского и казахского языков Алма-Ата, Наука − 1989 – 108 с

2 Жаңабекова А.Ә. Қазақ тіліндегі функционалды –семантикалық темпоралдылық категориясы.-Алматы: «Елтаным» баспасы»,2012. − 154 б.

3 Филлмор Ч. Фреймы и семантика понимания / Новое в зарубежной лингвистике. Вып. 23.- 1988 – 320 с.

4 Лакофф Д., Джонсон М. Метафоры, которыми мы живем/ Когнитивные аспекты языка. – В кн.:Новое в зарубежной лингвистике, вып. XXIII. Москва – 1988 – 320 с.

5 Кубрякова, Е.С. Язык и знание: На пути получения знаний о языке: Части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира/ Е.С. Кубрякова. – Москва – Языки славянской культуры, 2004 – 560 с.

6 Болдырев Н.Н. Когнитивный подход к изучению глагола и глагольных категории// Традиционные проблемы языкознания в свете новых парадигм знания.Москва –2000. – С. 50-63.

7 Болдырев. Н.Н. Фреймовая семантика как метод когнитивного анализа языковых единиц/ Моделирование процессов функциональной категоризации глагола. Тамбов:Изд-во ТГУ.,2000 – С. 163-171.

8 Маманов Ы. Қазақ тілі білімінің мәселелері. Қазіргі қазақ тілі тарауы. Алматы, Арыс баспасы, 2007 – 105-107 беттер

9 Жубаева О. Грамматические категории как отражение этнокультурной специфики языка. www.rusnauka.com/12_KPSN.../3_167073.doc.htm

References

1 Akhmetzhanova, Z.K. Funkcionalno-semanticheskiye polya russkogo i kazakhskogo yazyka Alma-Ata, Nauka – 1989 – 108 c

2 Zhanabekova A.A. Kazakh tilindegi funkcionaldy-semantikalyk temporaldyk kategoriyasy.- Almaty: «Eltanym» baspasy», 2012. – 154 b.

3 Fillmor Ch. Freimy i semantika ponimaniya / Novoe v zarubezhnoy lingvistike. Vyp.23.- 1988- 320 c.

4 Lakoff D., Johnson M. Metafory, kotorymi my zhivem/ Kognitivnye aspekty yazyka. – V kn.: Novoe v zarubezhnoi lingvistike, vyp. XXIII. Moskva – 1988 – 320 c.

5 Kubryakova, E.S. Yazyk I znanie: Na puti polucheniya znanii o yazike: Chasti rechi s kognitivnoi tochki zreniya. Rol` yazyka v poznanii mira/ E.S. Kubryakova. – Moskva – Yazyki slavyanskoi kul`tury, 2004- 560 c.

6 Boldyrev N.N. Kognitivnyi podhod k izuchenyu glagola I glagolnykh kategorii// Tradicionnye problemy yazykozhaniya v svete novykh paradigm znaniya. Moskva – 2000. – C. 50-63

7 Boldyrev. N.N. Freimovaya semantika kak metod kognitivnogo analiza yazykovykh edinic/ Modelirovanie proccesov funkcionalnoi kategorizacii glagola. Tambov: Izd-vo TGU., 2007 – C.163-171.

8 Mamanov Y. Kazakh tili biliminin maseleleri. Kazirgi Kazakh tili tarauy. Almaty, Arys baspasy, 2007 – 105-107

9 Zhubayeva O. Grammaticheskye kategorii kak otrazhenie etnokul`turnoi specifiki yazyka. www.rusnauka.com/12_KPSN.../3_167073.doc.htm

Ешметова Б.Б.,
Есимбекова Н.Е.

Түркі халықтары дүниетанымында «әйел» бейнесінің өзіндік ерекшеліктері

«Әйел» тақырыбы – қоғамда мәңгілік қозғалып отыратын тақырыптардың бірі болып саналады. Кез-келген мәдениетте әйелдің атқаратын қызметінен, қоғамда алатын орнынан, өзіндік қасиеттері мен ерекшеліктерінен құралған стереотиптер жүйесі.

Мақала әйел тақырыбына арналған. Қазіргі таңда әсіресе әйелананың қоғамдағы орны мен атқаратын қызметіне байланысты көзқарастар алуан түрлі. Қалай болса да, ананы құрметтеу, әйелді ардақтау бүкіл түркі халықтарына ортақ, ата-бабаларымыздан келе жатқан салт-дәстүр.

Түйін сөздер: тарих, түркі халықтары, мәдениет, қоғамдық көзқарас.

Yeshmetova B.B.,
Yessimbekova N.E.

It features an image of «woman» in the worldview of Turkic peoples

The theme of «Women and the society is relevant of all time. It is a projection of stereotypes of women as a social media prescribed qualities and properties, formed on the basis of the roles of women in society. That is why this theme is always under discussion. Especially a lot of controversy and opinions about the role of women in society and on the functions that a woman takes. Whatever it was, to respect the woman, respect the mother is a long-standing tradition of the Turkic peoples, which is transmitted from generation to generation.

Key words: history, Turkic peoples, culture, public opinion.

Ешметова Б.Б.,
Есимбекова Н.Е.

Особенности образа «женщина» в мировозрении тюркских народов

Тема «женщины и общества» является актуальной всех времен. Она представляет собой проекцию стереотипных представлений о женщине, как о носителе социально предписанных качеств и свойств, сформировавшихся на основе ролей, выполняемых женщиной в обществе. Именно поэтому эта тема всегда подвергается обсуждению. Особенно много разногласий и мнений о роли женщины в обществе и о функциях которые женщина исполняет. Как бы то ни было, уважать женщину, уважать мать является давней традицией всех тюркских народов, которое передается из поколения в поколение.

Ключевые слова: история, тюркские народы, культура, общественное мнение.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 81:372.881

Ешметова Б.Б.[1], Есимбекова Н.Е.[2],

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
[1]магистрі, [2]магистрі, Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: zhan_bal@mail.ru; naza_yes@mail.ru

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫ ДҮНИЕТАНЫМЫНДА «ӘЙЕЛ» БЕЙНЕСІНІҢ ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Кез келген мәдениет аз уақытта күшпен орнамайтынын, халық мәдениетін реттейтін факторлардың ғасырлар бойы қалыптасатынын тарих көрсетіп отыр. Ежелгі түркілердің ең көне дүниетанымында қалыптасқан дүниенің қос жыныстық бастауы туралы түсініктерінде дүниенің өте белсенді, қозғалмалы, шығармашылық бастамасы әйел болып табылатын. Сондықтан түркі мәдениетіндегі архетиптік әйел бейнелерін зерттеудің маңызы зор.

Түркі халықтары дүниетанымында кездесетін архетиптік әйел бейнелерінің ішіндегі ең бастысы *Тәңір-Ана бейнесі*. Тәңір-Ананың негізгі функцияларын саралай келсек, оның басты атқаратын қызметі – жасампаздық болғанын байқаймыз. Бұл жасампаздық функциясының бірнеше қыры бар: Жаратушы Тәңірдің жұбайы ретінде (бұл салада ол Жермен сәйкестендіріледі) ғалам жасау ісіне қатысады; Ғаламды мекен ететін, тіршілік ететін тірі пенделерді (тәңіриелерді, адамдарды, жануарларды, құбыжықтарды) жасауға қатысады [1, 48].

Тарихқа көз жүгіртсек, көшпенді түркі халықтары әрқашанда ананы қастерлеген. Жарын сүйген. Қызын қырық үйден тия отырып, алақанына салып әспеттеп еркелеткен. Қызды қашанда жат жұрттық деп, жас күнінен отбасының сенімді серігі, қара қазанның иесі, үйдің ұйытқысы ретінде ұзатқанға дейін тек тәрбие берген.

Сақ тайпаларының көне түркілермен генеологиялық байланысының болып-болмағаны көмескілеу көрінгенімен, географиялық байланысының бар екені баршаға мәлім. Көне түркілерде патриархалды басқару жүйесі бекігенімен, олардың дүниетанымында әйел затына деген құрмет ерекше еді. Түркілер әйелді күнделікті тұрмыста шаңырақтың бір уығын көтерісетін ер адамның қосағы деп ғана түсінген жоқ, әйел затын қасиетті «Ұмай ананың» сарқыты деп бағалады [2, 68].

Ұмайдың түркі дүниетанымындағы бейнесінен оның әйел тәңір екендігіне күмән қалмайды. «Ежелгі түріктер Ұмайды өте сұлу және қайырымды, күліп-ойнайтын, күміс шашымен аспанды жарқыратқан, күн сәулесімен кемпір қосақ шомылған, қолында балаларды қорғайтын алтын садағы бар жас келіншек, әйтпесе қыз ретінде таныған» [2, 69].

Ұмай ана түсінігі жалпы түркі халықтары танымындағы «әйел» бейнесін толығымен ашып көрсетеді. Түркілердің «Ұмай ана» түсінігінде әйел тегіне деген терең ұғым жатыр.

Көне түркілердің мифиологиясында «Ұмай ана» ұрпақ жалғастығын жебейтін періште саналады. Көне түркінің дүниетанымында «Ұмай анадан» өзге «бес ене» түсінігі де болған. Пендені желеп-жебейтін Ұмай ана, Май ана, От ене, Ұмайық және Бай әжені «бес ене» деп қабылдаған [2, 72].

Соған қоса түркілер «Ұмай ана» деп Адам атаның қосағы Хауа ананы айтқан секілді. Себебі, белгілі руника зерттеушісі Қ.Сартқожаұлы да Орхон-Енесей тас жазуында түркілердің «Ұмай текті ұрпақ» деген тіркестерді қолданғанын жеткізеді. Демек, түркілер «Ұмай ананы» Тәңірге баламай, керісінше оның жатырынан жаралғанын пайымдаған [3, 55].

Тағы бір түркі халықтарындағы әйел бейнесін Қорқыт атаның *«әйел пайымында»* көре аламыз.

Түркілердің Исламға дейінгі дүниетанымынан сыр шертетін жауһар туындылардың бірі «Қорқыт ата кітабы» екені бәрімізге аян. Бұл тарихи шығармада түркілердің әйел туралы пайымдаулары да көрініс береді.«Қорқыт ата кітабын» терең зерттеген Ә.Қоңыратбаев туындының бүгінге жеткен нұсқасына мұсылмандық құндылықтардың да кіріккенін айтады. «Қорқыт ата кітабындағы» нәзік жандыларға қатысты пайымдаулар көне түркінің әйел танымын әйгілейтіні анық.

Қорқыт атаның пайымдауынша әйел төрт түрлі болады. Оның бірі – ниеті қураған әйел, екіншісі – ынсапсыз әйел, үшіншісі – үйдің құты болған әйел, төртіншісі – кесір әйел. Әйел біткеннің ең жаманы осы екен [4, 50].

Отбасының құты (тірегі) болған әйел даладан бір қонақ келсе, үйінде ері болмаса да, оған сусын беріп, бар дәмін алдына қояды, сыйлап аттандырып салады. Бұлар – Айша мен Фатимадан бата алған әйелдер [4, 52].

Одан соңғысы – *ынсапсыз, қанағатсыз әйел*. Ондай әйел таңертең төсегінен тұрып, беті-қолын жумастан тоғыз тоқаштың бәрін аударыстырып, ең тәуірін таңдап жейді, аузын томпайтады, бір шелек айранды басына көтеріп, қарынды қампитады, содан соң маңдайын сабалап, жылана бастайды да: «Қараң қалғыр, осы күйеуге мен қайдан душар болдым. Бір күн қарным тойып ас ішпедім, жүзіме күлкі келмеді, аяғыма ілген кебісім болмады, бетімнен перде түспеді. Ерім өліп басқаға тисем, бағым ашылар еді, сол үмітім өшпесін», – дейді [4, 55].

Одан соңғысын ***салақ әйел*** дейміз. Ондай әйел төсегінен тұрған соң беті-қолын жуады, үйдің ол шеті мен бұл шетіне қарайды да, күбіні абыл-құбыл етіп, көрпе-төсегін жинайды. Содан соң «шуу!» – деп ауыл кезіп, түс қайта үйіне оралады. Келсе үйі ұрланған, қазан-аяғын ит жалаған, бие-бұзау сүйкеніп, үйдің қорадағы байлаулы қалған сиыры мөңірейді. Келе сала әйел көршілеріне барып, шаптыға бастайды [4, 5].

Ең соңғысы – *адам тілін алмайтын кесір (қырсық) әйел.* Ондай әйелге мың сөз айтсаң, соның бәріне жауап қатады, бірақ ерінің айтқанын құлаққа ілмейді. Ондай әйелді Нұх пайғамбардың көз жасынан пайда болғандар дейміз [4, 57].

Ал енді жаплы тарихта өшпес із қалдырған, ақылдылығымен, парасаттылығымен, шешендігімен танылған, ел билеген әйел-аналарымызға тоқталайық:

Томирис – Тұран патшасы Афрасиябтың қызы. Патшайым болып ел басқарған батыр қыз [5, 177].

Зарина – Сақ патшасының қыз. Ел тағдыры үшін өз махаббатын құрбан етеді. «Жеке басымның бақытын елімнің еркіндігіне айырбастай алмаймын. Махаббаттан да жоғары нәрсе бар, ол – менің елім», – дейді Зарина [6, 25]

Бөрте ханым – Шыңғыс ханның әйелі. Қоңырат тайпасының қызы. Жат елдікке пенде болғанмен ұрпақ тәрбиесінде өз елінің ұлттық тағылымын меңгерте білген [5, 150].

Гауһар – Қабанбай батырдың жары, арғын – бәсентин Малайсары батырдың қарындасы [5, 152].

Есенбике – Олжабай батырдың анасы, үйсін Қарасай батырдың қызы. [5, 153].

Назым – Қабанбай батырдың қызы [5, 158].

Айтолқын – Абылай ханның қызы [5, 147].

Бопай – Кенесарының қарындасы, бес жүз сарбазды басқарып, Ресей отаршылдарына қарсы соғыста ерен ерлік көрсеткен батыр қыз [5, 151].

Қалампыр ана – Балуан Шолақтың анасы [5, 154].

Домалақ ана (Нұрила) – Бәйдібек бидің әйелі. Нұрила барлық адамдарға өте мейірімді, ақылды, әулие әйел болған. [5, 160].

Шығыс тілдерін білген, өз халқының мұң – мұқтажы туралы Ресей Сыртқы істер министрлігінің Азиялық департаменті мен үкіметінің Сібір комитетімен хат алысып тұрған *Айғаным ханша* тәрізді ел арасында беделі жоғары әйел аналар аз болмаған. Осы жерде қазақ әйеліне ерекше тоқталып кетпесек болмас.

Қазақ әйелдері ұрпақ тәрбиесінен өзге қоғамның барлық істеріне тікелей болмаса да қатысып, өздерінің көзқарастарын танытқан. Хандар мен сұлтандардың, батырлар мен билердің ақылшы, кеңесшілері ретінде кең далаға танылған.

Ел арасындағы әр түрлі мәселелер және ауыл отбасы тағдыры көбінесе әйелдердің араласынсыз, тек ерлер арасында, онда да ақсақалдар мен билер арасында шешілетін. Мұндай мәселелерде әйел тілін алу, онымен ақылдасу, ойын білу деген атымен жоқ болатын. Мұндай жағдай олардың тек әйел екендігіне байланысты теңсіздік емес, оның негізі партиархалды – рулық қатынастардың салдарымен тығыз байланысты. Үй ішінің тағдырына әр қазақ әйелі белсене қатынасып отыруға міндетті болды. Отбасының тіршілігі әйел әрекеті мен еңбегіне байланысты жүрді. Сондықтан олар үй іші мәселесінде өзін еркін ұстайтын да, өз бетімен жұмыстарын атқарып, ерлерінің нағыз көмекшісі болатын.

Қазақ дәстүрінде әйелдің үй ішіндегі еркіндігі отбасының атына нұқсан келтірмей, қайта намысын қорғайтын болса, ел аузына ілініп, өзгеге үлгі ретінде айтылып, үлкен мадақ пен сыйға бөленетін.

Шаруаның негізгісі мал өсіру, егін салу болса, малды түзде бағып- қағу, оған жемшөп дайындау, егін егу, оны суару, жинау ісіне әйелдер тікелей араласа қоймайтын, ондай ауыр жұмыс әр уақытта ерлердің ісі болып есептелетін. Тамақ дайындау, киім тігу, жүн сабау, киіз басу, жіп иіріп, алаша, кілем тоқу, әр түрлі үй бұйымдарын тігу, мал сауу, кір жуып, үй жинау, көші – қонның кезінде тең буып, оны шешу, үй жығып, оны тігу, жас балалар мен қартайған ата – енесіне қарау, т.б. үй ішінің ұсақ – түйек шаруасы түгелдей әйелдер мойнында болды. Үй шаруасына жалшылар ұстайтын ірі байлардың әйелдері мұндай шаруаларістемейтін. Олар тек басшылық етіп, жеңіл – желпі киім тігіп, ши орап, кесте тігіп, бала бағудан басқаға араласпайтын. Ал орта шаруалар мен кедейлердің әйелдерінің жұмысы тіпті көп болатын. Олар өз шаруасына қоса, бай туысының үй шаруасына да көмектесетін. Қысты күні үйде тұрған малға қарау көбінесе әйелдер мен бала – шағаның міндетіне жататын.

Қазақ әйелдері мал сатып, қаладағы базарға баруға араласпағанымен, үйдегі шаруаға тікелей қатысып, оған өзінің ықпалын жүргізетін. Үй іші шаруасын ұйымдастыруда да ері әйелімен ылғи ақылдасатын. Егер әйел ақылды болса, ол тек еріне ғана емес, онымен бірге бүкіл ауылға да өзінің ықпалын тигізетіндіктен, мұндай әйелдерге күйеулері өздерінің өмірлік серігі ретінде қараған. Осындай жағдайлардың орын алғандығын тарихи деректер дәйектейді. Ері жоқта есті әйел оны жоқтатпай, барлық жұмысқа өзі басшылық ететін. Мұндай әйелдер тарапынан еш уақытта ұрыс – жанжал шықпайтын. Үлкен – кішіні бірдей сыйлап, керек жерінде жарасымды әзіл айтып, жолынан жаңылмай тұрған әйелдердің отбасындағы ықпалы күшті болатын.

Ал түрік халқында әйел-анаға байланысты қалыптасқан көзқарас сонау Османлы дәуірінен басталады. Османлы әйелінің қоғамдық ережесі және тіршілігімен байланысты кейбір маңызды мағлұматтарды кезеңнің еуропалық саяхатшыларының шығармаларында да байқауға болады. 18-ғасырда Түркияға келген Мэри Уортли Монтегю Османлы әйелінің еуропалық әйелдермен салыстырғанда еркін екенін атап көрсетеді. Элизабет Крейвен де *«Түркиядағы сияқты әйелдер ие болған ауқымды еркіндік пен мүмкіншіліктерді басқа бір мемлекетте көрген жоқпын. Түріктердің біз әйелдерге деген ұстанымы барлық ұлттарға үлгі болуға тиісті»* дейді [7, 5].

Асыл дініміз бойынша, әз аналардың ту басында Адам пайғамбардың қосағы Хауа анамыз тұрады. Мұса пайғамбарды тәрбиелеген Әсия анамыз (Перғауынның зайыбы), Иса пайғамбардың анасы Мәриям анамыз да дініміз бойынша алғашқылардың қатарында. Пайғамбарымыздың зайыптары – Хадиша, Айша, қызы Фатима аналарымыз бастаған әз аналардың жолы да, жөні де бөлек. Олар туралы сөз басқа. Шыңғыс ханның зайыбы Бөрте ханымды да тарихтағы ұлы аналардың қатарына қоюға болады. Әлем әміршісіне ақыл-парасатымен айтқанын істете білген, дүниені билеген төрт ұлдың анасы! Көшім ханның зайыбы Сүзге сұлу ше? Қазанды билеген Сүйімбике ханша, қырғыздың Құрманжан датқасы кімнен кем?! Құрманжан датқа – түбі бір түркі жұртынан шыққан бірден-бір әйел датқа, генерал, полковник болуымен ғана емес, ел басқарған көсемдігімен, сөз бастаған шешендігімен, қара қылды қақ жарған әділдігімен, ер жүрек батырлығымен ел есінде қалған тұлға. Шоқанның әжесі Айғаным ханшаны ауызға қалай алмасқа?!

Мақаланың тақырыбы «әйел» болғандықтан, әйел туралы мәліметтерді тарихтың терең тұғырынан алып жатырмыз. Өйткені өткен өмірді еске алмай, болашаққа адым аттай алмаймыз.

Жалпы түркі халықтарының болмысындағы, дүниетанымындағы бар игі қасиеттерді тілін,

ділін, дінін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, ұлттық дәстүрін баласынан немересіне, немересінен шөбересіне жеткізуші, дарытушы, дамытушы әйел ана деп санаған.

Халқымыздың татулығын, береке – бірлігін келтіруші ана екендігіне тарих куә. «Ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» [8, 35] деген халық даналығы осыдан туған. Қыздарын *«қыздың жолы жіңішке»* [8, 68] дей отырып, жан – жақты тәрбиелеген, еш уақытта оны кемсітіп, төмендетпеген. Қайта қыз баланың бойына әдептілік, инабаттылықпен бірге дала әдебіне сәйкес өткірлік, қайсарлық, шынайы намыс тәрізді қасиеттерді қоса дамытып отырған. Сондай-ақ тәлім-тәрбие, күш-жігер зая кетпеген.

Әйелдер – ұрпақ тәрбиесінен өзге қоғамның барлық істеріне тікелей болмаса да қатысып, өздерінің көзқарастарын танытқан. Хандар мен сұлтандардың, батырлар мен билердің ақылшы, кеңесшілері ретінде кең далаға танылған.«*Қызға қырық үйден тыю*» деген дана философиялық қағидаға орай ата – бабаларымыз қыз баланың тәрбиесіне ерекше мән берген. «*Қыз өссе елдің көркі*» дегенге сай болу үшін оны адамгершілікке, парасаттылыққа, еңбек сүйгіштікке, әдемілікке баулыған. «*Қыз жат жұрттық*» деп айтылып, өмірден сабақ ала білген бабаларымыз бөтен елде қыздарының тәрбиелігімен, көргендігімен дараланғанын қалады. Сол үшін де ата салттың мәнін өзгертпей, оны қатаң сақтап, келесі ұрпаққа жеткізіп отырды. Нәтижесінде қыздар адами киелі қасиеттерді бойына жинап, өзге халықтардан ерекшеленді. Әсіресе қыздардың еңбек сүйгіш қасиеттері оларды отбасыны, сондай-ақ бүкіл дәстүрлі шаруашылықтың ұйытқысына айналдырды.

Ұлтымыздың асыл қасиеттері ұрпақтарымыздың бойына ананың ақ уызы мен ақ сүті арқылы дарып, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасады. Сонда әйел-ана – адамзат ұрпағын жалғастырушы ғана емес, халқымыздың салт-санасын, әдеп-ғұрып, дәстүрлерін, тілін, ділін, дінін, яғни ұлтымыздың барша асыл қасиеттерін де желеп-жебеп сақтаушы, оны ғасырдан-ғасырға жалғастырушы болып табылатын дәнекер.

Сөздің астарына келер болсақ, әйелдің бақыты – ең әуелі ана бақыты. Өзін ана ретінде танып, аналық сезімнің құдіретін сезінбеген әйел өмірдің бар қызығын көрсе де көңілі құлазитын болады.

Әдебиеттер

1 Гумилев Л.Н. Көне түріктер ауд.: Ә. Жұмабаев, П. Бейсенов. – Алматы: Білім, 1994. – 480 б.
2 Орынбеков М. Ежелгі қазақтың дүниетанымы. – Алматы, 1996. – Б. 168.
3 Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары: тарихнамалық – деректанулық талдау. – Астана, 2003. – 392 б.
4 Қорқыт ата кітабы оғыздардың батырлық жырлары: орыс тілінен аударған Ә. Қоңыратбаев М. Байділдаиев. – Алматы: Жазушы, 1986. – 128 б.
5 Қондыбай С. Арғықазақ мифологиясы. – Алматы: Дайк – Пресс, 2004. – 504 б.
6 Аргынбаев Х. Семья и быт казахского народа. – Алма-Ата, 1979. – 84 б.
7 Türkiyede kadın incelemesi – Aytunç Altındal, Anahtar Kitaplar Yayınevi 1991, 1. – Basım. –248 S.
8 Қазақтың 7777 мақал-мәтелдері, құрастырушы Ж. Кейкін – 2010. – 2 басылым. – 440 б.

References

1 L. Gumilyov.N. R-N. the ancient Turks.: A. Zhumabayev, P. Beisenov. – Almaty: Bilim, 1994. – 480 p.
2 M. Orynbekov. In the ancient worldview. – Almaty, 1996. – B. 168.
3 K. Sartkozhauly. Orkhon heritage: historiography – source research. – Astana, 2003. – 392 p.
The book Korkyt ATA in Kyzyl Kent, tell the verses 4: And translated from Russian into. M Arch. Baidildayev. – Almaty: Zhazushy, 1986. – 128 p.
5 S. Kondybay. Ariyasu mythology. – Almaty: Dyke – Press, 2004. – 504 p.
6 X Argynbaev. Family and life of Kazakh people. – Alma-ATA, 1979. – 84 b.
Kadın Türkiyede 7 incelemesi – Aytunç Altındal, Anahtar Kitaplar Yayınevi 1991, 1. – Basım. It's 248 S.
8 7777 sayings, Proverbs, compiled by G. Cakn – 2010. – 2nd edition. – 440 S.

Исаева Ж.

Шерхан Мұртаза шығармаларының тілі

Әрбір ұлттың адамзат қоғамындағы тарихи-мәдени ролін, өркениетке қосқан үлесін, рухани болмысы мен ментальдық құндылығын бағалағанда оның даналық қорында, жазушы көркем прозасында жинақталып, қалыптасқан мақалдары мен мәтелдерінің ауқымын ғана емес, дүниетанымдық ой-парасатының тұңғиық теңдігін де, шарықтау шегінің биіктігі мен мазмұн-мәнінің кеңдігін де ескерген абзал. Осы тұрғыдан алып қарағанымызда қазақ мақал-мәтелдерінің өткен өмірі мен бүгінгі болмысты танып білудегі логикалық, философиялық, дүниетанымдық, эстетикалық, тағылымдық, прагматикалық, этнолингвистикалық мәні өте зор. Ш. Мұртазаның тіл жөнінен ұлылығы сонда, ол бір жағынан қазақтың көркем сөз үлгісінің барлық қадір-қасиетін, түр сипатын өз туындыларында молынан қамтып көрсете білсе, өзіндік қасиет, ол – шешендік үлгісі десек де ағаттық болмайды. Мақаламызда жазушының көркем прозасындағы паремиологиялық бірліктердің берілуін, қолдану өрісін, этнолингвистикалық сипатын айқындап, семантикалық тұрғыдан талдауды негізгі нысана етіп алдық.

Түйін сөздер: паремиологиялық бірліктер, мақал-мәтелдер, коннотативті мағына, кейіпкерлер сөзі, көркем сөз үлгісі, поэтикалық тіркестер, халық даналығы, өсиет, тәлім, парасат, ізгілік.

Isayeva Zh.

Language of works of Sherkhan Murtaza

In an assessment of spiritual and moral culture and mental features of the people, and also in studying of a place and role of the separate people in the history of a civilization of mankind, a cultural and historical role of the nation it is necessary to consider not only quantity and volume of proverbs and sayings in art prose of the writer, but also the special attention needs to be paid to semantic contents of instructive words and the paremiologicheskikh of units, versatility of their contents. In this regard, in studying of the historical past and the present of the Kazakh proverbs and sayings it is necessary to consider a logical, philosophical, informative, esthetic, pragmatical, ethnolinguistic component of these language units. Sherkhan Murtaza's skill is that he fully could use all richness of words of the Kazakh language in the works, capture and show deep meanings of each word, make language of the works a model of oratory. In article the question of ways of transfer the paremiological units in art prose of the writer, dynamics of their use, the ethnolinguistic characteristic, and also features of the semantic analysis of proverbs and sayings of the Kazakh language is considered.

Key words: paremiological units, proverbs and sayings, connotive value, words of heroes, model of artistic speech, poetic phrases, popular wisdom, will, study, intelligence, sincerity.

Исаева Ж.

Язык произведений Шерхана Муртазы

В оценке духовно-нравственной культуры и ментальных особенностей народа, а также в изучении места и роли отдельного народа в истории цивилизации человечества, культурно-исторической роли нации необходимо учитывать не только количество и объем пословиц и поговорок в художественной прозе писателя, но также особое внимание необходимо уделять смысловому содержанию назидательных слов и паремиологических единиц, многогранности их содержания. В этой связи, в изучении исторического прошлого и настоящего казахских пословиц и поговорок необходимо учитывать логическую, философскую, познавательную, эстетическую, прагматическую, этнолингвистическую составляющую данных языковых единиц. Мастерство Шерхана Муртазы заключается в том, что он в полной мере смог использовать в своих произведениях все богатство слов казахского языка, охватить и показать глубинные смыслы каждого слова, сделать язык своих произведений образцом ораторского искусства. В статье рассматривается вопрос способов передачи пармиологических единиц в художественной прозе писателя, динамику их использования, этнолингвистическую характеристику, а также особенности семантического анализа пословиц и поговорок казахского языка.

Ключевые слова: паремиологические единицы, пословицы-поговорки, коннотативное значение, слова героев, модель художественной речи, поэтические фразы, народная мудрость, завещание, учеба, интеллект, искренность.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 419.992 71:398.9

Исаева Ж.,

Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің
доценті, ф. ғ. к., Түркістан қ., Қазақстан,
e-mail: jazirhon79@mail.ru

ШЕРХАН МҰРТАЗА ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТІЛІ

Ш. Мұртазаның тіл жөнінен ұлылығы сонда, ол бір жағынан қазақтың көркем сөз үлгісінің барлық қадір-қасиетін, түр сипатын өз туындыларында молынан қамтып көрсете білсе, өзіндік қасиет, ол – шешендік үлгісі десек де ағаттық болмайды. Жазушы қазақ тілінің бар сөздік байлығын мүмкіндігінше жеріне жеткізе пайдаланады, тілімізде ұмытыла бастаған сөздерді өмірге қайта әкелді, кейбірлерін жаңа қырынан танытты, соны тіркестер жасады.

Сиқырлы сөз құдіретін, табиғатын терең меңгерген поэтикалық дарынды дала данышпаны Ш. Мұртазаның шығармашылық фантазиясынан туындаған шығармалары еңбекші халық болмысының аса бір биік шыңы.

Мақаламызда жазушының көркем прозасындағы паремиологиялық бірліктердің берілуін, қолдану өрісін, этнолингвистикалық сипатын айқындап, семантикалық тұрғыдан талдауды негізгі нысана етіп алдық

Мысалы: «Ас – адамның арқауы», – дейді қазақ. Адам ағзасында «арқау» деген мүше жоқ. Рас, өрмекте арқау бар. Ауылдың кемпірлері өрмек тоқығанда талай көргенмін. Арқау болмаса, алаша тоқылмайды.

Ендеше, өзек те сол арқау сияқты ұғым болды ғой. Адамды адам етіп, екі аяғынан тұрғызып, бойын тік көтеріп тұрған сол арқау, немесе өзек, яғни – ас [1, 175]. Осындағы «Ас – адамның арқауы» мақалы коннотативті мағынасында келтіріліп, ас адамның өмір сүріп, бойына күш-қуат беруіне аса қажетті заттардың, өрмектің көлденең жібі арқауындай, ең бастысы, құнарлы да қуатты қорегі болып саналатындығы мағынасында қолданылады.

«Асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар» – деп, Айша талай айтты. Асықты да ойнадым ұтылып қалдым. Допты да ойнадым ұтылып қалдым. Допты ойнап жүргенімде, не сиырды бұзау еміп қояды, не жәутік Батырхан отқа түсіп кете жаздайды. Әйтеуір, қырсығым көп [1, 70].

Бұл мақал Асық ойнаған озар, Топ ойнаған тозар, Бәрінен де қой бағып, Көтен мойын жеген озар коннотативті мағынасында, яғни әр түрлі ойынның артына түсіп арып-ашып, азып-тозып жүргеннен гөрі көшпелі өмірдің тіршілігі – қой бағып, еңбек қылып, тамақ тойғызу абзал дегенді білдіреді.

Жоғарыда аталған мақалды ғалым Ә. Қайдар: «Мақал кезінде үстем тап өкілдері тарапынан шығарылғандығы белгілі», – дейді [2, 202].

Поэтикалық тіркестер арқылы жазушы азапты өмірдің тақсіретін тартып, шаршап, шалдыққан жанның аянышты халін, әркімнің бет-бетімен бытырап кеткен тұстарын, аша түскен қабат қолдану арқылы ойды тереңдете түседі: Шешем Құлыханның бауырлары әлі сол Бектөбеде тұрады. Сәли, Қали, Бөпетай, Сатай….Е, оларды да көрмегелі көп заман болды. Мұртаза барда бәрі де келіп-кетіп тұрушы еді. »Балапан басымен, тұрымтай тұсымен» дегендей болып кетті ғой [1, 32].

«Балапан – басымен, тұрымтай – тұсымен» мақалында аласапыран, қилы-қилы заманда әркім өз басын сауғалап, өз күнкөрісін діттеп, бет-бетімен кетудің сипаты, ел басына келген қиындық пен қасірет ел-жұрттың басын біріктірмей, бет-бетімен кетуіне мәжбүр еткендігі айтылған.

«Әкесіз жетім – арсыз жетім, шешесіз жетім–шерлі жетім» деген тіркеспен мына жолдарды қарайық: Әлі есімде: қыстың күні жаман жалғыз көрпесін жамылып жүретін. Ақтамақ Сұлтаннан Науат дейтін бір қыз тапты. Бейшара бүкір еді. Омыртқасы жарақаттанып, тумай жатып мүгедек болып қалды. Жанары ботаның көзіндей жәудіреп, адам көрсе бір жәрдем тілейтіндей жаутаң-жаутаң еткенде, жаның шырылдап, жүрегің жылағандай боласың…

Қуанышбай жылқыны санап болып:

– Қайта бер, – деді. Жаз болса да жаурап тұрғандай жағы үрпиген, жүдеу. «Әкесіз жетім – арсыз жетім, шешесіз жетім – шерлі жетім» деген рас болар. Шешенің, яғни Айшаның, барына тәуба! [1, 109].

Келтірілген сөзтізбеге назар аударсақ, біздің заманымызда сөз жасау қабілетінен айрылған, өлі -ық/-ік жұрнағы арқылы жау (өштескен, қастасқан адам, дұшпан), жан (жан-жануарларға тіршілік беретін рух), жел (кейде қатты, кейде баяу соғатын ауаның ағымы), көз (көру мүшесі) зат есімдерінен туынды етістіктер; сез (бір нәрсені іштей түсіну, аңғару, білу), біл (бір нәрсе жайында толық хабардар болу, ұғу; түсіну) етістіктерінен туынды зат есімдер; тол (бір нәрсенің ішкі деңгейіне, кенересіне жете шүпілдеу), тұн (су не сол сияқты лайланған сұйық заттардың тыныш күйде тұрып тазаруы, мөлдір түске енуі) етістіктерінен туынды сын есімдер жасалған. Тол (бір нәрсенің ішкі деңгейіне, кенересіне жете шүпілдеу) етістігінен тол+ық (үстемелеп қосылғаннан толыға, молая түсу) туынды етістігі пайда болса, сөз (заттар мен құбылыстардың атауын білдіретін тілдің белгілі бір мағынасы бар негізгі бірлігі) зат есімінен қазіргі кезде архаизмге айналған сөз+үг(әңгіме-дүкен, толғау, аталы сөз, арнау, дастан) зат есімі туындаған. Бұлардың арасында зат есімнен етістік, етістіктен зат есім және сын есім, етістіктен етістік тудырған бәріне бірдей ортақ -ық/-ік формасы өлі тұлғаға айналғаннан кейін түбірге ажыратуға келмейтіндей болып әбден сіңісіп кеткен. Қазір әдепкі түбір, түпкі түбір сияқты ұғынылады. Ал зат есімнен зат есім жасаған -ық/-ік, -ығ/-иг жұрнағы тарихи даму барысында бірте-бірте табыс септігінің жалғауына айналған. Мысалдар:

Байат аты бирла сөзүг башладым (ҚБ, 12-бәйіт)
Тәңірі есімінен дастанымды бастадым.

Бұл жерде сөзүг зат есімі «баяндалатын сөз» мағынасында тұр. Қазіргі түсінікке орай «дастан» деп те аударуға болады. Атау септігінде нольдік формада. Жасырын тұрғанда табыс септігі атау формасымен тең түседі. Анығырақ айтқанда, -үг зат есімнен зат есім жасап тұрған жұрнақ. «Құтадғу билиг» ескерткішінен алынған

бәйіттің осы жолы біздің заманның түсінегі бойынша «Тәңірі есімімен сөзімді бастадым» деп те аударуға болады. Бұл ретте сөз – түбір, -үг – табыс септігінің жалғауы болып шығады. Алайда, тіл мен сөйлеу бір емес. Сөз – тіл элементі болса, сөзүг – сөйлеу (сөйленіс) элементі. Сөз бен сөзүг сөзформаларын шатастыруға болмайды. Сөз – түбір, сөзүг – туынды түбір. Көне тілде -үг жұрнақ қызметінде тұр, табыс септігі жалғауының міндетін жүктеп тұрған жоқ.

Сөзүг сөзләдәчи азар һәм йазар
Уқушлуғ ешитсә оңарур түзер (ҚБ, 202-бәйіт)
Әңгіме айтушы кейде адасып кетсе, кейде жаңылады
Ақылды адам есітсе, оны түзетеді, дұрыс қалпына келтіреді.

Бұл ретте де әдепкі бәйіттегідей сөзүг зат есімнен жасалған зат есім ретінде қабылданылады. Тағы бір мысал.

Сөзүг өггүси бар йәма сөккүси (ҚБ, 45-бәйіт)
Айтылған сөздің мақтаулысы бар, даттаулысы бар.

Осы бәйіт жолындағы сөзүг сөзформасын екіге бөліп, сөз+үг түрінде ажыратсақ, -үг біз күткендегідей табыс септігі жалғауының мағынасын бермейді, ілік септігінің жалғауы ретінде түсініледі. Сөзбе-сөз «Сөз+дің мақтаулысы бар және даттаулысы» деп деп аударуға болады. Шындығында ілік септігінің формасы бұл бәйітте жасырын тұр. «Сөзүг(+тің) өггүси бар йәма сөккүси» қалпында ұғынуымыз керек. Сонда -үг-ті ілік септігінің де, табыс септігінің де жалғауы ретінде шатастыруға болмайды. Қайталап айтамыз, сөз+үг – туынды сөз, -үг – сөз жасаушы жұрнақ. Айтылған жұрнақтың сөз тудырушылық қасиетін заттық мағына беретін көне бір сөз төңірегінде ғана әңгімелеп отырмыз. Арнайы зерттеушілер, әлбетте, мұндай фактілердің санын көбейте алады. Ғылыми қорытынды жасауға қазақ тілінде сақталып қалған көне жұрнақ сарқыншақтары жеткілікті деп есептейміз. Зат есімнен зат есім жасаған -ығ/-иг жұрнағы сонау орхон-енисей жазбаларында-ақ табыс септігі жалғауына айналып кеткен. Мысалы, не қағанқа ичиг күчиг берүрмән (ДТС, 405-бәйіт). Қай қағанға ісімді, күшімді берермін. Мұнда ич+иг (іс+ті), күч+иг (күш+ті) табыс септігі формасында тұр.

Төратти өзүрди сәчү йаңлуқ+уғ
Аңар берди ердам билиг өг уқ+уғ (ҚБ, 144-бәйіт)
Ақылды адамды жаратты, таңдаулы етті,
Оған өнер, білім, ақыл-ой, сана-сезім берді.

«Құтадғу билиг» ескерткішінен алынған бұл бәйітте йаңлуқ+уғ (адам+ды) сөзі табыс септігі формасын қабылдап тұр. Дәл осы форма (-уғ) лексикалық мағынасы толық уқ (ұқ) етістігінен уқуғ (сана-сезім) зат есімін жасаған. Бұдан түркі тілдері дамуының ежелгі, көне дәуірлерінде -уғ/-үг, -ығ/-иг формаларының бірде жұрнақ қызметін, бірде табыс септігі жалғауының міндетін атқарғанын байқаймыз. -уғ/-үг, -ығ/-иг, -ғ формалары тілдік өмірге келмеген кезде табыс септігі үнемі нольдік формада тұрған, ешқандай жалғау қабылдамаған. Сабақты етістікпен қабыса байланысу арқылы табыс септігі мағынасын жеткізіп отырған.

Етістіктен есім, есімнен етістік, есімнен есім, етістіктен етістік жасайтын әмбебап (универсал) -уғ/-үг, -ығ/-иг жұрнақтарының арасынан зат есімнен зат есім жасайтын -уғ/-үг, -ығ/-иг жұрнағының бөлініп шығып табыс септігі жалғауының қызметін атқара бастағанын жоғарыда айтып өттік. Жұрнақтан жалғауға айналған бұл форма кезінде жай септеуге де, тәуелді септеуге де, есімдіктердің септелуіне де қатысқан.

А.Н. Кононов зерттеу барысында орхон-енисей ескерткіштері тілінде табыс септігі жалғауында тұрған бір ғана есімдік – мен+иг сөз формасын анықтаған. Бұл қазақ тіліндегі мен+і, сен+і табыс жалғаулы есімдігі ілгеріде мен+іг, сен+іг тұлғасында айтылған деген сөз. Оның есесіне көне түркі жазба ескерткіштері тілінде тәуелді септеудің -уғ/-үг, -ығ/-иг формасына аяқталған табыс септігі ұшырамайды. Солай бола тұрса да, П.М.Мелиоранский мен В.Банг бірнеше фактілер негізінде атап көрсеткеніндей, тарихи ескерткіштер тілінде, сондай-ақ қазіргі түрік, түрікмен, азербайжан, гагауз, якут тілдерінде кездесетін -у/-ү, -ы/-и формаларының -уғ/-үг, -ығ/-иг формаларынан шыққандығы дау тудырмайды. Үнемдеу заңы негізінде пайда болған -у/-ү, -ы/-иг тұлғалары мен толыққанды -уғ/-үг, -ығ/-иг тұлғалары «Құтадғу билиг» ескерткіші тілінде жарыса қолданылған. Екеуі де бір-бірімен тең түсіп, табыс септігі жалғауының мағынасын береді. Мысалы:

Елик бир күн олдурды йаңлуз өзи
Оқыды кераклаб көр Өгдүлмиш+и (ҚБ, 1762-бәйіт)
(Елік бір күні жалғыз өзі отырып
Өгдүлмишті керек етіп шақырды).

Ағырлады елиг көр Өгдүлмиш+иг
Сынады аңар берди барча ичиг (ҚБ, 1614-бәйіт)
(Елік Өгдүлмишті сыйлап құрметтеді,
Оған барлық істі тапсырып сынап көрді).

Кісі аты Өгдүлмишке бірде -и, бірде -иг тұлғалары жалғанғанымен, теңдей түсіп, табыс

септігі жалғауының міндетін атқарып тұр. ғ, г дауыссыздарының элизияға ұшырап, бірте-бірте жойылып кеткендігін, тілші түгіл, қарапайым оқушы да айырып-ажырата алады. Табыс септігіндегі ғ, г дыбыстарының мүлдем өшіп кетуі осы септіктен кейін ешбір қосымшаның жалғанбауынан деп білеміз.

Сонымен көне түркі жазба ескерткіштерінде кездесетін фонетикалық варианттар – табыс септігінің көрсеткіштері -ғ/-г, -ығ/-иг, -уғ/-үг – ең ескі формалар болып табылады. -ғ/-г дауысты дыбысқа аяқталған түбірлерге, -уғ/-үг, -ығ/-иг дауыссыз дыбысқа аяқталған түбірлерге жалғанады. Үнемдеу заңының әсерінен ғ дыбысы түсіріліп айтылғанда -у/-ү, -ы/-и формалары табыс септігінің қызметін одан әрі атқара берген.

-ғ/-г, -ығ/-иг, -уғ/-үг тұлғалары қазіргі тілдерде кездеспейді. Көне түркі жазба ескерткіштерінде ғана сақталған. Мұның басты себебі түркі тілдерінде кейінгі замандарда сөз ортасында, сөз соңында ғ дыбысының түсіріліп айтылуы заңдылыққа айналуынан еді.

Ал -ны (-ні, -ды, -ді, -ті, -ті) варианты қалай шықты?

Йулуғ қылды малы тәни жаныны
Йалавач савунчи тилади көни (ҚБ, 51-бәйіт)
(Малын да, тәнін де, жанын да садақа етті
Пайғамбардың сүйінішті жағдайын шын тіледі).

Билиглигкә сөзләдим ошбу сөзүм
Билигсиз тилини билүмәз өзүм (ҚБ, 199-бәйіт)
(Осы сөзімді білімдіге арнап айттым,
Өзім білімсіз адамның тілін білмеймін).

Осы бәйіттердегі табыс жалғаулы «жаныны» (жанын), «тилини» (тілін) сөздерін екі ыңғайда бөлшектеуге болады: 1) жан+ын+ы, тил+ин+и; 2) жан+ы+ны, тил+и+ни. Бірінші – диахрониялық тұрғыдан былайша сипатталады: -ын/-ин – тәуелдік жалғауының көне формасы, -ы/-и – табыс септігі. Бұлайша бөлгенде оның мысалға келтірілген 51-бәйіттегі савунч+и (сүйінішін) табыс жалғаулы сөзінен ешқандай айырмашылығы жоқ. Екіншісі – синхрониялық тұрғыдан -ы/-и тәуелдік жалғауының үнемделген жаңа формасы болады да, -ны/-ни жылысу процесінің нәтижесінде кейін қалыптасқан табыс септігі ретінде түсініледі. Дәлірек айтқанда, тәуелдік жалғауы көне формасының құрамындағы н, өлі формаға айналған соң, табыс септігінің ықшамдалған тұлғасы -ы/-і, -у/-ү жалғауларының алдынан қосылып, бір-біріне әбден сіңісіп кеткен. Бір жағынан, н дауыстыға аяқталған түбірлерге, негіздерге дауыстыдан басталатын (-ы/-и, -у/-ү) қосымшасы жалғанғанда тұтығып қалмас үшін сына дыбыс сияқты қызмет атқарады. Әуелгі кездерде барлық зат есімдерге (немесе соның қызметін атқаратын сөздерге) бірыңғай -ны/-ни формасы жалғанғанымен, кейбір тілдерде бірте-бірте фонетикалық -ды/-ді, -ты/-ті варианттары өмірге келді. Бұл ретте өзге тілдерден енген аяғы т-ге аяқталатын қос дауыссыздардың да ролі ерекше болса керек. Мысалы, дост, қаст, раст, бост. Бұлар табыс септігінің жалғауы жалғанғанда – дос+ты, қас+ты, рас+ты, бос+ты. Яғни т дыбысы табыс септігінің жалғауы -ы/-и, -у/-ү-ге жылысады. Мұндай факт түркі тілдерінің өзінде де жоқ емес. XIY ғасырда өмір сүрген Сыпыра жыраудың толғауында: «Құба ұлдың шынты асылы сол болар» деген жол бар. Демек, шын сөзінің көне тұлғасы –шынт. Оған табыс септігі жалғауын жалғасақ – шын+ды. Олай болса, н ғана емес, т да қосымшаға жылысып келген дыбыстардың бірі. Қорыта келгенде, табыс септігі жалғауларының даму кестесі мына төмендегідей: -ук>-ыг>-ы>ны; -үк>-иг>-н(і)>-ни(ні). Сөйтіп, табыс септігі (варианттары аса көп сияқты көрінгенімен) айналып келгенде, бір-ақ формадан шыққан. Ол – *-ук. Табыс септігі жалғауының мағынасын сақтап қалуда -ы/-и, -у/-ү дауыстылары ерекше қызмет атқарған. Алдынан н, соңынан ғ дауыссыздарының селбесуі – тарихи даму нәтижелері.

Табыс септігінің бұлардан оқшау тұрған формасы – н. Ол тәуелдіктің үшінші жағы септелгенде пайда болады. Мысалы:

А.	үй+і	адам+ы	қала+сы
І.	үй+і+нің	адам+ы+ның	қала+сы+ның
Б.	үй+і+не	адам+ы+на	қала+сы+на
Т.	үй+і+н	адам+ы+н	қала+сы+н
Ж.	үй+і+нде	адам+ы+нда	қала+сы+нда
Ш.	үй+і+нен	адам+ы+нан	қала+сы+нан
К.	үй+і+мен	адам+ы+мен	қала+сы+мен

Кестеге көз жүгіртсек, табыс септігінен басқа төрт септіктің н сонорынан басталып тұрғанын байқаймыз. Олар – атап айтқанда, ілік, барыс, жатыс және шығыс септіктері. Тәуелдік жалғауының бұрынғы толық формасы -ын/-ін екендігі белгілі. Екі дыбыстан тұратын осы тұлға екіге жарылғанда -ы мен -і тәуелдіктің үшінші жағының міндетін одан әрі атқарған да, н өлі формаға айналып кеткен. Ол төрт түрлі күйге ұшыраған. Бірінші, атау және көмектес септікте элизияға ұшырап, ұшты-күйлі жойылып кеткен. Екінші, ілік, жатыс септіктері жалғауларына жай ғана жылыса салған: -ын/-ін>-н+ын/-н+ін; -да/-де>-н+да/-н+де. Үшінші, өзінен кейін қосылған қосымшаның басқы дыбысын ығыстырып жіберіп барып жылысқан. Бұған барыс, шығыс септіктері жатады: -ға/-ге>-н+ға/-н+ге>-на/-не; -тан/-тен>-н+тан/-н+тен>-нан/-нен. Төртінші, табыс септігінде тәуелдіктің үшінші жағының өлі н формасы «тіріледі», бірақ ол тәуелдіктің емес, табыс септігі жалғауының қызметін атқара бастайды. Басқаша айтсақ, тәуелдіктің бұрынғы толық формасы қалпына келеді де, ешқандай табыс септігі жалғауын қабылдамай-ақ, табыс септігі мәнін бере алады. Демек, н – *табыс септігінің төл жалғауы емес*, бар болғаны тәуелдіктің үшінші жағының -ы мен -і-ден ажыраған өлі формасы ғана. Сондықтан оны шартты түрде ғана табыс септігінің жалғауы деп түсінеміз. В.В.Радлов пен В.А.Богородицкий жазып қалдырғанындай, н дыбысы морфологиялық жылысу заңы бойынша, есімдік түбірлерінен қосымшаға жылысқан емес, (мен+і>ме+ні, сен+і>се+ні) сияқты. Себебі, мен, сен есімдіктерінің құрамындағы н өлі емес, тірі. Қосымшаға жылысу үшін белгілі бір дыбыс өлі формаға айналуы шарт. Рас, жіктеу есімдігі үшінші жағының көне формасы -ан. Оның құрамындағы н соноры ан септелгенде қосымшаға ауысады: ан+ың үчүн> а+ның үчүн. Жіктеу есімдігі үшінші жағының түбірі өлі формаға айналғаннан кейін ғана жылысу құбылысы пайда болған: -ан екіге жарылған. Алайда мұны В.В.Радлов пен В.А.Богородицкий сияқты абсолюттендіруге, заңдылық ретінде тануға болмайды. Жалпы алғанда, табыс септігі жалғауларының даму жолы, міне, осындай.

Табыс септігі жалғауының осынша көп варианттарының арасынан «Кодекс куманикус» пен «Ат тухва аз-закийа» ескерткіштерінің тілінде -ны/-ни, -н, -ы/-и варианттары ғана пайдаланылған.

Әдебиеттер

1 Баскаков Н.А. Введение в изучение тюркских языков. – М., 1962.
2 Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2005.
3 Севортян Э.В. Аффиксы именного словообразования в азербайджанском языке. – Т. I. – М., 1953.
4 Айдаров Г. Язык орхонских памятников древнетюркской письменности VIII века. – Алма-Ата: Наука, 1971.
5 Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология. – Алматы: Ғылым, 1967.
6 Серебренников Б.А., Гаджиева Н.З. Сравнительно-истрическая грамматика тюркских языков. – М.: Наука, 1986.
7 Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
8 Қалыбаева А., Оралбаева Н. Қазіргі қазақ тілінің морфемалар жүйесі. – Алматы, 1986.
9 Щербак А.М. Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков (Имя). – Ленинград: Наука, 1977.
10 Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы, 1971.
11 Фазылов Э.И., Зияева М.Т. Изысканный дар тюркскому языку. – Ташкент: Фан, 1978.
12 Томанов М. Қазақ тілінің тарихи грамматикасы. – Алматы: Мектеп, 1988.
13 Рамстедт Г.И. Введение в алтайское языкознание. – М., 1957.
14 Благова Г.Ф. Тюркское склонение в ареально-историческом освещении. – М.: Наука, 1982.
15 Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: Кие, 2007.

References

1 Baskakov N.A. Vvedenie v izuchenie tjurkskih jazykov. – M., 1962.
2 Sağyndyқұly B. Қazaқ tili leksikasy damuynyң jetimologijalyқ negizderi. – Almaty: Қazaқ universiteti, 2005.
3 Sevortjan Je.V. Affiksy imennogo slovoobrazovanija v azerbajdzhanskom jazyke. – T. I. – M., 1953.
4 Ajdarov G. Jazyk orhonskih pamjatnikov drevnetjurkskoj pis'mennosti VIII veka. – Alma-Ata: Nauka, 1971.
5 Қazaқ tilinің grammatikasy. Morfologija. – Almaty: Ғylym, 1967.
6 Serebrennikov B.A., Gadzhieva N.Z. Sravnitel'no-istricheskaja grammatika tjurkskih jazykov. – M.: Nauka, 1986.
7 Қazaқ grammatikasy. – Astana, 2002.
8 Қalybaeva A., Oralbaeva N. Қazirgi қazaқ tilinің morfemalar zhүjesi. – Almaty, 1986.
9 Shherbak A.M. Ocherki po sravnitel'noj morfologii tjurkskih jazykov (Imja). – Leningrad: Nauka, 1977.
10 Ajdarov Ғ., Құryshzhanov Ә., Tomanov M. Көne tүrki zhazba eskertkishterinің tili. – Almaty, 1971.
11 Fazylov Je.I., Zijaeva M.T. Izyskannyj dar tjurkskomu jazyku. – Tashkent: Fan, 1978.
12 Tomanov M. Қazaқ tilinің tarihi grammatikasy. – Almaty: Mektep, 1988.
13 Ramstedt G.I. Vvedenie v altajskoe jazykoznanie. – M., 1957.
14 Blagova G.F. Tjurkskoe sklonenie v areal'no-istoricheskom osveshhenii. – M.: Nauka, 1982.
15 Қazaқ grammatikasynyң өzekti məseleleri. – Almaty: Kie, 2007.

Сарбасов Б.С.

Қазақ фольклорындағы бөрі бейнесі

Көк бөрінің тотемдік ұғымға айналып, ол туралы фольклорлық сюжеттердің қазақ, қырғыз, алтай, монғол халықтарының ортасында кеңінен таралуы, біріншіден, бұл халықтар тарихының ортақтастығын танытса, екіншіден, рухани көркем ойлау жүйеміздің бір арнадан бастау алатындығын айғақтайды. Батырлық жырларда бөрі көбінесе қасиетті хайуан түрінде бейнеленеді. Бөрі бейнесінің поэтикалық астарына үңілген адам оның ұлттық бітімін аңғарып, ерлік рухымен астасып жатқан танымдық тұлға екеніне көз жеткізеді. Типологиялық және генеологиялық салыстырулардың нәтижесінде «Оғыз-намедегі» бөрі бейнесі мифологиялық әңгімелердің архаикалық кейіпкерлері қатарына жататындығы, оның бір мезгілде әрі адами, әрі хайуандық реңк алып, зооантропоморфты кейіпте бейнеленгендігі сараланады. Бөрі символикасының астарында ата-бабаларымыздың дүние, әлем, жаратылыс туралы танымымен қатар ерлік пен қайсарлық, бірсөзділік пен адалдық жөніндегі моральдық қағидалары, ұстанымдары да бой көрсетеді.

Түйін сөздер: түс көру мотиві, ғажайып туу мотиві, тәңірлік дін, анимистік, тотемдік наным-сенімдер.

Sarbasov B.S.

The imade of woef in kazakh folclore

The cult of the wolfwas spread in many nationsas a figure of strong, freedom beast, which cannot be broken and tame. In the ancient Turks and Mongols the wolf was the main totem that was esteemed as the progenitor. Figure of the Heavenly Wolf runs through the ditch narrativeof the ancient monument of writing «Oguz-name.» Image of the wolf in our literature has not previously been the subject of special study, but it is being addressed in general works, considering the traditional culture of the Kazakhs. Analysis of papers, devoted to the consideration of the symbolism of the wolf, suggests that the study of this question in the Kazakh literature is fragmented or highly specialized character. With the emergence of new scientific methods of research the rich folklore and myth epicmaterials of Kazakh traditional culture which concerned the symbol of wolf, needs a deeper consideration of this issue. As a result of the typological and genealogical relation we have established that the wolf in «Oguz name» is endowed with a double zooantropomorfic nature to jut out at the same time as a form of a man and as a form of an animal. Comparative analysis allowed us to conclude that wolf as a holy animal very admired by Turks, and the echoes of admire have survived to this day in the legends and tales.

Key words: motive of searches, motive first feat etc; to define specificity of functioning them in the epos; Tengrianstvo.

Сарбасов Б.С.

Образ волка в казахском фольклоре

Культ волка, сильного, свободолюбивого зверя, которого нельзя ни сломить, ни приручить, был распространен у многих народов. У древних тюрков и монголов волк являлся основным тотемом, почитался как прародитель. Образ Небесного Волка проходит через всю канву повествования древнего памятника письменности «Огуз-наме». Образ волка в отечественной литературе прежде не был предметом специального исследования, но ему уделяется определенное внимание в общих работах, рассматривающих традиционную культуру казахов. Анализ работ, посвященных рассмотрению символики волка, позволяет заключить, что изучение этого вопроса в казахской литературе носит фрагментарный или узкоспециализированный характер. С возникновением новых научных методов исследования богатый фольклорный и мифоэпический материал казахской традиционной культуры, касающийся символики волка, нуждается в более глубоком рассмотрении. В результате типологических и генеалогических сопоставлений мы установили, что волк в «Огуз-наме» наделен двойной зооантропоморфной природой, выступая одновременно и в облике человека, и в облике животного. Сравнительный анализ позволил нам заключить, что как священное животное, волк весьма почитался тюрками, и отголоски этих почитаний сохранились и поныне в легендах и сказаниях.

Ключевые слова: мотив вещего сна, чудесного рождения, тенгрианства, анимистические и тотемистические воззрения.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 8 (574) 92

Сарбасов Б.С.,

Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің
қауымдастырылған профессор м.а., ф. ғ. к., Алматы қ., Қазақстан,
e-mail:sarbasov.bolathan@mail.ru

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ БӨРІ БЕЙНЕСІ

Әлем халықтарының фольклорына ортақ бейнелер қатарына көк бөрі, көкжал арлан қасқыр да жатады. Жалпы, ежелгі түркі әдеби-мәдени мұраларында фольклорлық мифология ұшқындары мол кездеседі. Түркі халықтары әдебиеттеріндегі «көк бөрі» хикаялары – мифологиялық наным-сенімнің айшығы. Академик С.Қасқабасов: «Миф ежелгі жанр ғана емес, оның үстіне аса күрделі жанр» [1], – деп жазады.

Мына мифтегі оқиға желісі де көңіл аударарлық: «Рум ертегілерінде Ромул мен Реманы қаншық қасқыр, Рүстемді жолбарыс емізіп, самұрық құс асырайды. Бұл аңыз түркі тайпаларында Ғұн (Мөде) заманынан бар. Мөде өзінің екі қызына даладан орда салып, олар қасқырмен будандасады. «Содан Шин (Ашина) түріктері тараған екен», – дейтін аңыз бар. Енді бірде суға тастаған баланы Бөрте шене (қасқыр) асырап, Ашина елі содан тарапты делінеді. Бомын қаған әскерінің туындағы белгі қасқыр суреті болған. «Оғызнамада» Оғыз қаған әскерін көк бөрі басқарып отыратын болған. Шене-бөрі, содан Шона, Шора, Гүлбаршын, Үйсін, Байсын, Үлекшин сөздері шығады. Мұндағы қасқыр – тотем [2, 234]. Бұдан бөрі тотемінің әлемдік фольклордан өзіндік орын алып қана қоймай, типтік сюжетке айналғандығын аңғарамыз.

Ашинаға қатысты болып келетін мифтер мен аңыздар әртүрлі нұсқада көп айтылғандағына қарамастан, бұдан да көп, алайда, барлығының тарихи негізі бір арнаға тоғысады. Кезінде Шәкәрім қажы да өз шежіресінде Ергенекон, Бөртечине жөніндегі мифтер мен аңыздарға талдау жасап, өзінің көзқарасын білдіреді. Салыстырмалы дерек көздеріне сүйене отырып, түркі халықтары арасында айтылатын бөріге қатысты мифтердің көпшілігі Түркі қағанатына дейін туып қалыптасқан деген тұжырымға тиянақтаймыз. Жоғарыда анықталған Бөрте-чиноның өмір сүрген кезеңі мен мысалға алынған мифтердің оқиға желісі бір мезгілде сәйкес келуі тарихи шындықтың сол кезеңде түйісетіндігін көрсетеді.

Аталған мифтерді саралай келгенде, қасқыр (бөріге) қатысты мифтердің арғы дәуірлерде пайда болып, Түркі қағанатының құрылу қарсаңында түрлене түскендігін байқауға болады. Түркі халықтарының тотемі – Ашина – көк бөрі жайындағы миф-

тер ортақ сюжеттерден өрбіп, циклдық сипатта дамыған деген ойдамыз.

Осыған орай: «Рас, қазақ мифологиясының тарихында Греция мен Римдегідей жағдайға жақындау болған. Ол – Түркі қағанаты заманында Тәңірдің басқа Құдайлардан биіктеп, дара шығуы жағынан Зевс пен Юпитерді еске түсіретін жайы. Түркі қағанаты тұсындағы мифология бізге толық жетпегендіктен, ол қандай болғанын дәл айтып, сипаттап беру қиын. Дегенмен де, көне түркі жазбалары мен ғалымдар зерттеулеріне қарағанда, Түркі қағанаты кезінде мифтер біршама циклденген тәрізді, бірақ ол мемлекеттің тез ыдырауына байланысты айтарлықтай бір жүйеге түсіп үлгермеген» [1, 82] – деген ғалым С. Қасқабасовтың пікірі бірден-бір дұрыс бағытқа жетелейді.

Саралай айтсақ, көк бөрінің тотемдік ұғымға айналып, қазақ, қырғыз, Алтай, монғол халықтарының ортасында кеңінен таралуы, әсіресе, фольклорлық сюжеттер рухани көркем ойлау жүйеміздің бір арнадан бастау алатындығын дәлелдейді.

Кезінде қазақ, қырғыз халықтарының арасында таралған аңыздардың тарихи негізіне ден қойған Ш. Уәлиханов, түркі-қазақ мифтері мен аңыздарының түпкі бастауларының бір екендігін көрегендікпен ескерткен болатын. Ол: «Қазақ пен қырғыз халқының ертеден келе жатқан мифі, аңызы оның ішіндегі ескі дәуірдегі көшпелі түрік тайпаларының түбі көк бөрі, көк бұқа, Төбе көз, Жалғыз көзді дәу туралы айтылатын аңыздар» [3, 26] – деген тұжырым жасаған.

Адам баласының шығу тегін аң-құстармен байланыстыру, әсіресе, бөрі, марал, ит сияқты аңдарға қатысты тотемдерді кие тұту YI-YIII ғасырларда түркі қағанатының құрамында болған тайпалардың аңыз әңгімелерінде көбірек ұшырасады. Бұл құбылыс түркі халықтарының тарихи туыстығын, яғни тарихи-генетикалық байланысы барлығын айқындайды.

Осы салыстырулардан шығатын қорытынды: мифтің шығу төркіні ғұн дәуірімен сабақтас, бәлкім, одан да арғы кезеңдерден тамыр тартады. Мифтің түркі халықтары фольклорында кеңінен таралуы – дәстүрлі сюжетке арқау болған мифологиялық түсініктің осы топырақта қалыптасқандығының дәлелі дер едік.

Тотемдік хайуандарды қастерлеу Түркі қағанаты құрылған кезеңге дейін қанат жайса, кейінгі дәуірде ірі қағанаттың орнауына байланысты бұрынғы мифтік ұғымдар өзгеріске ұшырап, аңыздық прозаның басқа жанрларының тууына мүмкіндік жасады. Жалпы алғанда, осы аңыздық проза үлгілерінің басым бөлігі оғыздар заманындағы архаикалық таным-түсінікті аңғартып қана қоймайды, сонымен бірге ортақ арнадан бастау алған рухани кеңістік бірлігін де аңдатады.

Уақыт өте келе бөрі нагуалға, яғни, жеке адамдардың жебеуші рухына айналады. Ел аузында атақты Керей Жәнібек, Тата Есет батырлардың жебеуші көк бөрілері болған деген аңыздар бар [4, 44]. Ал, «Оғызнамада» Оғыз қағанға ақыл айтушы, жол бастаушы болған Көк бөрі бейнеленді. Бұл жерде ықыласына бөленгеніне орай эпос туындысының бас қаhарманына айналған тұлғаның зор екенін аңғарту мақсатымен түркі халықтарына ортақ тотем – көк бөрімен байланыстырғанын байқаймыз. Ел нанымы бойынша, бұл батырлардың бойындағы ерен күш пен қайсарлық жоғарыдан – Тәңірінің өзінен бастау алып тұр. Бөрі – Тәңірінің ерекше ілтипатын жеткізуші.

Бөрі туралы наным-сенімдердің ел санасында терең бойлағаны сонша, ата-бабаларымыз бауыр еті – балаларына бұл «киелі жануардың» есімін беруді әлі күнге дейін үрдіс етіп келеді. Бұған ел арасында кең тараған Бөрібай, Байбөрі, Бөріқұл, Бөлтірік, Бөрілі сұлу тәрізді есімдер мысал бола алады. Түркі халықтарына ортақ мұра – «Алпамыс батыр» жырындағы бас кейіпкердің әкесі Байбөрі аталуы да осындай үрдістің бір көрінісі болып табылады.

Бөрі тотемі түркі халықтарының арасында қалай кең жайылса, Бөріқұл, Бөрібай, Бөлтірік, Бөрі деген есімдер өзбек, қырғыз, монғол, башқұрт елдерінде де солай тараған.

«Бөрілі байрақ астында
Бөгеліп көрген жан емен.
Бөрідей жортып келгенде,
Бөлініп қалған жан емен», – [5, 13]

деп, Сүйінбай ақын жырлағандай бөрі бейнесі тереңге бойлай білген зерделі жанға түркі дүниесін кеңінен танытатын шын мәніндегі жарқын бағдаршам болмақ. Бөрі символикасының астары өте тереңде жатыр. Оны бір сөзбен жеткізу мүмкін емес. Сондықтан бөрі түркі халықтарының фольклорында төмендегідей тұлға ретінде танылады:

– Түркі халықтарының ілкі ата-бабасы болып табылады.

– Тұтастай бір халыққа немесе бір батырға қысылған шақта көмекке келеді (қол бастайды, жол көрсетеді т.б.)

– Дәрменсіз сәбилерді асырап өсіреді.
– Жеке нагуалына айналады.

Генеалогиялық мифтерге, тотемдерге, ел арасында кең ырымдар мен ғұрыптарға, эпостар мен шежірелерге талдау жасау барысында көк бөрінің түркі халықтарының фольклорында киелі жануарлардың қатарынан жоғарғы Тәңірлік құдіреттің деңгейіне дейін көтерілгенін көреміз. Ол халықтың діни наным-сенімінен де, дүниетанымынан да, әдет-ғұрыптары мен салт-санасынан да зор мағлұмат беріп, түбі бір түркі халықтарының рухани әлемін паш етеді.

Түркі халықтарының фольклорында бөрі бейнесі түрлі жанрларда: ғұрыптық поэзияда, эпостық жырларда, халықтық прозада кездеседі. Осы жанрлардың барлығында бөрі негізінен үш түрлі түсте, атап айтсақ, көк бөрі, ақ қасқыр және қара қасқыр болып бейнеленеді. Бөрі бейнесінің былайша өзгеріп отыруының символикалық мәні зор.

Жыршы өз шығармасын тартымды, әсерлі ету үшін көркем өрнектерді, әр түрлі романтикалық суреттемелерді қолданады. Батырлық жырлардағы көркем өрнектердің қатарында ұлттық санамызға терең сіңген бөрі бейнесінің жиі кездесуі заңды құбылыс болып табылады.

«Бөрі», «қасқыр» теңеулері бұл жанрда батырдың өзгешеліктерін аңдатуда, жауды қойша қыратын алыптығы мен әбжілдігін, ерлігін танытуға мүмкіндік береді. Әсіресе, көріктеу құралдарының бірі – ауыстырулар түрінде жиі кездеседі.

«Тама батыр» атты жырдағы:

«Мен Ноғайлы деген ер едім,
Асылы туған төре едім,
Азулы туған бөрі едім,
«Ындыс пенен қалмақты
Талқандармын», – деп едім» [6, 284], –

деген шумақта батыр өзін асыл төреге, азулы бөріге балайды. Бір кездері қараша халықпен қан араластырмай, асыл тұқымға баланған төрелердің бүгінгі ұрпақтарының өзі талай ғасыр өтсе де, үш жүздің құрамына кірмей, өздерінің шығу тегін нұрмен, түндіктен енген жарық сәулемен байланыстырады [39, 16].

Батырлар образын сомдауға арналған поэзия үлгілерінде «қасқыр» сөзімен бірге «арлан», «бөрі», «көкжал» сөздерінің де жиі кездесетіндігін байқауға болады. Мәселен, дауылпаз ақын Махамбет Өтемісұлы өзінің даңққа бөленген сәттерін:

«Исатайдың барында
Екі тарлан бөрі едім,
Қасарысқан дұшпанның
Екіталай болғанда
Азыққа етін жеп едім», – [7, 225] –

деген өлең жолдарымен бейнелеген. Мұндай ұқсастық жыраулардың бір-бірінен дайын ой-оралымдары мен стериотипті айналымдарды алуы, трафареттік бейнелеу құралдарын қолдануы ауыз әдебиеті туындыларының өзіндік ерекшеліктерінің бірі болып табылатындығына ғалым Б.Абылқасымов та жан-жақты тоқталып өтеді [8, 84].

Бөрі символикасының астарында ата-бабаларымыздың дүние, әлем, жаратылыс туралы танымымен қатар ерлік пен қайсарлық, бірсөзділік пен адалдық жөніндегі моральдық қағидалары, ұстанымдары да бой көрсетеді. Нақтырақ айтқанда, бөрі ер адамның, халық қаһарманының символы болып табылады. Бөрінің ер адамның нагуалы болып табылуы, оны метофоралық, теңеулік қолданыстарда пайдалануға себепші болған. Бөрінің символ түрінде немесе эпитеттік, метафоралық, теңеулік қолданыстарда көрініс беруіне қарай қарай шығарманың да туындаған дәуірін анықтауға болады.

Жоғарыдағы келтірілген ойларымызға, пайымдауларымызға сүйене отырып, қазақ фольклорындағы бөрі бейнесіне мынадай анықтама бермекпіз: «Бөрі – халықтың діни наным-сенімін, дүниетанымын танытатын, тотемдік тұлғада берілетін жан-жақты сомдалған күрделі бейне».

Қазақ эпостарындағы бөрі бейнесінің типологиялық және генеологиялық негіздеріне мейлінше кең тоқтала отырып, функциясы мен өзіндік орнын анықтауға ұмтылдық. Осы мақсатқа сәйкес бөрі бейнесінің әр келкі көріністері туындап жатады. Мифтер мен тотемдерде бөрі – жоғарғы сана иесі, құдіретті күш, қиыншылық кездерде жол көрсететін Тәңірінің шапағаты ретінде сипатталады.

Саралай айтсақ, көк бөрінің тотемдік ұғымға айналып, ол туралы фольклорлық сюжеттердің қазақ, қырғыз, алтай, монғол халықтарының ортасында кеңінен таралуы, біріншіден, бұл халықтар тарихының ортақтастығын танытса, екіншіден, рухани көркем ойлау жүйеміздің бір арнадан бастау алатындығын айғақтайды.

Біздің ертедегі ата-бабаларымыз: «Көкте көк тәңірі, жерде көк бөрілі көк түрік бар, бұл екеуі-

нен құдіретті дүниеде еш нәрсе жоқ», – деп кейінгі бізге үлгі-өнеге қалдырыпты.

Бөрі символикасы ата-бабаларымыздың дүние, әлем, жаратылыс туралы дүниетанымынан бастау алып, ерлік пен қайсарлық, бірсөзділік пен адалдық тәрізді қасиеттерді дәріптеуге мүмкіндік береді. Анығырақ айтқанда, бөрі ер адамның, халық қаһарманының символы болып табылады.

Жалпы алғанда, қазақ фольклорында бөрі мифтік әңгімелермен қатар көркем туындылардың да кейіпкері болып табылатын, халықтың ежелгі наным-сенімін танытатын, жан-жақты сомдалған күрделі тұлға.

Әдебиеттер

1 Қасқабасов.С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 128 б. – Б.82.
2 Қазақтың мифтік әңгімелері. – Алматы: Ғылым, 2002. –320 б. – Б.234.
3 Уәлиханов Ш.Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б. – Б. 26.
4 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 368 б. – Б.44.
5 Аронұлы С. Ақиық. Толғаулар, сын-сықақтар, айтыстар. – Алматы: Жазушы, 1975. – 140 б. – Б. 13.
6 Батырлар жыры. Т. I. – Алматы: Жазушы, 1986. – 264 б. – Б.284.
7 Досмұхамедұлы Х. Исатай-Махамбет. – Алматы, 1991. – 256 б. – Б. 225.
8 Абылкасимов Б.Ш. Жанр толгау в казахской устной поэзии. – Алматы: Наука, 1984. – 120 с. – С. 84.

References

1 Qasqabasov.S. Qazaqtyn khalyq prozasy. – Almaty: Gylym, 1984. – 128 b. – B.82.
2 Qazaqtyn miftik angimeleri. – Almaty: Galym, 2002. – 320 b. – B. 234.
3 Ualikhanov Sh.Sh. Qazaqtardagy shamandyqtyn qaldygy- Almaty: Zhazushy, 1985.– 560 b. – Б. 26.
4 Margulan A. Ezhelgi zhyr, anyzdar. – Almaty: Zhazushy, 1985. – 368 b. – B.44.
5 Aronuly S. Aqiyq. Tolgaular, syn-syqaqtar, aitystar. – Almaty: Zhazushy 1975. –140 b. – B. 13.
6 Batyrlar zhyry. T. I. –Almaty: Zhazushy, 1986. – 264 b. – B.284.
7 Dosmykhameduly Kh. Isatai-Makhambet. – Almaty, 1991. – 256 b. – Б.225.
8 Abylkasimov B.Sh. Zhanr tolgau v kazakskoi ustnoi poezzii. – Almaty: Nauka, 1984. – 120 s. – S. 84.

3-бөлім

ТІЛ МЕН ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ

Раздел 3

МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

Section 3

METHODS OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

Abdulina A.

Methods of teaching elective courses in the Al-Farabi Kazakh National University

Combining science and humanitarian clusters of special educational programs within the elective course seems to be one of the most promising innovative techniques that can harmonize and significantly expand the professional competencies of graduates. The integrative approach in this case regard the study of language and literature in the aspect adopted Programme «Cultural Heritage» in the country, initiated by the President of Kazakhstan N. A. Nazarbayev and carried out by specialists of different industries and activities With this purpose in the educational program of a number of humanitarian and natural faculties of Al-Farabi Kazakh National University introduced an elective course «Kazakh language and literature», the aim of which is related to the direct needs and challenges of today. One of the priorities of the discipline is to acquire knowledge of international experience on environmental issues of cultural heritage. The base foundation course program is based on sections on the totality of the material and spiritual cultural achievements, the national heritage of the Kazakh people, first of all – the oral poetic tradition.

Key words: methodology, elective course, the discipline, the Kazakh language, literature, folklore, program, competence.

Абдулина А.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде элективті курстарды оқытудың әдістемесі

Элективті курс аясында жаратылыстану ғылымы мен гуманитарлық кластерлер мамандықтары бойынша білім беру бағдарламаларын біріктіру ең жетістікті жаңашыл (инновациялық) әдістердің бірі болуы, әрі түлектердің кәсіби құзіреттілігін айтарлықтай кеңейтуге және үйлестеруі мүмкін. Бұл жағдайда интегративтік тәсіл ҚР Президенті Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен елімізде қабылданған «Мәдени мұра» бағдарламасын, әр түрлі сала мамандарының жүзеге асырған және қызмет түрлерінің аспектісінде тіл мен әдебиетті зерттеуге қатысты. Осы мақсатта, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің гуманитарлық және жаратылыстану факультеттерінің бірқатар білім беру бағдарламасына «Қазақ тілі мен әдебиеті» элективті курсы енгізілді, оның мақсаты бүгінгі күнгі қатерлер мен тікелей қажеттіліктерге байланысты. Пәннің басымдықтарының бірі мәдени мұра бойынша экологиялық мәселелер жөнінде әлемдік тәжірибеде білім алу болып табылады. Курс бағдарламасының негізі, ең алдымен – ауызша поэтикалық дәстүр, қазақ халқының ұлттық мұрасы, рухани-мәдени жетістіктері мен барлық материалдық жиынтығы негізделген тараулардан тұрады.

Түйін сөздер: әдістеме, элективті курс, пәндер, қазақ тілі, әдебиеті, фольклор, бағдарлама, құзіреттілік.

Абдулина А.

Методика преподавания элективных курсов в Казахском национальном университете имени аль-Фараби

Объединение образовательных программ специальностей естественнонаучного и гуманитарного кластеров в рамках элективного курса представляется одним из перспективных инновационных приемов, способных гармонизировать и значительно расширить профессиональные компетенции выпускников. Интегративный подход в данном случае касается изучения языка и литературы в аспекте принятой в республике Программы «Культурное наследие», инициированной Президентом РК Н. А. Назарбаевым и осуществляемой специалистами разных отраслей и видов деятельности. С этой целью в образовательную программу гуманитарных и ряда естественных факультетов Казахского национального университета имени аль-Фараби введен элективный курс «Казахский язык и литература», цель которого связана с прямыми потребностями и вызовами сегодняшнего дня. Одним из приоритетов дисциплины является приобретение знаний мирового опыта по проблеме экологии культурного наследия. Базовую основу программы курса составляют разделы, посвященные совокупности всех материальных и духовных культурных достижений, национальному наследию казахского народа, прежде всего – устной поэтической традиции.

Ключевые слова: методика, элективный курс, дисциплина, казахский язык, литература, фольклор, программа, компетенция.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

UDC 82.0:37.016

Abdulina A.,

Doctor of Philological science, Full Professor
of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: ms.abd@mail.ru

METHODS OF TEACHING ELECTIVE COURSES IN THE AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

Higher education in Kazakhstan perform important mission as one of the main national priorities identified by President N.A. Nazarbayev in the country « Kazakhstan — 2050» Strategy. A new development paradigm is an additional opportunity to consolidate the strategic guidelines relating to the formation of a new generation of highly skilled professionals with the innovative, creative mindset, developed ideological culture. The successful implementation of educational objectives in the Master's program depends largely on the variety of forms of training, one of which acts as an elective kurs. The objective of electives is a special orientation of students in the complex offers individual trajectories.

In this context, a special role is played by the technological side of the educational process, which is directly connected with the development of the human personality and the formation of moral values of the community as a whole. In recent decades, the principles of humanism are supporting and working in education, culture and science. The strategy of research university development, which has acquired the status of Al-Farabi Kazakh National University, emphasizes the culture that integrates mission through quality, and humanize globalization of knowledge.

Based on this concept, formed strategy departments of the University, based on sustainable development and humanization, the possibility of direct participation in the social dynamics, preservation of identity, values and culture of Kazakh society and the world community as a whole. The main emphasis is deterministic activation of the protection and distribution of a universally accepted, and national values in the strategic objectives of social and ethical solidarity and humanitarian revival that will enhance the quality of education and strengthen its mission in the humanitarian purposes of progress and prosperity.

During the years of independence Kazakhstan have been cardinal changes associated with all aspects of the formation of a democratic society, the establishment of which involves the education of highly moral, educated, harmoniously developed person, capable of creative and active work. The task of education, the most important component of all spheres of society – the training of specialists in different fields, with a wide range of both basic knowledge and personal culture integrated into modern society highly educated per-

son of high moral and civic position, whole spiritual aspect. To this end, the educational program of a number of humanitarian and natural faculties of Al-Farabi Kazakh National University introduced an elective course «Kazakh language and literature», the aim of which is related to the direct needs and challenges of today.

Humanities disciplines, which include linguistics and literary studies, are complex structural system, within which other disciplinary paradigms are integrated. Combining science and humanitarian clusters of special educational programs within the elective course seems to be one of the most promising innovative techniques that can harmonize and significantly expand the professional competencies of graduates. The integrative approach in this case concerns the study of language and literature in the material aspect of the adopted Programme «Cultural Heritage» in the country, initiated by the President of Kazakhstan N. A. Nazarbayev and carried out by specialists from different sectors and activities. The program, which is the forerunner of many others, contribute to the spiritual and cultural revival of large-scale events – the creation of «a full fund of humanitarian education based on the best achievements of world science, culture and literature» [1], as an integrated system of development of national heritage, revival of classical models and traditions of Kazakh people centuries of national culture to maximize the linguistic sphere. One of the priorities of the discipline is to acquire knowledge of international experience on the issue of environmental heritage, beginning with the «Treaty on the Protection of Artistic and Scientific Institutions and Historic Monuments» («Roerich Pact») [2] and the Hague Convention on the Protection of Cultural Property [3], completing the concept of «ecology of culture», formulated by Academician D. Likhachev [4]. The base foundation course program is based on sections on the totality of the material and spiritual cultural achievements, the national heritage of the Kazakh people, especially – Folklore.

The mentality of the most ancient ethnic groups in Central Asia – Kazakh – formed over thousands of years by the nomadic way of life and general cultural spiritual complex. The originality of the Kazakh culture is manifested in the fact that the core mentality is ancient Kazakh traditions, customs and ceremonies, in addition to which there are also assimilated the cognitive forms of Western cultures.

The course includes the following topics:

• The program «Cultural heritage»: the content, goals and objectives;

• The role of mythology and religion in the development of the spiritual heritage;

• Kazakh oral poetry;

• Features Kazakh material and spiritual culture (traditions and customs);

• Kazakh language and literature in the historical development;

• Humanitarian Education Fund: implementation initiatives.

Material educational complex subjects agreed with the basic directions of training. So, at the Faculty of emphasis on the development of themes related to art biys-speakers with different aspects of verbal culture, most clearly represented in the People's paremiology, artistic expression of outstanding writers – Abai, Valikhanov, Auezov, Kekilbaev and many others.

On the Mechanics and Mathematics Faculty focused on the direct incorporation of specialists in computer science in the development and implementation of the program «Cultural Heritage» in the creation of the information carriers, storage technologies, and dissemination of information, web sites and their content, taxonomy and classification of different kinds of materials. In the Chemistry Department in preparation of masters specialty «Ecology» in the direction of preparation «Ecology of Culture», where graduates of schools of journalism included, philology, history, international relations, Chemistry, Biology, held a direct preparation for work in the chosen field of environment and above all of the cultural environment. The course material is based on a comprehensive analysis of the art of oral and written texts of both the traditional point of view, and from the standpoint of ethics of the International Humanitarian Law, which contributed to the formation of students' humanistic system of moral values. This goal is subordinated to the problems of discipline, selection of formal, literary, folkloric, linguistic, philosophical and cultural texts, the formulation of goals and objectives in each section educational complex, historical and legal commentary to the texts, the nature of tasks for independent work of students, the development of guidelines for seminars, examination.

Designing elective course program comes with the following items. The question about the substantial material and forms of work to more fully realize its objectives. A prerequisite is to eliminate duplicate content of the basic course, the provision of educational and auxiliary materials, the definition of the types of work for the implementation of tasks. The main emphasis is placed on the principles

of self-reliance and individual initiative is enrolled on the course, which subsequently reflected on the learning outcomes and assessment for the development of the material. The examination of the course of the program must be made at a meeting of the department and methodical councils of faculties where teaching is carried out discipline. The criteria for assessing an elective course program includes the relevance of the content, the validity of the inclusion in the General Education Plan specialty, motivational resource matching the content of stated objectives and goals, the logic of the content and implementation of a variety of ways.

Thus, the integrative approach allows to significantly expand the level of competence of students and undergraduates, improve the ethical role of higher and vocational education, to develop and strengthen the social and humanitarian knowledge in inter- and transdisciplinary level, thereby contributing to the formation of the personality of students YSU as an equal subject of international communications.

References

1 State of Kazakhstan program «Cultural Heritage» // Online resource: http://www.madenimura.kz/ru/

2 Agreement on the Protection of Artistic and Scientific Institutions and Historic Monuments: // Roerich Pact. Online resource: http://www.icr.su/rus/evolution/pact/

3 The Hague Convention for the Protection of Cultural Property in the Event of Armed Conflict // Online resource: http:// www. businesspravo.ru/Docum/ DocumShow_DocumID_

4 36185.html

5 Likhachev D. Ecology of Culture // Jour. Moscow, 1979. – № 7. – S. 173-179.

Акимбекова Г., Байелі Ә.

Кәсіби қазақ тілін оқытудағы бинарлы сабақтың рөлі

Дәстүрлі емес сабақ түріне жататын бинарлық сабақтың негізгі мақсаты, міндеті мен өзіндік ерекшеліктері теориялық тұрғыдан қарастырылады. Бинарлық сабақ қазақ тілін шет тілі ретінде өзге тілді топтарда оқитын студенттерге кәсіби қазақ тілін оқытудың таптырмас формасы болып отыр. Бинарлық сабақ барысында студент болашақ маман ретінде сөйлеп, өз саласы жайлы қазақ тілінде еркін сөйлей алатын маманнан түсінік алады. Бұл студенттің тілді оқуға, үйренуге, білуге деген ынтасын арттыра түсуге көмектеседі.

Мақалада, сонымен қатар, бинарлық сабақ үлгілері қоса берілген. Бинарлық сабақтың теориясы мен үлгісінің қатар берілуі негізгі обьектінің басты қырларын аша түседі.

Түйін сөздер: бинарлық сабақ, интеграция, білім беру, сабақ түрлері, коммуникативтік құзірет.

Akimbekova G., Baieli A.

The role of the binary lesson in the teaching of professional kazakh language

The article deals with the type of non-traditional lesson as a binary, its characteristics, objectives and main goals on the theoretical bases. Binary lesson is the optimal form of teaching professional Kazakh language to students, studying the Kazakh language as a foreign language. During binary lesson, students act as future professionals and receive information in the Kazakh language from a specialist. It helps the student to study, to explore and encourages him to learn. Also in the article, the authors give types of binary classes. Along with the theory and types of binary lesson reveals the features of its main object.

Key words: binary lesson, integration, education , types of lessons , communicative competence

---

Акимбекова Г., Байелі Ә.

Роль бинарного урока в преподавании профессионального казахского языка

В статье с теоретических позиций рассматриваются основные цели, задачи и особенности такого вида нетрадиционного урока, как бинарный урок. Бинарный урок является оптимальной формой преподавания профессионального казахского языка у студентов, изучающих казахский язык как иностранный. Во время бинарного урока студенты выступают как будущие специалисты и принимают информацию на казахском языке от специалиста. Это помогает студенту учиться, изучать, побуждает его к познанию. Также в статье авторы приводят образцы бинарных уроков.Наравне с теорией и образцами бинарного урока раскрываются особенности его основного объекта.

Ключевые слова: бинарный урок, интеграция, образование, виды уроков, коммуникативная компетенция

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 378.02:37.016

Акимбекова Г.[1], Байелі Ә.[2],

Алматы менеджмент университетінің
[1]доценті, ф. ғ. к., [2]аға оқытушысы, ф. ғ. к., Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: gul_shardarbek@mail.ru, baieliassel@gmail.com

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДАҒЫ БИНАРЛЫ САБАҚТЫҢ РӨЛІ

Бүгінгі таңда, жаңа технологиялар арқылы білім беру негізігі, өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Әсіресе, мемлекеттік тілдің қолдану аясын, меңгерілу деңгейін көтеру мақсатында жаңа технологиялар арқылы сабақ беру оқытушының алдына қойылған міндеті. Оқытушы тілді үйрету барысында жаңа технологияларды пайдалану арқылы тіл үйренушілердің шығармашылық қабілеттерін ғана ашып қоймай, олардың тілді оқудағы әрекетін белсенді етуге мүмкіндік алады.

Баршамызға белгілі оқыту әдістемесі тек қазақ елінде ғана емес, дүниежүзіндегі қиын кезең болып отыр. Әйтсе де білім сапасын көтеру мақсатында жасалып жатқан жұмыстар аз емес. Әрбір білім алушы білім беру жүйесіндегі жаңғырықтардың куәсі болып жатыр.

Білім берудегі жаңартулар ол дәстүрлі емес әдістер мен ұйымдастыру түрлерін талап етеді. Сабақ барысында қолданған әрбір әдістің қолдану ерекшелігін ескере отырып, оны орынды түрде іске асыру қажет. Себебі әрбір әдістің атқаратын міндеттері де әр түрлі болып келеді. Жалпы әдіс дегеніміздің өзі де белгілі бір материалды нәтижелі меңгертудегі қолданылатын оқытушы мен тіл үйренушінің бірлесіп атқаратын іс-шарасы.

Бүгінгі біздің мақаламыздың да мақсаты – тілді үйретудегі дәстүрлі емес сабақ туралы ойбөлісіп, тәжірибе алмасу. Бинарлық сабақ – бұл дәстүрлі емес, пәнаралық байланысты дамытатын сабақ түрі. Ең алдымен, бинарлық сабақта бір мәселені шешуде әр саладан алыған білімді интеграциялауға мүмкіндік туғызатын, екі немесе үш оқытушының білім беруі. Оның бәрі оқытушы болуы міндетті емес. Алған білімді тәжірибеде қолдануға әбден болады.

Қазіргі таңда білім берудегі өте кеңінен қолданылып жүрген интеграция әдісі бинарлық сабақтың мазмұны мен мақсатына дәл келеді. Латын тілінен интеграция терминін «қайта қалпына келу, бірігу, қосылу» деп аударуға болады. Бұл тұста механикалық тұрғыдан ғана бірігу емес, бір-біріне бірігіп кетіп кірігу деген кең мағына береді. Ал енді интеграциялық формадағы сабақтар дегеніміз белгілі бір тақырыпты ашуға арналған түрлі қызметтердің, ақпараттар ағынының және әдіс-тәсілдердің жиынтығы болып табылады.

Егер сіз бұрын тренингтерге қатысып жүрген болсаңыз, бұл тәсілді жақсы білесіз. Сабақта сіз аздап теория үйренесіз, артынша соны тәжірибеден өткізесіз. Кейін тағы жаңа

ақпаратты меңгеріп, тағы үйренгеніңізді қолданасыз. Тренингтің кілті – дайын ақпарат берілмейді, оның мәнін өзіңіз ізденіп табасыз. Яғни, сіз өзіңіз өзіңіздің тілді үйренуіңізгебелсенділік танытасыз. Белсенділік таныту жоғары деңгейде жаңа материалды меңгеруді және оны тәжірибе барысында бекітуді қамтамасыз етеді. Сондықтан мен осы тәсілді ағылшын тілін оқытуда қолданамын.

Студенттердің сабаққа белсенді қатысуы және ағылшын тілінде үйде белсенді жұмыс жасауына үлкен мән берілуі керек. Оқытушының негізгі міндеті студенттің әлсіз және мықты жақтарын білу. Оны студенттің өзіне білгізу. Мысалы, студент аудио матералдарды тыңдау барысында бір минуттан кейін немесе одан бұрын түсініп-қабылдауы тоқтаса, бұл оның әлсіз тұсы. Бұл әлсіздігін жою үшін ағылшын тіліндегі әуендерді, аудио лекцияларды күн сайын бес минуттан бір сағатқа дейін көбейтіп тыңдауға кеңес беру керек.

Үй тапсырмалары, сабақта өткен материалдарды бекітуге немесе келесі сабаққа жәй дайындалуға мүмкіндік береді. Тапсырма өткен тақырыпты бекітуге арналған болуы міндетті. Ережеге сай үй тапсырмалары сабақтағы тапсырмаларға ұқсас болады, сондықтан оны орындауға отыз минуттан артық кетпейді. Егер студент үй тапсырмасы бойынша түсінбеген тұстары болса, кітаптан жауабы табылмаса, оны келесі сабақта сұрау үшін белгілеп қоюды міндеттеу керек.

Жаңа сөздерді меңгерту. Мысалы, сабақта немесе сабақтан тыс уақытта студенттің бір кісімен әңгімелескісі келді, ал оның сөздік қоры жетпейді . Өкінішке орай, мұндай жағдай ағылшын тілінде жиі кездеседі. Оған көмектесу үшін белгілі тақырыптарда қарым-қатынас жасау үшін қажетті сөздер тізбесі жасалуы тиіс. Жаңа сөздердің тізімін жаңа тақырыпты өткенге дейін студентке беру керек. Сабаққа дейін сөздер мен айтылымдардың біршамасын студент жаттап алса, сабақ барысын жылдамдататыны белгілі. Сабақта осы жаңа сөздерді тәжірибеде пайдалану бойынша ойындар ұйымдастырылуы керек (сөзді есте сақтау сапасын арттыру үшін).

Тілді үйренудің әдетте төрт дағдысы бар. Олар: тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым дағдылары. Олар студенттің тіл үйренуі үшін маңызы.

Ағылшын тілін тыңдау арқылы түсініп-қабылдау ең қажетті дағды. Адамдар арасындағы қарым-қатынас екі жақты болатындықтан әңгімелесуші адамның сөзін түсінуіңіз керек емес пе? Сұхбаттар мен мәтіндер, радио бағдарламалар мен фильмдердің, сериалдардың үзінділері тыңдау, көру және т.б. Әрбір сабақта және үй тапсырмасында қаралуы қажет.

Оқылым. Студенттердің ағылшын тілі сабағында дауыстап оқуы өте пайдалы. Мақсаты біреу – айтылуы мен интонациясын түзету. Ағылшын тілінде сөздердің айтылуы мен жазылуы екі түрлі болғандықтан көру және есту жадтарын біріктіру керек.

Айтылым. Айтылымда интонация дұрыс болуы тиіс. Дұрыс айтылған сөз дұрыс түсінудің кепілі, ал интонация эмоцияны білдіреді. Мысалы IELTS бойынша емтиханда емтихан алушы айтылым дұрыс болмаса, 25% балл кемітеді. Сондықтан студенттің сөзді дұрыс айтуына жаттықтыру міндет.

Жазылым. Мазмұндама, хат немес іскери ұсыныстар жазу үшін белгілі талаптары бар. Сабақтарға хаттардан үзінділер жазуды қосамыз. Бұл жаттығулар студенттің жазылыммен қатар ауызша сөйлеуін бекітуге және грамматикалық материалдарды дұрыс қолдана білуіне көмектеседі.

Сабақта студентке грамматикалық материалдар беру ауызекі сөйлеуде лексикамен бірге беріледі. Сабақтың негізгі шегесі – бұл ауызекі сөйлеу тәжірибесі. Сөздерді, грамматиканы игеру, сөздерде тыңдау арқылы түсінуді дамыту, түрлі материалдады оқы және тыңдау – бұл ауызекі сөйлеу тілін дамытудың платформасы. Студенттің еркін сөйлеуіне тек практикалық сабақтар көмектеседі.

Шетел тілін оқыту әдістері кез келген ғылым үшін дамуы тиіс. Қазіргі оқыту әдістерін бұрынғы әдістермен салыстыру, оларда кезіккен кемшіліктер қайталамау үшін үлкен рөл атқарады.

Әдістердің салыстырмалы сипаты сонымен қатар, оқытушының жұмысы үшін де қажетті. Түрлі әдістердің ішінен әдістің ерекшелігі мен өзіндік қасиетін білмей таңдау жасау қиын. Қазіргі кезеңде шетел тілін оқытуға әдісті таңдау сол әдісті қолданатын ұжымның ерекшелігіне байланысты, оқушының жеке қасиеттерін, олардың жастарын, қызығушылығы мен дайындық деңгейін,оқытатын уақыт мерзімін және оқу ғимаратының техникалық жабдықталуына байланысты. Сондықтан ағылшын тілін оқытудың салыстырмалы сипаттамасы бүгінгі күні өзекті мәселе.

Қазіргі таңда ағылшын тілін қарқынды оқыту даму үстіндегі, жаңа құрылған және қолданыстағы әдістер жүйесінде жүзеге асырылуда. Бұл сөзсіз түрлі контингенттегі оқушыларғы

ағылшын тілін оқытудағы нақты мақсаттың көп жақтылығы, сонымен қатар оқыту шарттарының көпжақтылығы (оқу сағаттарының торы, олардың саны, оқу тобының толығуы).

Заманауи оқыту әдістерінің қазіргі тарап жатқан түрінің бірі қашықтықтан оқыту. Бұл тек біздің еліміздің ішінде ғана емес оқимын деген оқушыға сырттан оқытушылар табуға болады.

Қашықтықтан оқыту – бұл әдісте оқушы оқытушыдан алыста болады. Біздің елімізде, шетел тілін оқыту тәжірибесінде бұл әдіс кеңінен өріс жая қойған жоқ. Ағылшын тілін сырттай оқу курстары және шетел тілін өз қалауымен үйренушілер үшін бұрын оқу тележәне радиобағдарламалар болатын. Ұзақ уақыт қашықтықтан оқытудың тиімді жолдары іздестірілді. Көрнекілік ретінде баспасөз құралдары мен қатар телевидение және бейнежазбалар, соңғы жылдары CD-ROM кеңінен қолданылды. Дегенмен, оқытушы мен оқушы арасындағы кері байланыстың болмауынан бұл әдіс сәтсіз болып келді.

Түрлі елдердің университеттері қашықтықтан оқыту мақсаты үшін компьютерлік телекоммуникация технологиясын қолдану мүмкіндігіне назар аударды. Компьютерлік телекоммуникация негізінде мынадай мүкіндіктерге қол жеткізуге болады:

– Қашықтықтан кез келген ақаратты жылдам жіберуге;

– Бұл ақпаратты қажетті мерзім ішінде сақтауға және қайта өңдеуге және т.б.

– Осы мақсат үшін арнайы құралдар көмегімен интерактивтілік көрсету;

– Мультимедиалық ақпарат және оқытушы мен оқушы арасындағы жедел кері байланыс;

– Түрлі ақпарат көздеріне, сонымен қатар, қашықтықтағы және белгіленген деректер базасына, Интернет жүйесі арқылы әлем бойынша өтіп жатқан көптеген конференцияларға қолжетімділік.

– Бірлескен телекоммуникациялық жобалар мен халықаралық, электрондық конференциялар, компьютерлік, аудио, бейне конференциялар ұйымдастыру.

Қашықтықтан оқытудың кез келген түрі төрт факторға байланысты:

1. Оқытушы мен оқушы ара қашықтықтарына қарамастан тиімді өзараәрекет жасағанда;

2. Сонымен қатар педагогикалық технологияларды қолданғанда;

3. Әзірленген әдістеелік материалдардың тиіәмділігін мен оларды жеткізу тіәсілдерінде;

4. Тиімді кері байланыс болғанда.

Басқаша айтқанда қашықтықтан оқытудың тиімділігі ұйымдастыру мен пайдаланылатын материалдардың сапасына, сонымен қатар бұл үрдіске қатысатын педагогтың шеберлігіне байланысты.

Қашықтықтан оқытудың тиімділігі үшін мынадай сипаттамалары болады:

Қашықтықтан оқыту білім беру бағдарламасының кілттік ұғымы – интерактивтілік. Қашықтықтан оқыту курстары оқушы мен оқытушы арасындағы барынша интерактивтілікті, оқушы мен оқу материалдары арасындағы кері байланысты, сонымен қатар, топпен оқыту мүмкіндігін беруді қамтуы тиіс.Кері байланыстың жоғары болуы өте маңызды, оқушы өз әрекетінің дұрыстығына сенімді болуы керек. Кері байланыс жедел, операциялық, сондай-ақ мерзімі ұзартылған сырттай бағалау түрінде болуы керек.

Кез келген курстың маңызды элементі мотивация; бұл түрлі құралдар мен тәсілдерді қолдануға қажетті.

Оқытудың кез келген жүйесі оқытудың барлық үрдістерінің (мақсаттары, құралдары, материалдары және т,б,) кванталуын ұсынады. Кванталмаса мақсат түзу болмайды, материалдар қолайсыз, шарты оңтайланбайды, ал құралдары ақылға қонымсыз болады.

Оқытудың жүйелілігі шетел тілін үйренуші үшін ғана емес ата-аналар, өзге пәндердің оқытушылары үшін де қажетті. Пәнаралық байланыстар шетел тіліне қызықпайтындар үшін қосымша мотивациялық құрал ретінде қолданылады.

Оқыту үрдісін жүйелі ұйымдастырға оқу үрдістерінің түрлі деңгейлері жатады:

1. Оқыту сатысының деңгейі (бастауыш, орта, жоғары);

2. Сатылар аралығында анықталатын оқу кезеңдерінің деңгейлері;

3. Кезеңдер деңгейі (лексикалық, грамматикалық дағдыларды қалыптастыру кезеңі, дағдыларды жетілдіру кезеңі, игергенін дамыту кезеңі);

4. Кезеңдер мен кіші кезеңдер ішінде анықталатын оқыту сатысының деңгейі (еліктеушілік (имитация), алмастыру, өзгерту, көшіру, қиыстыру).

Жүйелілікте тіл оқыту дағдылары (айтылым, тыңдалым, оқылым, жазылым) өзара байланысты біркелкі дамиды.

Ең жақсы фактор ол пәнаралық байланыстарды қолдана отырып қосымша қызығушылықты ояту болып табылады.

Барлық әдістің негізі белсенді қарым-қатынас қағидасы болып табылады. Оның негізіне түрлі сипаттағы жағдаяттар алынады (әлеуметтік-тұрмыстық жағдаяттан проблемалық жағдаяттарға дейін). Жағдаяттар топпен жұмыс жасағанда (ұжымдық жұмыс), сонымен қатар бұл қағидалар жағымды психологиялық атмосферада, барлығы өзін қолайлы сезініп, өзара түсініс тік атмосферасында болғанда және белсенді өзара әрекеттер жасағанда, тек ақпаратпен ғана емес эмоцияларымен бөліскен жағдайда жүзеге асады. Тағы бір әдіскердің маңызды сәті оқу үрдісінде оқушыныңқызығушылығын арттыратын қосымша мотивациялар жасау болып табылады. Сонымен қатар заманауи әдістерде оқушының өздігінен тану әрекеттері үлкен рөл атқаратынын айта кету керек. Оқушыға дай ын материалдар бергеннен гөрі, олар өздері өз бетінше жұмысты көбірек жасауы тиіс, бұл олардың есте сақтауларына да әсер етеді. Барлық әістердің негізгі идеясы бір ол: оқытудың ең күшті тәсілі ол – қарым-қатынас.

Заманауи әдістердің көпшілігі қарым-қатынастық-бағдарлау болып табылады. Олардың негізгі бір белгілері оқушының шығармашылығы. Атап айтқанда шығармашылық тапсырмалар, бүгінгі күні заманауилықтың белгісі. Олар жұмысты тек ауызша айтумен ғана емес әрекеттердің басқа түрлерімен де жасай алады.

Ғалымдар жүргізген сараптама негізінде қазіргі кезеңдегі ағылшын тілін оқыту әдістемесінің даму үдерісінемыналарды айтуға болады:

– әдістерді, тәсілдерді және оқыту мазмұнын мақсаты мен жоспарланған тілді меңгеру деңгейіне байланысты, оқушылар контингенті мен оқыту шартына қарай саралаудың күшеюі;

– Аударма әдістердің қысқару үдерісі;

– Оқушылардың өзараәрекеттестік және сөйлеу белсенділігінің артуы; оқу үрдісінде психикалық жағдайды пайдалану;

– Оқытуда жаңа техникалық құралдарды қолдану;

– Заманауи оқыту жүйесінде түрлі әдістер элементтерін біріктіру.

Жалпы бір әдістен гөрі оқушыға сәйкес бірнеше әдістердің жақсы жақтарын біріктіріп қолдану тиімді. Қазіргі сәтте әмбебап әдіс жоқ, кез келген әдістің тиімділігі көптеген факторларға байланысты . Әдістердің даму кезеңінде әдістерді біріктіру арқылы қолданылу өз тиімділігін көрсетуде. Түрлі әдістердің жақсы элементтерін өздеріне жинаған әдістер жиынтығы құрыла бастады деп айтуға болады.

Әдебиеттер

1 Кузнецова Н.Э. Современные методики преподавания английского языка в высших учебных заведениях. XXXIII Международная научно-практическая конференция «В мире науки и искусства: вопросы филологии, искусствоведения и культурологии»: сб. Статей. – Россия, Новосибирск, 19 февраля 2014 г.

2 Горегляд О.Л. Инновационные тенденции в преподавании иностранного языка школьникам [электронный ресурс]: http://festival.1september.ru/articles/527303/ – Фестиваль педогогических идей. – Россия, Москва 2012.

3 Методы обучения английскому языку [электронный ресурс]: http://language-world.ru/metody-obucheniya-angliyskomu-yazyku – Методы обучения английскому языку

4 Методики ппреподавания аанглийского языка [электронный ресурс]: http://www.uchiyaziki.ru/index.php/statti-po-angliyskomu-yaziku/868-metodika-prepodavanija-angliyskogo-jazyka – Методики преподавания. – Россия, Москва, 2016.

References

1 Kuznecova N.EH. Sovremennye metodiki prepodavaniya anglijskogo yazyka v vysshih uchebnyh zavedeniyah. XXXIII Mezhdunarodnaya nauchno-prakticheskaya konferenciya «V mire nauki i iskusstva: voprosy filologii, iskusstvovedeniya i kul'turologii»: sb. Statej. – Rossiya, Novosibirsk, 19 fevralya 2014 g.

2 Goreglyad O.L. Innovacionnye tendencii v prepodavanii inostrannogo yazyka shkol'nikam [ehlektronnyj resurs]: http://festival.1september.ru/articles/527303/ – Festival' pedogogicheskih idej. – Rossiya, Moskva 2012.

3 Metody obucheniya anglijskomu yazyku [ehlektronnyj resurs]: http://language-world.ru/metody-obucheniya-angliyskomu-yazyku – Metody obucheniya anglijskomu yazyku

4 Metodiki pprepodavaniya aanglijskogo yazyka [ehlektronnyj resurs]: http://www.uchiyaziki.ru/index.php/statti-po-angliyskomu-yaziku/868-metodika-prepodavanija-angliyskogo-jazyka – Metodiki prepodavaniya. – Rossiya, Moskva, 2016.

Бисенғали З.-Ғ.Қ.

Жаңа инновациялық тәсілдерді жыраулар көркемдік әлемін оқытуда қолдану

Жыраулар поэзиясының көркемдігі туралы дәрістер мен тәжірибе сағаттарында есте болатын біраз маңызды мәселелер бар. Бұларды ескермеген жағдайда ойдағыдай нәтижеге жету қиын. Ең алдымен, оны оқытуда жаңа әдіснамалық тәсілдерді қолданған жөн. Өйткені, жыраулық өнер, поэзия тек қана мәтінге байланып тұрған жоқ. Бізге ХҮШ-ХІХ ғасырлардан жеткен жеткен шығармалар дені ауызша сақталғандар. Бірақ, аты-жөні, шығармалары (ауызша, жазбаша) жеткен ақындардың көбі мұсылманша әжептәуір сауатты болған. Абыл Өтембет, Қалнияз Шопықұлы, Ақтан Керейұлы, Нұрым Шаршығұлұлы, Қашаған Күржіманұлы Аралбай Оңғарбекұлы, Өмір Қараұлы т.б. жыраулық мектептің дәстүрінде тәрбиеленіп, тәжірибе жинақтаған. Студенттерге осы үдерістің заңдылығы ман ерекшеліктерін түсіндіріудің маңызы өте зор. Жыраулық поэзияны оқыту мен түсіндіруде студенттерге осы айырманы мұқият ұқтыру керек. Әсіресе, тәжірибелік сағаттар мен өз бетімен орындалатын ғылыми жұмыстарда осы мақсатты орындауға көңіл бөлу керек. Жыраулық мектеп ақындары шығармаларының көрнекті үлгілерін оқыту, талдау барысында әдістемелік тұрғыда бір шығарманың әлденеше үлгілерін салыстырып, сол заман ахуалына, стиліне жақындарын таңдап қолданған жөн.

Түйін сөздер: жыраулар поэзиясы, поэтикасы, мәдениет тарихы, толғау, Қалнияз жырау, суырыпсалма ақын, қуғын көру, Ата жұрт, қаһарман құрбылар, жырға қосты, мадақтау.

Bisengali Z.-G.K.

The use of innvative new methods of teathing for the art world zhyrau

Many of the works have come down to us ХҮШ-ХІХ century were transferred mainly verbal way. However, many of those authors and poets whose works have come down to us (orally or in writing) received a good Islamic education. Abylai Otembet, Qalniyaz Shopyquly, Aqtan Kerey uly, Nurym Sharshiqluly, Qashagan Kyrzhimanuly, Aralbay Ongarbekuly, Omir Qarauly and others received training in the tradition of the school Zhyrau and gained experience. legacy of Zhyrau poetry, lyrics full of national spirit. carolers e images of the brave, talented. strong character's personalities. Understand texts are full of f the national spirit. It is important to value these udes for students. It is necessary to explain the difference to students during training and explaning of poetry bard. It is especially important to pay attention to students for this purpose in practical hours and independent scientific studies. When training, the analysis of samples striking works of poets Zhyrau school, it is necessary in metodolog y purpose to compare several samples of the product, choosing a close in style, the situation at the given time.

Key words: zhyrau – Kalniyaz. Makhambet. withstand the persecution, similar tolgau, the poetics, of romanticism, raised the masses, human disputes, inspiring rebellious spirit, persecution, human disputes.

Бисенгали З.-Г. К.

Применение новых иновационных методов в преподавании художественного мира жырау

Многие из произведений ХҮШ-ХІХ вв, дошедших до нас, были переданы в основном устным образом. При этом нужно отметить, что многие авторы и поэты как Абыл Утембет, Калнияз Шопыкулы, Актан Керейулы, Нурым Шаршыгулулы, Кашаган Күржиманулы, Аралбай Онгарбекулы, Омир Караулы и др.получили мусульманское образование. и набирались опыта в традициях школ Жырау. Очень важное значение данных ч**удес** для восприятия студентов. Необходимо обьяснить эту разницу при обучении и разьяснении поэзии жырау. Особенно важно обратить внимание на это при выполнении практических занятии и самостоятельных научных работ. Методологические принципы при обучении студентов анализу образцов ярких произведений поэтов школы Жырау требуют сравнить несколько образцов одного произведения, подбирая близкие по стилю, ситуации того времени.

Ключевые слова: синкретный характер, искусство жырау. народное признание, жырау Калнияз, схожесть с Махамбетом, бунтарский дух, характер романтизма, тоска на чужбине, воспевание соратников.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

ӘОЖ 821.512.22.0

Бисенғали З.-Ғ. Қ.,

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
профессоры, ф. ғ. д., Алматы қ., Қазақстан,
e-mail: zinolgabden@hotmail.com

ЖАҢА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРДІ ЖЫРАУЛАР КӨРКЕМДІК ӘЛЕМІН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНУ

Жыраулар поэзиясының көркемдігі туралы дәрістер мен тәжірибе сағаттарында есте болатын біраз маңызды мәселелер бар. Бұларды ескермеген жағдайда ойдағыдай нәтижеге жету қиын. Ең алдымен, оны оқытуда жаңа әдіснамалық тәсілдерді қолданған жөн. Өйткені, жыраулық өнер, поэзия тек қана мәтінге байланып тұрған жоқ. Бізге ХҮШ-ХІХ ғасырлардан жеткен жеткен шығармалар дені ауызша сақталғандар. Бірақ, аты-жөні, шығармалары (ауызша, жазбаша) жеткен ақындардың көбі мұсылманша әжептәуір сауатты болған**.** Абыл Өтембет, Қалнияз Шопықұлы, Ақтан Керейұлы, Нұрым Шаршығұлұлы, Қашаған Күржіманұлы Аралбай Оңғарбекұлы, Өмір Қараұлы т.б. жыраулық мектептің дәстүрінде тәрбиеленіп, тәжірибе жинақтаған.

Бірақ бір өкініштісі шығармалардың жазба нұсқалары жоқ. Тіпті, сауатты, жыраулардың өздері де туындыларын жазып қалдырмаған.. Мұның тұрлі себептер болуға тиіс. Мәселен, қолжазбалардың сақталмауы, жоғалуы тіпті болмауы да мүмкін. Жыраулық поэзия, дәстүр туралы жан-жақты зерттеулер жасаған ғалымдар аз жазған жоқ...

Сондықтан оларды қайталап жатпай-ақ, тақырыпқа қатысты жыраулар поэзиясын оқытуда аса қажетті бірер әдістемелік сипаты бар мәселені ғана айта кетейік.

19 ғасырдан бастап жыраулар поэзиясының поэтикасы өзгеріске ұшырай бастады. Оның басты себебі, ауызша әдебиетке біртіндеп ене бастаған жазба әдебиет ықпалы еді. Маңғыстау түбегінде ақын-жыраулардың ел көңілін аударған шығармалары ХІХ ғасырда қағазға түсе бастады. Әрине, бәрі емес. Жыраулар поэзиясы туралы деректі пікірлер айтып жүйелі зерттеулер жүргізген Қ. Сыдиқовтың еңбеген айрықша атауға болады. [1]

Жыраудың нақты шығармасының әлденеше үлгілерінің (варианттары) сақталуы шығарма мазмұны мен көркемдігін зерттеуде түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануды қажетсінсе, оқытуда да сонгша жаңа көзкарастар керек. Солардың кейбіреулеріне тоқтала кетуді жөн көріп отырмыз.

1917 жылға дейін баспа көрген үлгілер мен кейінгілер арасында алшақтықтың болуының салмақты себептері болды. Кеңес үкіметі тұсында бұларды көп сөз қылмауға тырыстық.

Басты себебі түсінікті. Ресми идеологияға керегар ойлардың кездесуі – туған елін жаудан қорғау, ел бірлігі үшін күрескендер рухын мадақталуы, ел билеген хандар мен жұртты басқарған дәулеттілер бейнесінің сомдалуы т.б. Бұл идеялар отаршыл Ресей көңіліне жақпады [2].

Жыраулар шығармаларын жариялауда – баспа талабына сай, болмаса құрастырушылар мақсатына орай редакция да жүрді. Саяси ой, мазмұнлы былай қойғанда, мәтінде ара тұра кездесетін түсініксіз сөздерді бізге түсінікті жаңаларман алмастырдық. Әрине, жаңа сөздердің Ғасырлар қойнауынан бізге аман жеткен мәтіндердегі ой, сезімдер мәнін жеткізе алмайтын. Өкінішке орай, көркемдік бояуына, мағыналық мәніне қараған жоқпыз. Соның салдарынан көне дәуірлерден жеткен толғау, жырларда түсініксіз, жұмбақ, күмәнді тұстар көбейеді. Сондықтан оны**,** жыраулар поэзиясын – бір замандарда тәуелсіз елде, еркін өмір сүрген мінезді, талантты ержүрек, тұлғалардың бейнесін сомдаған мағыналы мәтіндерді, ұлттық рухтарға толы әдеби мұраны бірден, еркін қабылдай алмадық.

Енді рухани құндылықтар түбегейлі өзгерістерге ұшырай бастаған жаңа заманда жыраулар поэзиясы туралы деректі, терең зерттеулерге негізделген пікірлер айтатын сәт туды. Соңғы кездерде бұл тақырыптарды кешенді түрде зерттеуді, жоғары мектептерде оқытуды қолға алдық. Бұрын аты-жөні сиректеу аталатын ақын-жыраулар шығармашылығы туралы түрлі деңгейде жиналыстар өтуде. Соның бірі – Ш. Есенов атындағы Ақтау қаласындағы «Қазақ мемлекеттік технологиялар мен инжиниринг университеті» ұйымдастырған «Қалнияз Шопықұлы және оның әдеби мұралары» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция. Жиынға Астана, Алматы, Атырау,т.б. қалалардан ғалымдар қатысып жыраулық поэзия туралы баяндамалар жасады.

Эстетикалық объектінің сыртқы дүние, әлеммен байланысы алуан түрлі әсерлерден көрінеді. Жыраулардың жыр-толғауларынада осы әсер адам таңғаларлықтай деңгейде бейнеленеді. Әдеби дәстүрге үзіліссіз жаңалықтар қосып отыратын бұл ықпалдың қуаттылығы өнер иелеріне қашан да байқалады. *У*ақыт және кеңістік өлшемдерінде бірте бірте белең ала беретін бұл жағалықтар осы поэзияны таратушы ақындар мен жыршылар тарапынан да қолдау таба бастайды. Оның жеке жыраулар шығармашылығында көрініс табуы эстетикалық сезімдер шарпысуына тәуелді. Төңірегін өзгерте бастаған үлкенді – кішілі уақиғалар жыраулар қабылдауында бірте – бірте үдеп, күрделі сезімдер бейнесінің жаңа реңктерін туғызады. Мұның көркем көрініс табуы жыраудың көркемдік әлеміне ғана тәуелді. Тарихи уақиғалар туғызған алуан-алуан сезім-ойларды қорыту, жаңа шығармашылық мақсатына орай қиюластыру бәрі – ақын-жырлаудың көңіл-күйіне байланысты. Ол түрлі ортада өзгеріп тұрады. Жыраулар шығармалары нұсқаларының көп болуы осы заңдылықтарға негізделеді.

Студенттерге осы үдерістің заңдылығы ман ерекшеліктерін түсіндіріудің маңызы өте зор. Жыраулар шығармаларын тыңдаған жанның бәрі оны сүйсіне қабылдайды деп айтуға болмайтын шығар. Әсіресе, эстрадаға өнеріне тәуелділік күн санап атыпқан бүгінгі тұрмысымызда. Көңіл аударушыны еріксіз жетелейтін түрлі құйтырқы техникалық тәсілдері, шуы мол эстрада тарихтан гөрі бүгінгі қазақтарды қуалайды. Ал жыраулық өнер бағзы замандардағы аңыз, хикаят, әпсаналар мен қатар тарихи уақиғалармен, тұлғалармен, тіпті жеке адамдар тағдырымен де тығыз байланысты. Бірақ өткен замандардағы шығармашылық үдеріс мұлде басқа жағдайда өтеді. Мұнда уақыт та басқа, кеңістік те өзге.

Жыраулық поэзияны оқыту мен түсіндіруде студенттерге осы айырманы мұқият ұқтыру керек. Әсіресе, тәжірибелік сағаттар мен өз бетімен орындалатын ғылыми жұмыстарда.

Жараулық әдебиет өкілдері дәстүрге жаңалықтың қажетін тегістей ұқты деп айту қиын. Бұрыннан таныс жырларды ғана емес, жаңа шығармаларды орындау барысында да жайната, жаңғырта орындауды ұнататын тыңдаушы қабылдауын жыраулар да ескереді. Әрине мұнда тосын жайлардың көп болатыны да белгілі. Бейтаныс әуендер мен өрнектердің ықпалы да болады. Талантты ақынның дара таным мен қабылдауының әуендері жыраулық ақын өрнектерінде бірден аңғарылады. Жырға негіз болған өткен тарих, ел көңілін аударған уақиға оны өзінше талдап, бейнелеуші ақын танымынан тәуелсіз емес, сондықтан осы орындауда алуан түрлі сезімдер мен ойлар шендеседі. Алайда өмір шындығының сұлбасы міндетті түрде сақталады.

Жыраулық поэзия дәуірлеп тұрған замандарда толғау, жырларды жазып алуға – қоғамда қажеттілік болмағандай. Қағазға түсіру дәстүрі оңай тәрізді көрінгенмен болмысы басқа – тынымсыз еңбекті, ойды қажетсінеді. Суырып салмаға әбден төселген сауатты – ақын жыраулар

сәтті шығармаларын елге таратуда шәкірттеріне сенген. Бірақ олардың жырлауында ғана емес, өз орындауларында да мазмұндық, көркемдік өзгешеліктерді байқаған. Бұл жаңарулар қағазға түскенге дейін тоқталмаған Қағазға көшкен туындының көркемдігін жоғалтатыны шындық.. Оны бүгінгі ақындар поэтикасын зерттеушілер де мойындайды.

Ендеше, жыраулық мектеп ақындары шығармаларының көрнекті үлгілер- ін оқыту, талдау барысында әдістемелік тұрғыда бір шығарманың әлденеше үлгілерін салыстырып, сол заман ахуалына, стиліне жақындарын таңдап қолданған жөн.

Қалнияз Шопықұлы шығармашылығымен танысушы, зерттеушілер үшін есте болуға тиіс аса маңызды әдістемелік бағыттар М. Әуезовтің Иса Байзақов шығармашылығы туралы пікірлерінде бар. М. Әуезов жыраулық өнердің синкретті сипатын айтқанда оның өзгермелі табиғатын да ескерген болуы керек: «Бүгінгі қазақ сахнасында Иса әлденеше ғасырларда жинағандай, мәдениет тарихының әлденеше дәуірлерін бітімдестіргендей.

Мұның арты баяғы кәрі заманнан, саналы толғау иесі жыраудан, ру бәсекесінде ат жарыстырғандай, сөз жарыстыратын айтыс ақындарынан келе жатқан суырыпсалма. Бүгінгі тұрған орны – сахына. Айтылып қалған сөздері – әдебиет туындысы. Иса сахнадан үгіт айтады, сын айтады. Өзі түсінген мөлшерде сұлулықты, жарастықты жырлайды. Өлеңмен күлдіргі қалжың айтады. Жақсының сарынындай құбылып, бүктетіліп толқын желдірменің әніне қосқанда шалқыған ақындық сөзін ту ғып ұстап заманды қазып келе жатқан өнер желмаясыны шабысы елестегендей болады.

< ....> Бірақ, суырыпсалма өлең көп алдындаақынның өз аузынан сол арада ғана шығып, арнаулы сарынға түсіп, домбырамен бірге қанат қағып алып ұшып келе жатса, ең әуелі өте әсерлі жарастық, үлкен әсерлілік сол шабыстың өзінде деп санау керек. Әдебиет, музыка, сахна бәрінің бірдей бас қосатын жері осы. Адамдағы салтанатты, сымбатты өнердің өзгеге жат, біізге таныс бір алуан түрі, үлгісі осы.

<....> Қолдан жасалмайтын, оңайшылықпен қайта тумайтын сирек өнерді біз, бүгінгі заманның адамдары, мәдениетті елше қадірлей, бағалай білуіміз керек.» [3]

Жыраулық поэзияда саяси-әлеуметтік тақырыптар ел бірлігі, мемлекет тұтастығы туралы ойлармен қатар өріледі.. Әсіресе, XIX ғасырдағы зар заман бағытының ақындарында ел бірлігі мен елдік сана Ресейдің отарлық саясатымен қабаттастырыла суреттеледі. Қазақстанға күн санап еніп жатқан сан түрлі жағалықтардың ұлттық дәстүр мен салт-сананы бұзып жатқанына, мұның ел бүлдіргіштік сипаты әшкереленеді.

Осы мазмұндағы шығармалардың өзінде де түрлі саяси сипатты болмаса елдегі әлеуметтік мәнді уақиғаларға байланысты мазмұндық жаңалықтар байқалады.

15 ғасырдағы қазақ әдебиеті туралы біршама деректі мәліметтерді халық әдебиетінің табыстарынан аңғауға болады. Бүкіл қыпшаққа даңқы жайылған Қодан Тайшы, Сыпыра жырау, Асан Қайғы, Қазтуған, Доспанбет, Шалкиіз, Марғасқа, Жиембет, Ақтамберді т.б.кім білмейді. Әсіресе, ауыз әдебиетінде көркемдік дәрежесі ойдағыдай, тіпті аса жоғары деп те айтуға болады, талай тарихи шығармалар, эпостық жырлар, толғаулар дүниеге келді. Әдеби тілдің даму да жоғары деңгейге жетті. Бұл табыстарда жыраулық әдебиеттің үлесі орасан мол. Орны де бөлек.

Жыраулық әдебиеттен көрінетін басты тақырыптарға тоқталсақ:

Алдымен ел алдындағы әлеуметтік қайшылықтардың сөз болуы. Әр әлеуметтік топ өз идеологиясы үшін күресті. Байлар мен билер, батырлар мен шешендер т,б. Оларға арналған қошаметшіл, мадақ поэзиясы бірден көзге түседі. Жыраулық поэзияда бұл аз емес.

Түрлі деңгейдегі қоғамдық тартыстарда жеңіске жеткендердің озбырлық әрекеттері, жеңілгендердің өкініші мен қасіреті – жыраулық поэзияның мақты арқауы. Осы қарама қарсы құбылыстардың бірінің артына түсе, қуа жырлаушылар табылды. Негізінен туыстық белгілерге, әлеуметтік топтар мүддесіне орай жырланды. Адалдыққа қиянат, наразылық.., осы кезден бастап сатира, мысқыл келді әдебиетке. (Шерниязда, т.б.) Бұл мақсат жаңа бейнелеу құралдарын құралдарын әкелді.

Осы бағыттағы көрініп тұрған қайшылықтар қоғамдық сананы қозғады,

Авторлық әдебиетті дамытуға ықпал еткен құштердің бірі – фольклор. Фольклор және авторлы әдебиет қоғам қайшылықтарын көрсетуде, табыстары мен әйгілі тұлғаларды бейнелеуде егіз құбылыс ретінде танылды.

Қазақ әдебиетіне орта ғасырынан ауызша, жазбаша көркем фабула, қызық сюжет т.б. үлгіде жеткен шығармалар сол дәуір көркемдік танымынан хабар береді. Әдебиет пен өнердегі ізденістерді, орныққан үлгілер мен дәстүрді

көрсетеді. Оған мұқият үңілу, талдау керек. «Көркемдігі шамалы» деген астамшыл ұғым бұған келмейді.

Алтын Орда хандарының, рулы ел басқанған билер мен дәулетті жандардың, батырлардың қасында ақылшы, кеңесші ретінде жыраулар болған жүрген. Абылайдың Бұхары сияқты. Көргені көп, білетіні мол жыраулар заманның елеулі уақиғалары мен оның бас қаһармандарын, сан – алуан тарихты жыр, толғауларға, әңгімелерге қоса жырлаған. Онда тек тарихи уақиғалар ғана емес, әйгілі генеологиясы мен жалпы қазақ шежіресін те талай мәліметтер кездеседі. Деректі тарих болмағанмен де қазақы ауызша шежіренің маңызды мәліметтер көрінеді [4]. Ел ішіндегі ірі дау жанжалдарды шешуде де олардың рөлі аз болмаған. Көбінің құдай берген көріпкелдік қасиеттері де жоғары болған.

Ақылгөй, дара тұлға ретінде жыраулар ел аралық мәселелерді, көрші елдермен қарым қатынастарлы шешуге де қатысқан. Сауда саттық жасаушы мемлекеттермен түйінді мәселелерде ақыл, кеңес беруші ретінде олардың пікірлері мүлде ізсіз басқа кетпеген.

Ел ішіндегі қақтығыстар мен дауларды шешуде әділдігімен халыққа жаққан, жұртқа айрықша қымбатты болған жыраулар тарихта аз емес. Солардың бірі – Қалнияз жырау. Оның тіршілігі ғана емес, шығармашылығы да Махамбетпен ұқсас. Ол – дүмділер тарпынан қуғын көріп, қысымға шыдамай елін тастай көшкен көптің бірі емес, Махамбет сынды «аламанға жел берген аса жұртты меңгерген жырау», романтикалық мінезде қалыптасқан тұлға.

Түрлі жаулармен болған қырғын шайқастарда күтпеген қиындықтарға тап болған бауырларын жігерлендіріп толғаулар айтқан. «Батырларды жігерлендіріп айтқаны», «Қожалақ батырға айтқаны», «Табын Дәуіт батырға айтқаны», «Есен, Сүгір батырларға айтқаны» т.б.

Жыраулар поэзиясы ұлттық болмысымыздың қалыптасуына да ықпал еткен рухани күш болды. Ел билеушілерді сабырға шақыруда ғана емес болашақ ұрпақты тәрбиелеуде де орасан зор қызмет атқарған әлеуметтік топ. Тәрбиелік қуаты мол, әсіресе эстетикалық әсері орасан зор көркем дүниелер қалдырған.

Қалнияз шығармашылығы туған жерінен қуғын көріп, жат елдерге қоныс аударған қазақ жырауының рухани тірлігін, қайғы-қасіретке толы болмысын, шығармашылық ізденістерін анақ көрсетеді.

Қалнияз Асан ата ізімен жерұйық, тыныш тірлік іздеді. Түркіменстан, Тәжікстан, Өзбекстан, Ауғанстанға барды. Тыныш тірлік тапқандай болса да өзге менталитетке: тұмыс пен салт-санаға, әдет ғұрыпқа көндіге алмады. Жергілікті бай-дәулеттілерге, жұртты билеген топтарға жақпайтын артық-кем пікірлер айтты, Өзінің қазақ елі менталитетін мадақтады. Сол үшін жек көрінішті болды, шеттетуге ұшырады. Тіпті әлділер тарапынан зорлық та көрді. Шыдай алмай әллі-берлі ауысты.., көшті.

Туған жерін сағынды. Аңсады. Аиа жұртын қорғауда қарулас болған қаһарман құрбыларын жырға қосты, ерліктерін мадақтады. «Көрмесем, хош болыңдар», «Ерлерді еске алғанда», «Атасам ат ұстаған ерлерімді..» «Жерінен Ауған, Күләб хат жолдадым», «Аңсаймын аға-жеңге ағайынды», «Айтқаным аз да болса есте қалсын», «Қалнияз едім күнінде» «Қош, аман бол, қалған жер» т.б. тәрізді толғау – жырлар осындай әуендгрге толы.

Бұл жыраудың күш, қайратының кеміген, қартайған шағы еді.

Қалнияз мұсылманша сауатты болған. Қолымен жазып қалдырған шығармалары жоқ тәрізді. Кім білген, бәлкім жазған да шығар.,бірақ көшіп-қонып жүрген тірлікте оларды сақтау да оңай емес. Олардың тағдыры туралы да не айтуға болар еді...

Ел алдында орындалған шығармалардың бәрі, ең маңыздылары мен мәнділері, көркемдері ел арасына ауызша таралған. Әні мен орындалу үлгісіне дейін. Бұл шығармалар бізге шәкірттерінің жаттаулары арқылы келді.

Сондықтан, деректі, дәлелді пікір айту қиын. Қолымызға түскендерін талдаумен қатар, жоқтарын ел аузындағы мазмұндық аңыздауларға, үзік-үзік шумақтарға үңіле болжау арқылы ғана шамалаймыз. Соның өзі аса талантты ақын-жыраудың көркемдік әлемін көрсетеді.

Қалнияз – қазақ жырауларының үлкен бір тобының аса көрнекті өкілі. Оның шығармашылығы мен өмірбаны туралы ойланғанда түрлі себетпермен ел ауып, шет жерге кеткен талантты қандастарымыз туралы ойларға батасың. Олардың көбі барған елдердің салт санасын қабылдап, үйленіп. өзге тілде, сол дәуірлерде басымдық көрсетіп дәстүр қалыптастырған тілдерде шығармалар жазды. Әдебиет тарихында өзге тілдерде жазып ұлы суреткер атанғандар аз емес,кеткендер аз емес.

Қазақ жыраулары шығармаларының сақталуы, таралуы, үлгілері туралы М. Мағауин бірнеше пікірлер айтқан: «Қазақ халқының жыры түркілік ортақ эпос құрамынан бөлініп, дербес Орда құрған хандық заманы төрт ғасырға

жуық ұзақ дәуірге созылды», – десе келесі бір зерттеуінде: «15-17 ғасырларда жасалған әдебиет ел мүддесін, жұрт мұратын бірінші орынға қойды» [5].

Жалпы жыраулар поэзиясы – қазақ сөз өнерін әлемдік классикалар шоғырына қосты. Біздің ұлттық рухани қазынамыз жыраулар поэзиясының абызы Асан қайғы толғаулары арқылы қазақ халқының қалыптасу, хандығының құрылу дәуірінің тарихи белгілерін көрсетеді.

Проф. Б. Кенжебаев Асан шығармалары туралы пікірлерінде «Асан қайғының шығармалары өз тұсының айнасы Ол өз дәуіріндегі қазақ халқының мұңын, тілегін көрсетеді, – деп жазды. Асан қайғы халықтың бірлігін, мемлекеттің тұтастығын сақтауды жырлаған жырау**.** «Қырында киік жайылған, Суында балық ойнаған, Жеміңде кеңес құрмадың.., Жемнен де елді көшірдің» – деп жыралуы осыдан.

Қазтуған, Доспанбет, Шалгез, Жиембет, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар т.б. жыраулар толғауларында қазақтың өріс, мекендері шығармалардың тақырыптық-идеялық көркемдік өрімдерінің ерекшеліктеріне орай әртүрлі жанрларда, ұлгілерде жырланады.

Жыраулар поэзиясындағы жер-сулар атауларының ішінде Алтын Орда дәуіріндегі қазақтардың мекен еткен жерлері сағынышпен, қимастық сезімдермен жырланады. Атап айтқанда, Еділ, Жайық, Сырдария, Қара Ертіс, Азау теңізі, Түркістан, Ташкент қалалары т.б.

Қазақ хандығы кезіндегі жыраулар поэзиясының тақырыптары: халық бірлігі және елдің әскери қуатын нығайту, ел билеушілер мен батырлардың, билер мен шешендардің ұлт рухын, намысын сақтауға, қорғауға бағытталған ірі әрекеттері мен дархан мінездерін мадақтау болды. Олардың өмір мен болмыс туралы философиялық толғау, жырларында ізгілік пен зұлымдық, жақсылық пен жамандық, достық пен дұшпандық тәрізді салт-санаға қатысты тақырыптар шендестіріле қозғалады. Адамгершілікке жат ұнамсыз құбылыс, мінез, әрекеттерді жырлауда жеке бас мүддесінен де ел, мемлекет, халық мүддесін жоғары қояды.

Асқар Егеубайдың жыраулар поэзиясының мәні туралы айтқан мына сөздері осы тақырыпты зерттеуші ғалымдар үшін қажет-ақ. «Жыраулар толғаған адамгершілік, имандалық, қаһармандық, жігерлілік һәм жайсаңдық жолда қалыптаса бастаған қазақ ұлысының рухани келбетін кестелеуі тиіс еді. Сорлай болды да. Қазақ елінің ажары мен жан дүниесі сол шығармаларда жасалды. Білім, білік ақиқат, тіл, жаратылыс жайлы толғамдар да сол ортада желі тартты. Ежелгі түркі дүниесінің бар болмысы мен арман – мүддесі бір кезде қазақтың классикалық мәдениеті арқылы жаңғыра көрінді. Жыраулар дәуірінің ішкі мәніне үңілсек, төрт-бес ғасыр бойына тұтастай құбылыс ретінде дамыған әлеуетті, әлеуметтік көркемдік ұлы самғау бұрын соңды болмаған еді. Ол поэзияда, елдік құрылыста, тұрмыса, моральдік һәм рухан мәдениетте бірдей айқын мүсінделді.

Жыраулар поэзиясы дербес мемлекет ретінде өмір сүрген қазақ хандығы атты дәуірдің әдеби мұрасы.»

Тұрмыс-салт-жырлары, жоқтау, ертегі аңыздар т.б. жеке тұлғаларды дәріптеген туындыларда жиі қолданылады. Осы шығармалардың идеялық-көркемдік мақсаттаны айқындауда маңызы зор. Сол тәрізіді қиял-ғажайып аңыздар, мифтер мен әпсаналар мен тәмсілдер де шет ел шапқыншылығына қарсы күрес идеясын қозғап, ерлік, батырлық тақырыптарын дәріптеуде жыраулық поэзия өкілдері жиі қолданатын тәсілдер. Ерлік пен батырлықты дәріптейтін сюжеттерде қолбасшылыр мен батырлар дәріптелді. Олардың көркем бейнелері жасалынды. Кейде реалды өмірден алыс тәрізді көрінсе де көркем мазмұн негізіндегі ірі уақиғалар шындығы бас қаһармандар ерлігі байқалып тұрады. Эпостық жырларда шығарушы – жыраулардың басты идеялары айқындала түседі**.**

Жыраулық дәстүрдің белгілі бір жүйеде жалғастығын тапқанына көз жеткізуге болады. Атақты жыраулардың шығармаларын ере жүрген шәкірттері жаттап, көпшілік көңіл аударғандарын елге таратқан. Шәкірттердің кейінгі буыны да, 19 ғасыр соңы мен 20 ғасыр басындағы солардан үйренген. Ең маңыздысы ұстаздарынан үйренген шығармаларын бұрмаламай, бүлдірмей, негізінен сол қалпында жеткізген. Әрине аз кем өзгеліктердің қосылу заңды.

Бүгінгі жоғары мектептерде болашық мамандарды тәжірибеден қалай өткізсе, жыраулық мектеп шәкірттері де соған ұқсас өмір тәжірибесін алған. Жыраулар алдымен ұстаздары білетін шығармаларды жаттаған, оның пайда болу тарихын, қайда айтылғанын сұрастырған, орындау барысында өз стилін қалыптастырған. Бірақ, ұстазының әуенін, мақамын толық сақтаған. Өкінішке орай бұл бағытта деректі зерттеулер әзірше көп емес. Бірақ, аса қажетті істі бірі – осы.

Жыраулық дәстүрдің сөзге емес, өзіне сөзді ерту еркіндігі...туралы проф. Б. Нұрдәулетованың «Көне күннің жыр күмбезі» кітабындағы пікірінде осы өнер мен шығармашылық

шындығын көрсететін негізді ойлар бар. Ұстаздан шәкіртке көшетін поэтизмдер онда жалғасын ғана таппайды, жедел дамиды да. Жыраулық өнер иелері сөздің дәуірлік, стильдік нормаларына өзінше қарайды, бағына бермейді,- деген байымдауларда шығармашылық үрдерісті көрсетіп отыр. [6]

Жыраулық дәстүр – мектеп. Атадан балаға, ғасырдан ғасырға көшетін көркем мазмұн, сөз мағынасы мен мәні мақсатты түрде жалғасады. Ең қасиетті байлығымыз осы жалғастық табиғатында. Жыраулық дәстүр шығарманың мазмұнын да, көркемдігін де бұзбай жеткізуді қалайды. Жыршы, жыраулар адалдығының негізі осында. Алайда шығарманың көркемдік кестесіне белгілі фабула, сюжетті дара қабылдаудан пайда болатын аз-кем өзгерістер сөзсіз енеді. Сол арқылы көркем шығарма әсері де түрленіп отырады. Дәстүр арқылы жеткен көркем мазмұнды ментальді қабылдау жаңаша танымға осылай ұласады.

Жыраулық поэзия ежелгі және жаңа дәуір әдебиетінің арасын жалғастырушы арна болып қана қойған жоқ, ұлы эпос тудырған ортаның таңғажайып дәстүрін көркем бейнелер арқылы пернелей жеткізген сырлы әлем еді.

Жыраулар поэзиясындағы эстетикалақ қуаты айрықшалардың бастысы өмірдің түрлі кезеңдері жасық шақ пен есею, кемелдену және кәрілік т.б. толғаныстардың табиғат және қоғамдық құбылыстарымен егізделе жырлануында.

Бұл негізгі жанрлардың бәрінде ұшырасады. Философиялық толғамы айқын толғаулар мен тарихи уақиғаларды баяндайтын жырларды, өлеңдер мен термелерді атауға болады.

Жыраулық өнерде осы жанрлар мен бейнелеу құралдарының поэтикалық, мазмұндық және тілдік, өрнектері үздіксіз дамып ұштала түсті.

Әдебиеттер

1 Сыдиықұлы Қ. Өмір өрнектері. Таңдамалы зерттеулері. – Алматы: Арыс, 2006. – 384 б. – Б. 117-118.
2 Омарұлы Б. Зар заман поэзиясы.Генезис, типология, поэтика. – Алматы: Білім, 2000. – 367 б. – Б. 70.
3 Әуезов М. Иса туралы // Байзақов И. Екі томдық таңдамалы шығармалар. 2-т. –Алматы: Жазушы, 1983. – 332. – Б. 81-83.
4 Тарақты А. Ауызша тарихнама // Қазақ.Жоғары оқу орны студенттеріне арналған оқу құралы. – Алматы: Білім. – 175 б. – Б. 31-47; Қазақтың ауызша тарихы. – Алматы, 2008. – 560 б. – Б. 15-16.
5 Мағауин М. Ғасырлар бедері. – Алматы: Жазушы, 1991. – 432 б. – Б. 232-244.
6 Нұрдәулетова Б. Көне күннің жыр күмбезі. – Алматы: Жазушы, 2007. – 496 б. – Б. 414-418.

References

1 Sidely. Patterns of life. Selected studies. – Almaty: Arys, 2006. – 384 S. – B. 117-118.
2 Omaruly B. Poetry ZAR Zaman.Genesis, typology, poetics. – Almaty:Bilim, 2000. – 367 S. – B. 70.
3 Auezov M. Jesus on // And Baizakov. Selected works in two volumes. 2. – Almaty: Zhazushy, 1983. – 332. – B. 81-83.
4 Tarakhty A. Oral Historiography // Textbook for students of higher educational institutions. – Almaty: Education. – 175 S. – B. 31-47; In oral history. – Almaty, 2008. – 560 S. – B. 15-16.
5 Magauin M. The relief of century. – Almaty: Zhazushy, 1991. – 432 p. – B. 232-244.
6 Nurdauletova B. The dome of the ancient name of the sun. – Almaty: Zhazushy, 2007. – 496 б. – B. 414-418.

Doganay Y., Guvercin S.

Teachers call for efficient classroom management

Being an average teacher does not mean only lecturing grammatical rules, getting the students to practice some certain structures, speech patterns and dialogues, and also evaluating the students by their performances and competencies. We think just these classroom activities and educational processes do not provide expected and required outputs unless the classroom management factors, parameters and concerns applied appropriately. If there is insufficient motivation, satisfactory teaching and learning do not occure. Especially first-year teachers' biggest problem is motivation of the students that we think is classroom management's main concern. An average teacher should keep the balance between tolerance and being over strict. It is mentioned in almost all resourses that teachers should acquire the required skills, knowledge and have the intuition about how to manage the class and teach the students to manage themselves. Being aware of the students' and teachers' roles not to cause problems appear in classroom management is crucial.

Key words: classroom management, students centered, teachers' centered, tolerance, discipline.

Доганай Я., Гуверджин С.

Мұғалімдер сыныпты әсерлі басқаруға шақырады

Бір мұғалім болу тек лекция оқып, грамматиканы түсіндіріп, студенттерге белгілі тапсырмалар беріп, соны орындағанына қарай тек баға қоюдан құралмайды. Біздің ойымызша, сыныпта өткізілетін бұл іс-шаралар тек сыныпты дұрыс басқару және дұрыс бағдар беру арқылы толықтай іске асып, біз күткен нәтижеге қол жеткізе аламыз. Егер де бұл жерде жеткіліксіз мотивация болса, білім беру мен білім алудан айтарлықтай пайда аз. Жаңадан мұғалім болып жатқандардың ең көп кездесетін қиыншылығы – сыныпты басқара алмау болып табылады. Тәжірибелі мұғалім болса тым қатал да болмай, тым жұмсақ та болмай ортасын ұстай алатын мұғалім. Барлық кітаптарда тәжірибелі мұғалімнің сипаттамасы ретінде көбінесе білім,белгілі қабілеттермен қоса, сыныпты басқара отырып өзін дұрыс ұстай білу қажеттілігі жазылған. Сыныпта мұғалім мен студент өз рөлін нық білсе, бұндай қиыншылықтар да кездеспейді.

Түйін сөздер: аудиториялық басқару, студенттер ортасында, оқытушылар ортасында, төзімділік, шәкірт.

Доганай Я., Гуверджин С.

Преподаватели призывают к продуктивным методам руководства классом

Преподаватель не только обьясняет грамматические правила, применяет на практике строение структур, языковых элементов, диалогов и оценивает студентов. Мы считаем, что данная деятельность в классе не оправдывает ожидания без правильных применений параметров руководства классом. При недостаточной мотивированности преподавание и обучение не обвенчаются успехом. В особенности, отсутствие мотивации у студентов первых курсов является одним из главных проблем руководства классом. Преподаватель сохраняет баланс между толерантностью и чрезмерной строгостью. Почти во всех источниках указано, что преподаватели должны обладать нужными навыками, знанием и интуицией при управлении классом, также обучении студентов самодисциплине. Если преподаватели и студенты достаточно осведомлены о своих ролях, возникновение такого рода проблем маловероятно.

Ключевые слова: классное руководство, студенты в центре, учительская по центру, толерантность, ученик.

© 2016 Al-Farabi Kazakh National University

UDC 371, 593

Doganay Y.[1], Guvercin S.[2],

[1]Assistant Prof. PhD, [2]Assistant Prof. PhD of Suleyman Demirel University, Almaty, Kazakhstan,
e-mail: selim.guvercin@sdu.edu.kz, yakup.doganay@sdu.edu.kz

TEACHERS CALL FOR EFFICIENT CLASSROOM MANAGEMENT

Introduction

We can not think of any sphere of life without management; time management, money magement, resourse management, education management, office mangement and etc. According to Lous and Miles management refers to 'Designing and carry out plans,getting things done, and working effectively with people [1]. To be successful and reach up to our plans, over come the problems we face in ur lives we should plan our lives, working ours, manage our time, money and put our works in order. Low and Golver say that each manager needs a pocket theory of management [2]. Management is a must especialy in our century to fulfill our duties. People should have mentality, approache, perspectives even strategy for planned lives. Classroom management is one of the mailstone factors in settling better learning environment and getting better results in education. Students are human beings, not benchbound listeners or computers to be installed/input all the planned and demanded knowledge and also to perform, produce or recall the outputs when required. Thus, all durations of management of classes are of crucal importance.

Classroom management is the ability of managing time, space, resource, students' roles and behaviours to provide a climate that encourages learning [3]. Students are human beings, sensitive effect each other, techers are no exceptions bringing lots of problems, anxieties, prejudices, expectations, fears to the classroom environment. So, in order to be effective teachers, they must be proactive, facilitative, imaginative classroom managers [4]. There is also a common idea that the better the teacher is the more successful the class is and the higher quality of teaching and learning instructions occure. Smith (1995) mentions that what makes a teacher good is the organization of a classroom and the tecniques involved rely heavily on the teaching style [5]. This is primarily concerned with the managment of pupils, students, classroom instructions and resources within the finite space of a classroom. Good teacher is able to raise pupils' self-esteem, develop a positive work methos without resorting to a punitive regime, praise rather than criticize and use pupils' enthusiasms and interests in a creative and positive way [6]. According to students what makes a good teacher are; kindness,

being patient, dealing with the students' problems in tolerable way and paying attention to them.

We think the ideal size of a language class is big enough for students have a variety of personalities, diverse intellectual styles to interact with, and not so big that you can't construct a community of learners. For various reasons teachers' classes are offen overcrowded. Therefore, teachers should know how to use and apply strategies that will allow and also help students to learn [7]. The following pages are a quick attempt at identifying the problems that overcrowding and heterogenety create both for teachers and students, and then we discuss different kinds of issues leading to their solutions. We think these comments can help the educators see some of the problems more clearly and remind them of creating and performing more successful, effective classroom activities and bettter results in education.

Classroom management profiles

There are many factors playing roles and influencing classroom management such as, teachers, students, calssroom size and design, number, types and levels of students. Among them we think that teachers, students and the nature and form of interactions play the main role in classroom management. In this paper we will discuss about the types of teachers in terms of classrom management styles, attitudes and reactions of the students to each managing type and style. Each teacher and instructor has his/her own way of managing the classes. But in general most of educators are not aware of actuality and reality of the scientific innovations in this field. It can be said that the teachers do know a bit about what appropriate techniques and methods are to be applied in depending on positions and times or do not give enough attention to them. Thus we believe that teachers should get the awareness of what they do to manage their classes. So we prefer presenting the classroom management profiles below first. Because we think that one of the most important factor in efficient and successful classroom management is classroom management profile depending on teacher type.

Authoritarian

The authoritarian teacher places strict limits and controls on the students. The desks are usually in straight rows and there are no deviations. Students must be in their seats at the beginning of class and they frequently remain there throughout the period. This teacher rarely gives hall passes or recognizes excused absences. Often, it is quiet. Students know they should not interrupt the teacher. Since verbal exchange and discussion are discouraged, the authoritarian's students do not have the opportunity to learn and/or practice communication skills. This teacher prefers vigorous discipline and expects swift obedience. Failure to obey the teacher usually result a trip to the principal's office. In this classroom, students need to follow directions and not ask why. At the extreme, the authoritarian teacher gives no indication that he\she cares for the students. Mr. Doe is a good example of an authoritarian teacher. His students receive praise and encouragement infrequently, if at all. Also, he makes no effort to organize activities such as field trips. He feels that these special events only distract the students from learning. After all, Mr. Doe believes that students need only listen to his lecture to gain the necessary knowledge. Students in this class are likely to be reluctant to initiate activity, since they may feel powerless. Mr. Doe tells the students what to do and when to do it. He makes all classroom decisions. Therefore, his style does little to increase achievement motivation or encourage the setting of personal goals.

One Middle-school pupil reacts to this teaching style: I don't really care for this teacher. He is really strict and doesn't seem to want to give his students a fair chance. He seems unfair, although that's just his way of getting his point across.

Authoritative

